Бұның бәрі жұмбақтың халық шығармасы есебінде әлі күнге қадірлі екенін көрсетеді. Оның тағы бір зор белгісі бізде Октябрь революциясынан бері қарай шыққан жұмбақтың санынан әсіресе айқын көрінеді.

Тіпті бүгінгі қала мен колхоз тіршілігінде көпке мәлім, көпке жәрдемші болған өнер туындысының аталмай қалғаны жоқ деуге де болады. Бұл жай жұмбақтың қазір де ерекше қаулап өсіп, молайып келе жатқанын көрсетеді.

Социалистік дәуірдегі советтік халық әдебиетін, фольклор түрлерін бұрынғыдан анағұрлым дамытып, өсіре түсетіндігіне бұл жұмбақтар мысалы өте бір айқын, даусыз айғақ.

Жоғарыда айтылған ғылымдық негізгі ерекшеліктерінен басқа, бізде жұмбақтардың өленді түрі көп. Бұл жай қазақ жұмбақтарының поэзиялық бітімін айрықша зор проблема ретінде зерттеп, талдауды қажет етеді.

Біз бұл жайдағы тексерулер мен қорытынды пікірлерді қазақ тіліндегі жұмбақтар көбірек жиылып, молырақ басылуымен қатар жүргізбекпіз.

Еңбектің осы екінші басылуына лайықты қосылған жаңа жұмбақтарды және айтыс жұмбақтар мен жұмбақтарды институттың ғылыми қызметкері Жанұзақов Телқожа² орындады. Материалды баспаға дайындау ісіне Сәрсеннің ұлы, институттың ғылыми қызметкері Аманжолов Алтай³ көмектесті.

ИСКРЕННЕЕ БОЛЬШОЕ СОРАДОВАНИЕ

Я, так же как и большинство товарищей, попытаюсь в известной мере суммировать свои мысли и чувства, которые навеяны в эти дни прочитанными книгами узбекских писателей, навеяны виденными спектаклями на сценах драматических театров. Повсюду мы наблюдаем, как узбекская литература проходит по этим дням, ступая хорошим широким шагом.

Позади, за плечами узбекской декады – XXI съезд партии, впереди – III съезд писателей Советского Союза, а на знамени этой декады значится: “Узбекская литература в борьбе за коммунизм”. И главное чувство, которое владеет всеми нами, – это искреннее большое сорадование за большую узбекскую литературу!

У истоков славной узбекской прозы стоял Айни, в 20-е годы появляется талантливый прозаик Абдулла Кадыри¹. Начиная с 1928 года я стал читать его произведения на узбекском языке.

Узбекская проза прошла трудный сорокалетний путь, и на этом пути есть отдельные этапы, которые момент за моментом закрепляют восшествие литературы на все более высокие ступени, ведут ее к прекрасным результатам, нацеливают на сегодняшний день. И “Сестры” Мухтарова², книга, получившая всесоюзное признание еще в прошлом году, и замечательная новелла “Птичка-невеличка”, и роман Хамида Гулямова “Светоч”, и роман Рашидова “Сильнее бури”, и многие другие произведения узбекской прозы, и девять романов, которые представили братья-писатели, связавшие свою творческую биографию, свои поиски жизненной задачи с нашей литературой, – все это говорит, что узбекская декада к III съезду писателей принесла очень многое, над чем нужно будет серьезно

подумать – и по поводу отдельных произведений, и в целом подумать. Эта литература представляет много интересного и разного в одной области художественной прозы.

Я прочитал два романа: “Сильнее бури” Рашидова и Кадырова³ “Три корня”. Оба романа, по их стремлению осмыслить в области художественного творчества нашу действительность, лежат в главном русле задач нашей советской литературы и являются лучшими достижениями узбекской литературы. В этом смысле это одновременно достижение и всех среднеазиатских литератур, всех братских литератур, вместе с тем всей нашей советской литературы. Эти два романа написаны на современную тему, и вместе с тем они разные и по-разному интересные.

Прежде всего хочу остановиться на романе Рашидова “Сильнее бури”.

Я думаю, что эта книга будет иметь свое продолжение, потому что героям ее, славным дочерям и сыновьям узбекского народа, задано их исторической судьбой, партией, народом жить долго, трудиться долго и идти к новым вершинам. Эти люди пойдут в семилетку. Они будут идти дальше, и в этом смысле Рашидов стоит на таком пути, что он имеет жизненную тему на большой отрезок своей творческой деятельности.

Это произведение все время будет идти в ногу с нашими днями, и я не сомневаюсь, что на каком-то году семилетки появится третья книга с Алимджаном.

И самое значительное в этом произведении то, что герои его – это люди, у которых большая жизнь и которые несут на себе большое знамение времени. Будут и теневые моменты, будут выдвигаться люди с ярко выраженными личными стремлениями и желаниями, но жизнь их будет нацеливать на все лучшее и светлое, к чему направлена деятельность социалистической узбекской нации.

Поэтому о книге “Сильнее бури” надо говорить, вспоминая “Победителей” и имея в виду еще одну или две книги. Ш. Рашидов – молодой, полный сил писатель, он прекрасно знает жизнь и тонко представляет себе исторические задачи, стоящие перед нашим обществом в различных его слоях.

И замечательно, что к этой декаде мы получили книги представителей различных поколений узбекских писателей, начиная от Айбека и кончая Абдуллою Каххаром. Идут новые писатели, у которых новая манера и новое воплощение жизненных принципов. Ш. Рашидов по своему возрасту относится к третьему, четвертому поколению узбекских писателей-прозаиков, считая от Садрриддина Айни. Впереди у него — бескрайние манящие дали, много достижений, поисков и вершин, на которые он должен подниматься, ставя перед собой все новые задачи.

В его произведениях два положительных персонажа. По своим мыслям, чувствам, психологии они очень интересны, и с первых же страниц книги вы их начинаете любить и понимать все моменты их душевных движений.

Но что еще хотелось бы? Хотелось бы, чтобы через такие образы художником были еще шире, еще больше раскрыты какие-то новые стороны жизни.

Говорят о национальной специфике, о традициях. Я считаю, правильно говорил Якименко, что национальный характер в наших произведениях — это главное, что выражает полнее, всестороннее, убедительнее особенности данного произведения, отражающего жизнь каждой из наших национальностей.

На киргизской декаде я говорил, что надо критикам и исследователям входить в психологию творчества автора, потому что национальный характер, созданный автором, каждый раз изменяется в связи с постоянной эволюцией творческой психологии самого автора. Поэтому для того, чтобы понять национальное в наших произведениях, надо говорить о национальных характерах, образах этих произведений, рожденных данной творческой личностью в данный момент творческого заряда. Творческая личность по-разному проявляется в разных романах. Вникая в особенности творческой психологии автора, мы, критики и исследователи, будем лучше понимать и национальные традиции.

Во имя того, чтобы вы воплотили весь ваш творческий талант, я бы хотел, чтобы в новых редакциях этих книг, когда говорится о главном, центральном персонаже, вы более широко раздвинули рамки выражения духовных качеств не

только героев книг, но и самих себя. Преобладающими красками у вас являются белая и черная — это естественно, но хотелось бы, чтобы были и другие краски при изображении того или другого персонажа.

Кроме прямых ощущений, мыслей, волевых устремлений есть у героев много оттенков душевного состояния, переходные состояния. Они выражаются у каждого человека по-разному; иной раз радостью, другой раз мечтой, третий раз улыбкой, смехом, четвертый раз слезами. Делая общее дело, они должны все же несколько по-разному и погрузить, и помечтать, и полюбоваться ночным пейзажем.

Национальный характер узбекского народа — солнечная жизнерадостность и народный юмор. Нужны улыбка, веселье. Сами эти герои могут иной раз пошутить, посмеяться от души. Могут быть и слезы и огорчения. Вот хотелось бы, чтобы такие краски были добавлены. В этом смысле надо сказать, что отрицательные персонажи обрисованы более ярко и живо, а вот что касается ведущих героев, которым предстоит пойти дальше, пройдя мимо всех Султановых, Кадыровых и т. п., с открытыми глазами встречая препятствия в пути при решении больших хозяйственно-политических задач, то надо дать большой простор для их души.

Они еще молодые и юные. И то, что говорил С. Липкин, я это тоже разделяю: дайте им возможность любить, огорчаться и мечтать! Тогда придут краски из вашей палитры художника, и хочется, чтобы ваша книга выросла до большого эпического полотна наших дней.

Здесь говорится об освоении целинных земель, об освоении пустыни, о всестороннем цветении, а цветам полагается иметь и аромат и свои краски.

Я вижу уже начальные моменты появления таких красок и от неба и от солнечной природы Узбекистана.

Я не знаю, но мне кажется, что Ш. Рашидов нашел большую золотоносную жилу, над которой ему надо работать, а нам, читая его произведения, надо только подбрасывать ему отдельные мысли, которые могут быть автором частично восприняты, частично переработаны. Но мне кажется, что здоровый отрадный голос нашей печати вокруг этой книги является заслуженным откликом уже на этом этапе создания большого полотна.

Другая книга, которую я прочитал, это книга Кадырова “Три корня”. Здесь А.А. Каравалева⁴ высказала некоторые полезные мысли, но мне кажется, что требовать того наполнения, какое она хотела бы получить со страниц этой книги, нельзя. Автор изображает мир студентов, а на заднем плане проходят представители старшего поколения, ученые.

Психология, мысли студентов, которых спаяло общее дело, или поиски молодого поэта — это все интересные моменты романа. Но требовать от автора показа общеполитической обстановки, тех или иных событий нельзя. Людские отношения любой среды развиваются в пределах своей среды. Если здесь будут участвовать представители райкома, райисполкома или научного центра Министерства просвещения, — это уже другая вещь. Ведь действие происходит в общежитии студентов и в аудиториях. Столько груза набросать сюда не так-то легко!

А в пределах того, что сделано автором, здесь много интересного. Я считаю, что роман будет хорошо встречен, особенно в республике. Здесь взято начало пятидесятых годов. Что происходило тогда с учеными: эти дискуссии среди историков об андижанском восстании — это все было в наших восточных республиках!..

Студенты, интеллигенция будут читать эту книгу с большим интересом, потому что здесь очень много взято жизненных линий, показаны разные характеры и, что самое интересное и ценное для меня в этой книге, — здесь люди с интеллектом, люди мыслящие. Герой с интеллектом, со своими мыслями относительно общественных явлений, относительно того, что происходит в эти дни, такой герой, как Акбаров, — это то ценное, что заложено в этой книге. Кроме того, здесь много образных выражений, мыслей. Один из персонажей говорит: “Человеческая душа как многострунный инструмент: какую струну обстоятельства жизни заденут, та струна зазвучит”. Как образно и вместе с тем философски формулируется состояние человека. Много хороших задатков в этом романе. О переводе здесь говорили, и я на этом останавливаться не буду. Эта книга о студентах национального вуза, о формирующейся новой

молодой советской интеллигенции очень ценна. Мне она очень понравилась.

Я в прошлом году Аскаду Мухтарову высказал свои мысли относительно его романа “Сестры”. “Сестры” — это замечательное, выдающееся произведение. Я думаю прочитать его в оригинале, и в предсъездовские дни мы с ним поговорим.

Хочу закончить тем, с чего я начал. Большое чувство сорадования, которое я высказал, — это чувство всех наших братьев-писателей Казахстана, ваших друзей, собратьев по перу.

От имени писателей Казахстана желаю вам продолжить вашу декаду и выслушать здесь очень много добрых, настоящих полезнейших советов, чтобы вы шагали еще дальше, создавая лучшие произведения вашей литературы.

(Речь была произнесена при обсуждении произведений узбекских писателей в дни декады в Москве.)

**Очерктер мен
жолжазбалар**



ОҢТҮСТІК САПАРЫНАН

I. Талап та, тақырып та тек мақта

Бұл сапармен Оңтүстік Қазақстан облысына аса бір қызу және қызулығымен қызықты, қайнар ыстық шақта барған едім. Облыс тіршілігінің әсерлі лебін ең алдымен Шымкенттің өзіндегі ұлы, мол тіршілік демінен-ақ сезерліктей. Облыстық партия комитетіне, облыстық атқару комитетіне, қалалық партия комитеті мен қалалық Совет басшыларының кабинеттеріне кірсең, ең алғаш тіл қатысып, жөн біліскен минуттардан бастап жаңағы айтылған бар облыс тіршілігін бір күйге, бір талапқа төндірген қауырт еңбек майданы атала, санала береді.

Әр кабинеттен нұсқалып жіберіліп жатқан басшылық талап, жігер сол бір жайды танертең де, түсте де, кеште де естірте береді. Облыс бір адамның үнімен бір ғана: “мақта”, “мақта теру”, “мақта жоспарын орындау” деген ұран шақырады.

Обком секретары ертелік сағаттарын дамыл алмай Шаян, Созақ, Түркістан, Түлкібас, Қаратас сияқты аудандармен алма-кезек сөйлесуге арнаған. Қажырлы талап сөздері, жаңа басталғалы отырған еңбек шабуылы екпінді онкүндік жайын баяндайды.

Биылғы жыл облыстың көп аудандарында мақта жетік, бітік шыққан. Алды ашылып та келе жатыр. Жинауына барлық жұртшылық жігері жұмылады. Екпінді онкүндік жарияланып, облыстың шартарабынан ер-азамат, жас жеткіншектерден бастап, ересек аға-апалар, қайраты күшті әке-шешелер болып түстік үш ауданға қарай лек-лек аттану керек.

Соғылған телефондар, ауызша берген нұсқаулар бәр-бәрі де алыс-жақын аудандар, қалалар, өндірістер – бар-

лығынан да топ-топ көмекшілерді арнаулы күнге түгелімен жеткізу қамында.

Қалалық Совет, қалалық партия комитетінің басшылары әр бөлек коллективтен лек-лек адам топтарын жіті, жедел жөнелту соңында.

Шымкентке алғаш келген күннен, күн ғана емес, ең алғашқы сағаттан сана-сезіміңе түгел жетіп, толған халық мүддесі енді қай жерге барсаң да көкейіңнен кетпестей. Өзінің мерзімді, салмақты ырғағымен еңбек күндерін кешіп келе жатқан қорғасын заводына барсаң, оның өзгеше өз дүние, тірлік әрекетінің бәр-бәрімен қатар, мақта бар цехтарда, қайнар қазандар жанында да еске алынып, тілге оралып жүреді. Мақтаға қорғасын заводы кімдерді, қалай жіберіп жатқанын және жіберетінін бас инженер Малкин де, партия ұйымы секретарының орынбасары Сапаев та айта жүреді. Өздерінің айлық, апталық, күнделік қам-қарекетімен қатар, облыс жұртшылығының мына бүгінгі талап-тілегі олардың сана-сезіміне де мықтап сіңгенін көресің.

Облыстың онкүндік серті – мақта теру жұмысын 50 процентке жеткізбек. Бар облыстың шарты, серті бар қорғасыншылардың да арманы болғанын аңдайсың. Дәл осындай күйді ұлы өндіріс ошақтары мол Шымкентте химфарм-заводта да, пресс-автомат заводында да, үлкен коллективі бар тоқыма фабрикасында да, көптеген коллективті, жаңадан құрылған, зор ұлы құрылыс цемент заводында да түгел танысың. Ұғып қана қоймайсың. Жұмылған жұртшылық аттанысының шын саналы екпінін, жігерлі арынын аңғарасың, сүйсіне сезесің.

Облыс орталығындағы екі жоғары дәрежелі оқу орны да барлық оқушы, оқытушы топтарымен түгел оңтүстікке қарай жол тартқан. Барша орта мектептердің ересек кластары және де тегіс жұмыла мақталы елге магниті тартқандай болып тұтас жөнеліскен.

Осылайша облыстың өзге аудандарына шықпай тұрып-ақ, әлі мақталы тақтаны, картаны, атводтарды, мол гектарлар квадраттарын көрмей тұрып-ақ бір Шымкенттің өз ішінде барлық тірлік ырғағы бір қалыпта толқи соға бастағанын сезесің. Мұндай қажырлы тірлік жігері жоғарыда айтылған мыңдаған, көп жүздеген коллективтер толқын

тынысынан бір танылса, партия, совет орындарының ой-жігер қызуынан онан сайын әсерлі сезіледі.

Әрбір жеке үй ішінің де жеке тірлігіне де осы ұлы аттаныстың айқын сезілетін жайлары мәлім. Кейбір үйлерден жұмысшы жастар, тағы бірінен студенттер, енді біреулерінен орта мектеп ересек кластарының ұл, қыздары аттанған. Сол себепті тіпті үйде қалған, пенсияда отырған қарт, кәрі ата-аналар да қайнар қызу күндерін өздері отырған бөлмелерінде, жатыс-жайларында, ас-су айналасында түгел сезінуде, ертеңді-кеш есте тұтуда.

Біздің де ендігі көңіл көзіміз сол екпінді онкүндік сертінің майданы болып жатқан мақталы аудандарда. Бірақ Шымкенттен шығып, облыс аудандарын аралауға беттегенде, біздің сапарымыз өзі де барған сайын қызуы, қызығы үдей, дами түскен кейбір оқиғалы шығарманың бітім-болмысы тәрізденді. Ең әуелі мақтасыз Шымкентте біз мақта ағымына жоғарыда саналғандай қосылдық та, одан әрі басқан сайын мақта жөніндегі қажырлы енбектің үдей берген арнасына түстік.

Тек әуелі біз мақта түгіл, бидайы жоқ, жалғыз жақсы жүгерісі бар, малы мол Шаян ауданына бардық. Одан Қаратау асып, Созақты араладық. Қаратауды қайта асып, Кентауға келдік. Содан Түркістанға жеткенше мақтаның өзін біз әлі көргеміз жоқ. Бұл өлкелерден мақтаны күткеніміз де жоқ. Шаян ауданының басшылары бізбен көрісер сәттен бастап, бізді аудандарынан аттандырғанша қысыла қамшыланып, тек қана мақта қамында болды. Олар обкомға берген уәделі күнге серттегі адам сандарын түгел аттандырып жеткізу үстінде.

Біз қаракөл қойлары жүз мыңдаған, әр совхозы өзіне бөлек-бөлек ен дүниенің еркін қожасы боп жатқан Созақ совхоздарында жүрдік. Қаратаудан құмға қарай асып, мақталы түстіктен шырқау алысқа кетсек те және мақта-мақта ұранынан, талабынан алыстағамыз жоқ.

Облыстық партия комитетінде, қасында отырып, өзіміз естіген жолдас Юсуповтың немесе осы науқан үстінде обкомда әзір көбінше жалғыз отыратын Бегімбетов Сәлім жолдастардың үндерін Қаратаудың терістігінде: Құмкент, Шолаққорған, Қызылкөл, Созақ, Бабата қыстақ, ауыл, совхоз жайларының бәр-бәрінде үздіксіз естіп жүргендей болдық.

Сол жолымызда, он-ақ жыл бойында көңіл мен көзді қызықтыра қуантқандай болып туған тамаша қала Кентау бар. Аз жыл ішінде бар көшесіне асфальт жайып, арық ағызып, жас еменнің тығыз қатарларын өсірген бұл қала қорғасын кенінің мол байлығы тудырған әсем қала! Бар болмысына, жайнаған жарастығына қарағанда, өнерлі, өскелең балғын қауым тірлігі көшесіндегі балғын өскен жас емен бейнесіндей. Өзге көрген аудан жайлардай Кентау жөніне де біз кейін арнай ораламыз. Әзірше жалғыз ғана ойға ала кетеріміз: қақпағы ашық сағаттың механизмі сияқты боп, өзі де сан алуан қайнар ырғағымен жүріп жатқан осы қала тірлігі жайшылықта және де мақтадан жырақ екені даусыз. Бірақ осы Кентаудан қай орынға барсаң да, мақталы оңтүстікке топтарын, лектерін, жас буын жеткіншектерін “жіберіп, жөнелтіп жатырмыз” деген үндер есітесіз. Сандар, ақпарлар аңғарасыз. Бұл қала халқы да жаңағы облыс жұртшылығы бар жігерін бір арнаға салған үлкен ағым ішінде. Сол бір үлкен өмір ырғағына қосыла соққан бір жүректей топ жүрегін, көп жүрегін сезесіз.

Енді бір кезек біздің сапарымыз алыстан атын көп естіген, көкейімізге мейлінше сіңген мақтаның өзіне оралды. Ол – облыс көлемінде маған әсіресе жақынырақ таныс Түркістан ауданы. Түркістан – мақталы аудандардың шеті. Облыс көлемінде сүбелі аудандардың бірі.

Сексен мың халқы бар, колхоздарының көбі ірі, адам басы мол және мақта егуде мол тәжірибе-тәсіл алған өскелең аудан, мұнда колхозшыларға көп көмегін, әр алуан күш-көмегін қосып отыратын қала, өндіріс орындары бар. Сексен мың жанның қырық мыңдайы қалалы, темір жолды, өндірісті орындарда еңбек етеді. Сондықтан өз мақтасы мол болса да, өз мұны, қам-қарекеті өзіне, басына аса жетерлік болса да, Түркістан ауданы өзге бұдан бұрын біз көрген аудандардан бөлекше екіұдай күй кешеді.

Ауданның тәжірибелі, салмақты секретары Қадірқұл Мәуленов пен іскер, жігерлі атқару комитеті председателі Сасбұқаев Әділ екеуі де әрі өз мақтасына күш-жігерді жұмылтып жүр. Әрі оңтүстіктегі мақталы аудандарға тағы да талай топ жандарды бөліп жіктеп, іріктеп жіберу әрекетімен әуреленуде. Ал ауданның өз ішіне, ісіне үңіле

түссен, мақталы далаларында қайнар қызу, қызған қызық еңбек жарысы көз де, көңіл де тартады.

Біз ең әуелі дәл осы күнге аудан бойында озып тұрған “Победа” колхозына келдік. Сонан соң “Коммуна” колхозына ауыстық. Алдыңғы колхоз басшылары “біз алдамыз” десе, “Коммунаның” бастығы Әбдірахманов Әбдіразақ: “дәл бүгін-ертең біз “Победа” колхозына жетеміз, қазір біз үшінші орында тұрғанмен, дәл бір күнде 6,5 процент алғалы отырмыз”, – деп күле отырып барынша сенімді күйде: “Бүгін “Победа” алда болса, екі күннен кейін алға біздің шыққанымызды есітесіз!” – дейді.

“Коммуна” колхозында атақты мақташы қыз Зүлпіш бар (Исминова Зүлпия). Ол жалпы норма сексен килограмм болғанда, кешегі күні 511 килограмм теріп, алты норманы бір өзі бір күнде беріп шықты. Зүлпіштің мақта теруі таңғалдырады. Қолдарының қозғалысы сонша шапшаң. Әрі өсіп тұрған мақтадан, әрі мақта жинайтын қапшығынан қолдары мүлде үзілмейді. Екі ғана қол емес, Зүлпіштің төрт-бес қолы бар тәрізді. Бейне бір индуизм, буддизмнің көп қолды құдайларының бәрі әрекет етіп жүр дерсің. Осындай өнерлі жігер бір Зүлпіште емес, көп жанда, барлығы Түркістанның бар колхозынан байқалса да, Әбдіразақтың сенімі мен арынында анық берік қанат бар. Ол дегеніндей, екі-үш күннен соң колхозының аудан бойынша алға шыққанын облыс жұртшылығына тегіс мәлім етуге жарады.

Осылайша мақталы ауданға кіре бере біз жарысып келе жатқан бәйгелердей қайнар жігер, ыстық қызу арнасына түстік. Аудан мен аудан жарысады, аудан ішінде колхоз бен совхоз үзеңгі қағысып, үздік-создық келе жатады. Колхоздар даласында бригадалар, сан Зүлпіштер бір күн емес, бір апта бойы саңлақтай самғап барады. Енді бір кезек оларды басқа тасқын жігер асқан еңбегімен, күштердің қайнар еңбек қызуы енді оңтүстікке қарай ауғанда одан да үдей түседі. Ыстық азарт лебімен тұла бойынды еліктіре шарпығандай бола береді.

Түркістанда біз ең алғашқы мақталы ауданға аралассақ та, оңтүстіктегі атақты мақталы үш ауданның сапары әлі алыс. Түркістаннан соң біз көрші аудан Шәуілдірге ауыстық. Бұл да өзгеше мол мал шаруасымен, жүгерісімен

нық мақтана алатын келісті аудан. Шәуілдірдің қаракөл қой сов-хозы “Темірде” тек қойдың өзінің саны жүз екі мың. Өзі таза қаракөл қойы. Мұнда әлденеше асыл текті түйенің де екі мыңға тартқан мол басы бар. Сондай өзіндік өзгешелігі бір ауданға мол жетерлік қан қазынасы бола тұра, атақты онкүндікке кірісер күндерде бұл аудан және де “мақта-мақта” деумен таңды атырып, кешті батырады.

“Темір” совхозының жас оқушылар, жұмысшы қызметкерлер қауымының бір араласқан мол бір жиылысында бұл ауданның партия комитетінің бірінші секретары Әшір Момынов жолдас сөз сөйлеп еді. Аудан жұртшылығына беделді, алғыр Әшір бұл жолғы сөзін және де бір ғана мақтаға арнады. Мақсат – тағы да оңтүстік аудандарға әлі кетіп, жетіп болмаған соңғы топтарды тез, тығыз жинау да жөнелту. Обком, облисполком басшылары енді оңтүстіктің өзіне барып тарап, бірі Жетісайдан, бірі Славянкадан, тағы бірі Бағарадан, Ильичевтен асыға, асықтыра күш-көмек шақыртып, құрастырып жатқанын есітеміз, сезінеміз.

Облыс басшылары қазір түгел оңтүстікте. Олар өздерімен қатар әр ауданнан, қалалардан, үлкен өндірістерден кейбір басшы қызметкерлерді қоса шақырып, өз топтарына қолма-қол басшылық етуге нұсқаған.

Осылайша алыс-жақын атыраптардың бәрімен оңтүстік аудандарға ағыла аттанып жатқан көмекші топтарды көре жүре, үлкен ағынды арнаға қоса түскен қалпымызда бір шақта, біз де сол оңтүстік аудандарға жеттік.

Ай бойына аттарын дамылсыз естіп келе жатқан мақталы үш ауданның өзіне келдік. Ильич, Киров, Мақтарал аудандары мәні-жөні бөлек: шөлді – шүлен еткен, жоқты – бар, болымсызды – мол еткен, біріне-бірі сай, бырыс өлкелері.

Алғашқы кеш біз дәл осы күндерде атақ-абыройы ең алдымен шығып тұрған “Үшінші Интернационал” колхозында болдық. Үш ауданның көп колхоз-совхоздарының бәйгесінде, осы бір кезеңінде, мақта жоспарын елден бұрын 100 процент толтырып отырған осы колхоз.

Бар мінезі ұстамды талай да талай ыстық-суық майданды кешіп өткен Алтынбеков Садық біздің құттықтай келген көңілімізге баяу қабақпен үн қатады. Оның мәні бар. Бар ауданның алдынан келген сәтін айтпақ болсақ, ол ең

алғашқы әзіл-әңгіменің өзінде-ақ соншалық қуана алмай, күйбең тартып тұрған дәл бүгінгі соңғы сағаттағы кірбең жайын айтады. Өз күйіне өзі ащы бір мысқылмен күле сөйлейді.

— Алдымен келуін келген едік. Обком секретары қуанып кеп құшақтай алып: “Айналайын, бар жаныммен құттықтаймын” деген-ақ еді. Бірақ сол қызығымыз бір-ақ күнге жетті. Келесі күні мақта теруде, құдай ұрып, жай күндердегі табысымыздың үштен біріне зорға ілініп қаппыз. Соған күйіп, қиналған аудандық партия комитетінің секретары Тасанбаев Егемқұл өзімді оңдырмай ұялтты. Аудан үшін де, біз үшін де күйгені сондай. “Сен партия алдында, бар өзіңе қымбатты барыңмен жауап берерлік халге жеттің. Кеше ғана өз жұртыңның алдында обком секретары соншалық алғысын айтқанда, бүгін өз бастарыңды сонша қор етерсіңдер ме!” дегенде, үн қатар шамам болмады, — дейді.

Осындай шыншыл көңілмен айтылар жайлар көп-ақ. Бір күн от, бір күн судай ыстық-суық жалын арасында жан қуаттарын, ар-жігерін бар шындарымен сарапқа салып жатқан жеке жандар, бригадалар, колхоздар, мол совхоздар көресің.

Біз Мырзашөлдің Оңтүстік Қазақстанға қараған ұзын өлкесін түгел шолдық. Бәрінде өнерлі еңбек тудырған: тоғайлы, сулы, мақталы, қалалы, қыстақты, берекелі, жемісті мәдениет орнатқан өлкелер танысың. Сол көгерген, жетіскен өлкенің бір шеті көне “Князь арығының” тұсындағы “Коммунизм” колхозының аймақтары. Бұл колхозда Мырзашөлдің қажырлы, қайсар колхоз ері, алпысқа жасы ілінсе де тұғырында балғын басып отырған Тәңірберген Жәйлібеков бар. Өнерлі өлкенің екінші шеті, дәл соңғы екі жарым жылдан бері кең, кемел, мол мүлікпен орнап жатқан атақты да безерген шөлдің бермесін алып, ұзақ жылдар қайрат-жігерін, ақыл-білімін үзбей жұмсаудан жазбай келген Арысланов Ахмед. Екеуі де жиырма-отыз жыл өмірлерін шөл шабуылына арнаған асыл жандар.

Осылайша, жеңілген шөлдің екі шетінде екі балғын босағадай боп Мырзашөл алыптары екі шаруа отыр. Сол өлкелер аралығында көп колхоздардың, бірнеше совхоздардың мақталы далалары жатыр. Олардың биік,

зәулім, тығыз өскен ағаш қоршауларының араларындағы квадраттары, атводтары, карталары барлық оңтүстік шартарапынан аттанып келген көмекшілерге және әсіресе осы колхоздардың, совхоздардың өздерінен шыққан мақта терушілер топтарына толы. Мұнда жалғыз облыс қана емес, Алматының да және тағы басқа көрші облыстардың да үлкен коллективтері жіберген көмекшілер лек-лек, тұман-тұман дегендей. Қауырт еңбек шағында Ильич ауданы мен Киров ауданының арасында жоспарды бұрын толтыру жолында күн санаған, сағат сайын алма-кезек тайталасқан, бөсеке жарыс бар. Әр аудан өз ішінде колхоз бен колхоз арасында, совхоз бен совхоз арасында және де ыстық жалын жанталаста.

Ильич аудандық партия комитеті секретары Социалистік Еңбек Ері Тасанбаев Егемқұл, аудандық атқару комитетінің председателі Әлжанов өз аудандарына тиісті “Заря коммунизма” колхозында тынымсыз еңбек күнінің соңында бізбен бір ұшырасты. Ленин атындағы совхозда Ахмед Арыслановпен кездескен сағатымызда, Егемқұл өз бетімен ол совхоз ісін барлай келіп, күндізгі еңбек сағаттарында тағы бір кездесті. Келер күні, атағы көпке мәлім, барлық мақта шаруашылығының ішіндегі ең табысты, ең ескі абыройлы совхоз “Мақтааралда” біз тағы ұшырастық. Бұл совхоздың дәл сол күндердегі ең табысты озғын бөлімі Держинский атындағы алтыншы бөлім болғандықтан, біз сол бөлімнің басшысы Социалистік Еңбек Ері Есентаев Нұрмағамбетпен жолығысқан сағаттарымызда Ильич аудандарының жоғарыда аталған іскер, қажырлы екі басшы азаматы бірге болған еді.

Бұл ауданда біз “Үшінші Интернационал” колхозын, “Путь коммунизма”, “Заря коммунизма”, “Амангелді” сияқты ірі колхоздарын және “Мақтаарал” мен “Ленин” совхозы сияқты бірі көне, бірі жаңа екі балғын-балғын совхоздарын аралап өттік. Мақта тергіш машинаның озғын шебері болып тұрған Морозов Владимирдің “СХС-1-2” машинасымен ең үлкен табыстар беріліп тұрған өнерлі еңбегін көрдік. Осы көргеннің бәрі бойынша көңілімізге сіңген, нық орнаған бір наным бар еді. Ильич ауданы бұл өлкеде биылғы жылы мақта жоспарын ең алдымен бітіреді, бітірмеске шара жоқ дегендей едік.

Кейін Киров ауданына ауысқанда тек қана цифрлар, проценттер, тонналар тілімен дәл деректерін салмақты, байыпты қып баяндаған аудандық партия комитетінің секретары Мұқатай Жармұхамбетов жолдас пен осы ауданға облыстан өкіл боп келген Жарқынбеков Қаржаубек жолдастар өз ауданының мығым күшін асқындай түскен табыстармен танытты.

Біз бұл күндердегі жүрісте ересек кластар балаларының мақта теру нормасын толтыру ғана емес, бірнеше есе арттыра атқарып жатқанын көрдік. Бір жерде Шымкенттегі қалалық атқару комитетінің председателі тынымсыз Айтқожиннің өзі де жүргенін есіттік. Шымкенттік коллективтердің мол-мол табысты еңбектер етіп жатқанын білдік. Сондай ретте қорғасын заводының, пресс-автомат заводының, педагогика институты коллективтерінің төстабандап тырысып, жұмыла қайрат көрсетіп жатқанын да көрдік. “Мақтаарал” совхозының Дзержинский бөлімінде бір тақтада, биік өскен мақталар арасында жондары мен бастары көрінер-көрінбес күйде жабыса тыртысып, табысты еңбек үшін қарысып жатқан Алматының Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің студенттерін де көрдік. Олар өздерінің оқытушылар тобының өкілі болған мені көргенде, төркіні алғаш келген жаңадан ұзатылған қыздардай жамырай жапырласты. Еңбек арасында сәл қабақ ашқан жадырау сәттер, еңбек жайларынан айтқан деректерімен бізді де сүйсіндірді. “Алдымыз 150 килограмға шейін теретін де болдық, төселіп қалдық. Дөңгелек есепке келгенде де көмекке келген ешбір коллективтен олқы емеспіз”, — дескен еді.

Үш ауданның өз колхоздарының, совхоздарының ересек кластар балалары ғана емес, тіпті алтыншы, жетінші класс балалары да сабақтарынан шығып, оқуларын әзірлеп алысымен, ойындарын тастап, омырау қалталарын ала сала, мақта тақталарына қарай жүгіреді. Осылайша көпте де, саны аз топта да, тіпті арнап алған міндеті болмаса да, өз беттерімен, өздігінен домалана жүгірген жас жеткіншек балаларда бір бағытта, қызу қалыпта толқыған баяғы бір еңбек екпін арнасынан сезесің. Бар жүрек пен санада, бар білекте партия мен Отан берген бір ғана бағытқа меңзеп, маңғыстай тартқан күрес бар.

Біз үш ауданды аралағанда қай аудан жеңерін, озырын өз бетімізбен байлап болжай алмай кеткен едік. Бірақ Кировшылардың сенімі басымырақ сезіліп еді.

Жолай біз аса қызық болашағы бар, ерекше аудан Сарыағашқа соқтық. Және басқа аудандардан бөлек, ерек тұрған Келес ауданын да жолшыбай сәл аралай қайттық. Дәл мақта жөнінде ол екі ауданның базары әлі көтеріле қойған жоқ еді. Бұл жарыста әлі бөйгелі шағы ашыла да қоймаған. Оны ашпай тұрған анық айқын себеп бар. Бұл аудандардың және Сайрамның біз жүрген шақта мақтасы ашылған жоқ-ты. Теру жұмысы сондықтан саябыр. Көсектер көп болып, толық болып көрінгенмен, ішіндегі мақтасын сараңыта сақтап, іркіп тұр.

Кейін біздің сапарымыз бар жарыс, бар ақпардың сарқылар сағасы – білгір қала Шымкентке қарай оралды. Мұнда жеткен күні ең әуелі Киров ауданы озып шыққанын естідік. Алғашқы онкүндікті елу ғана емес, елу екі процентке жеткізіп, облыс өзі де атаған жерінен шығыпты. Сонымен қатар Шымкенттен біз аттанар 11 октябрь күні бар облыс бойынша мақта теру жоспары 80,07 процентке жетіпті. Туысқан көршілес мақталы бір республика бұл күнге 66,33 процент, оның ең жақын көрші облысы 65,14 процентте жүр еді.

Шымкенттен жүрер шақта барлық көрген, білген жайлардың бәрін жия келе, облыстың мақтаға арнаған аттанысын аңдай отырып, ең соңғы бір ұшырасу үстінде, ең ал-ғашқы ой қорытқандай болыстық. Тегі, осы сөздің басынан бері қарай көрген-сезгеніміздің барлығын бір теңеумен түюге болғандай екен. Ол 924 мың жаны бар, жалпылай айтқанда, миллионға жуық халқы бар облыс образы – тұтас бір ғана алып бейне боп, бір зор импульс үстінде сезілуі жөнінде. Сол мол денеде ұдайы бір ырғақпен соғып тұрған қан тамырлар танысың. Кезіп, сезіп жүргеніңнің бәрінде, өз ықтиярыңнан тыс-ақ сол тамырларды бірде Шаян, бірде Шолаққорған, бірде Кентау, кейде “Ленин” совхозында көргенсің. Әр сәтте ыстық тірлік қаны сау денеде айнымаған жігерлі ырғақпен соғады. Біртұтас ұлы дене облыс болса, бір жері – қол, бір жері – аяқ, бір жері – бас болғанда, кей тұста күре тамырлар, кей жерде жан тамырлар, кей жерде жіңішке

нәзік жай тамырлар соға-соға береді. Ал сол мол денеге көп тамырлы қандардың бәрін таратып, бәрін жай-жайына өз ырғақтарымен соқтыра дем беріп жатқан бір жүрек бар. Ол жүрек – қайнар күшпен, ашық, айқын дәл ырғақпен соғып тұрған Отан жүрегі – партия жүрегі.

Осындай жайды ұғына келе жазушы есебінде өз басың және бір шындық теңеуді ойға аласың. Облыс еңбекші жұртшылығы көрсеткен еңбек пен жазушы біздің еңбегімізде сан алуан жақындық, тектестік байланыстармен қатар, бір айырмыс бар. Мақташы жұртшылығымыз, диқаншы еліміз мақта егеді де, мақта өсіріп алады; жүгері егіп, жүгері алады да, бидай егіп, бидай алады. Сол асыл жұртымыз өз еңбегімен біздің жанымызға жақсы мақта сортының, жақсы жүгері, бидай сорттарының ұрықтарын көміп, дөңдерін егеді. Үлгісін егеді. Ал жазушылықтың соған орай сәтті, шабытты шағы туа қалса, құба-құп. Бірақ, сонымен қатар, ащы шындықты атасақ, шығарушылық еңбегіміздің кейде ғарыптық, жарымжандық жайы тағы бар. Біздің сана мен сезімімізге халқымыздың өмірі мен еңбегі екен жақсы мақтасынан, жақсы бидайынан кейде мақта да, бидай да шыға алмай, тіпті жаман қапустаның өзі де өне алмай бықсып, бүксіп жататыны болады. Сондай бір шақ шындықты, ауыр шындықты әзілмен еске алыстық.

Содан әрі көңілге оралған ой көргеннен туған асыл армандай! Ол арман үлкені: шын шабыт туса, ол шабыт шығандап, шаққан тартып, ақты-бозды түріле кетер сәтін тапса. Сонда сауран көктің тобындай, шарқ ұра самғай шыққаны жай шабыт емес, жабайы жортақы шабыт та емес, анық бақытты шабыт, шырқау барған ырысты өріс болар еді-ау дегендейсің.

II. Қадімнен мәлім Қаратауда

Жамбыл облысы мен Оңтүстік Қазақстан облысының жапсарынан басталып, шығыстан батысқа қарай сұлай созылған қалың тау – Қаратау. Оңтүстік Қазақстан облысының Шаян, Түркістан аудандары Қаратаудың күңгей бетін – бауыр өлкесін алғанда, теріскей жағы – иен алысқа созылған Созақ ауданы. Қаратаудың түстік бөктерінде,

қойнауларында қалың қазыналы кендер жатыр. Байжансай тобы, Ащысай топтары, Мырғалымсай, Хантағы, Баялдыр бұл шақта Кентау дейтін асыл атқа ие болған.

Сәл бұрынғы шежіресін еске алсақ, бұл Қаратаудың басынан иісі қазақ баласына мәлім сонада кешкен бір “көш келетін”. Содан бері қарай Қаратаудың теріскейі мен түстігі аңыз-әңгімеге, дастан-хикаяға толы дерсіз.

Шаян мен Созақтағы ескі тұрғын әңгімешілер аңызы бойынша, Созақтан қазақтың үш жүзі тараған. Созақ ауданында Көкмұрын, Той деген қос төбеде қазақтың көп руларының тасқа шабылған таңбалары бар. Қаратаудың теріскейіндегі қадым заманда ойран болған көп қаланың бірі – Құмкент. Жаңағы аңыз бойынша, Көрұғлы өзінің асыранды батыр баласы Әуезханды осы Құмкенттен алып қашып алған. Сол Құмкенттің жанында, дәл бұл күнде “Құмкент” совхозының қасында Бабатүкті Шашты Әзіздің моласы тұр.

Аңыз емес, батыр жыры “Қобыланды”,
Мен кетсем сізді тастамас,
Қараспан тауын жайлаған
Қалың қыпшақ қарындас... –

дейтін Қараспан тауы осы – Қаратау.

Өз туған өлкесінің арғы-бергі шежіресін жақсы, бапты баяндайтын сельсовет бастығы Кенжеғұл Берденов тіпті Қарақасқа атты Қамбардың да тұлпарын жосылтып, құма-йын жүгіртіп, қыранын шүйген көлдері қазіргі Созақ ауданындағы Ақжар, Қаракөл, Үсіктас маңы дейді. Құмкент, Шолаққорған, Созақ, Саудакент (бүгінгі Сарысу ауданының орталығы Байқадамның ескі аты), Бабата, тағы сондай сан ата бәрі де, әулие-ишандардың мазарлары орнаса да, арғы көне замандардан, әр дәуірден келе жатқан кәрі кенттер екені даусыз. Сондықтан да қазақтың әлденеше батыр жырларының бірінің туған жері, бірінің соғыс салған, тағы бірінің мерзімді мекен еткен тұрағы осы Қаратаудың арғы-бергі беттері, сілемдері болады. Дәл кешегі күнде де Сұлуша қыз – “Сұрша қыздың” әнінде келетін “бірде қарлы, бірде қарсыз” Қаратау тағы осы. Сөйтіп, арғы аңыз, бергі әнімен қазақ халқы көп атаған Қаратау сол.

Ал бүгінгі Қаратауды біз, әрине, ескі аңызымен емес, бүгінгі бар бағалы маңызымен білеміз. Ол маңызы өзге аудандар мен өндіріс, қала, колхоздардың қатарында сүбелі орындар алатын әр аудан, әр колхоз, совхоз әр өндірісті қала өнері мен өндіретін нәр табысынан танылады. Осы жөнде алдыңғы мысал біздің жолымызда ең алдымен ұшырасқан Шаян ауданының өзі дейік. Шаянда шаруа негізі мал, әсіресе қаракөл қойы. Екінші дінгегі – өнімді мол жүгері.

Шаян – совхоз-колхоздары біркелкі, қатар өніп-өскен аудан. Бес совхоз, төрт колхозы бар. Колхоздарының әрқайсысы өзі бірнеше колхоздан бірігіп ірілеген. Әр колхозы өзі де мол совхозға барабар. Мысалы, ауданның ең ірі емес, орта колхозы “Алғабастың” өзін алсақ та, бұл колхоздың байыпты, мығым өнерлі бастығы Қарабасов Жұманның айтуынша, отыз бір мың қойы бар, мыңнан аса сиыры, жарым мыңдай жылқысы, екі жүзге тарта түйесі, шошқа, тауық, қояны да бар.

Совхоздарының қатарынан “Ленин” совхозы көптеген табысты кірісі бойынша одақтық бәйге алған. Аудан көп жерлерде тас қоралар салып, барлығы бір жылдың өзінде бір миллион сомға құрылыс жасаған. Аудан бойынша бес орта мектеп бар. Көп совхоздары мен колхоздарында жұмысшы шаруаларға үй салу шаралары аудан бастықтарының, совхоз, колхоз бастықтарының барынша зер салып, қатты қадағалап, қайта-қайта айтатын қамдары екенін есітесің. Аудан мәдениеті тірлік жолында күресуде екені күмәнсіз. Орталықта аурухана бар. Ауданның жиын шаруа ортасында дәрігерлік пункттер де жоқ емес. Бұл ауданды орталығымен түгел қинайтын – су, су... Шаянның суын бөгесе де, басқа не түрлі шара істесе де, аудан басшылығының әсіресе зер салатыны судың жайы екені үнемі есітетін әңгімең.

Бұл аудан көркемөнерді де көп қадірлейді. Шаян ауданының көркемөнерпаздар үйірмесі жасаған оркестр облыс бәйгесінде даңқ алып, бәйгеге ие болған. Күндізгі еңбек сағаттарынан кешкі сәл тыным алар сәтке ауысқанда Шаян ауданының екінші секретары Аманқұл, үшінші секретары Шәкірова Мұхлиса екеуі де көп әнді көрікті айта алатын өнерлерін көрсетеді. Сонымен қатар таң атып, еңбек күні бастала бере, әрине, бұлардың көңілі де, көздері де малдары мен егісті далаларында.

Бізді Шаян ауданының Қаратау бөктеріндегі “Алғабас” колхозына қарай шығарып салған Шәкірова Мұхлиса машина ішінде отырып әрдайым жайылған мал тобын көре бере, көзі шалған кемшіліктерін айта жөнеледі. Бір жерде қойды шаңдақ жерге иіріп қойған, тағы бір топ қойды мезгілден бұрын шаңды жолмен жақын пунктке айдап бара жатқан күйді көреді. Біресе қоралы қойды жайылыс өрістен ерте иіріп жатқан отарды байқайды. Сол жолда кездескен өрескелдік күйлер болса, бәрін де алғаш көргеннен-ақ аңдай сала айта бастайды. Мұхлиса өз мамандығы бойынша зоотехник. Сондықтан жұрттан бұрын көргіш, осы жердегі көргенін және елден бұрын айтып қалғыш. Сол мінезін ел де кейде аңдай қалып: “Маған райком секретары болып ойлайтын ойларымнан мамандық ойларым әрқашан бұрынырақ келеді”, – дейді.

Біз көргенде ауданда, бір шолып өткен шақтың өзінде, көзге де, көңілге де күйкі көрінген – мәдениет жайы. Әсіресе мектептер күйі. Шаянның өз орталығындағы қазақ орта мектебінде кітапханадағы бар кітап саны 1300 ғана дана екен. Бұл аудан орталығында өзге үлкен мәдениет орны жоқ. Мардымды кітапхана мектептен тыс жерде тағы да жоқ екені мәлім.

Ойлана қалсаң, орта мектепте оқитын баланың ертең кәметтік аттестат алатын тәрбиеші ортасы осы мектеп болғанда, сол кәметтік білімді бұл мектепті бітірген қазақ баласы қайдан алмақ? Оқушы, оқытушы барлығының білім алар талшығы – қоры 1300 дана ғана кітап болу орта мектеп атына қандайлық кедейлік, жұтаңдық! Сол сияқты бақташылар ауруларын емдейтін дәрігерлік орындар да орташадан әлдеқайда төмен жатыр. Аптека болса, онда, мысалы, антибиотик аталатын дәрілердің ең қажеттісі ұдайы жоқ болады екен.

Қажетті мамандығы бар дәрігерлердің де орнығып, байыздап тұрған жайы жоқ. Көбі екі жылға келіп, стипендия бойынша міндетті екі жылды ада қылып, азын-аулақ тәжірибе алады да, ауданды тастап, жол тарта береді екен. Осындай-осындай көңілсіз күйлер, Шаянда айқын олқылықтар орала берді.

Шаяннан соң Қаратау асып, Созаққа ауыстық, Түнде жүрмек болып ек. Кешке біз Қаратаудың “Алғабастан”

шыққан соңғы ел бөктерін басып, күнгей жағымен бірталай жүрдік. Әншейінде Қаратау тақыр тасты, қойнауы сусыз, сараң тау көрінуші еді. Ал әзірге біздің келе жатқан жолымызда әр белден ассаң, төскейден аққан бұлақ-бастау, сай бойы шалғынды көгал, бел-белестері құйқалы, шымы тұғас, тегіс түкті өлкелер, мал ырысы өңірлер екені айқын танылады.

Жыланды, Кіші Шаян, Үлкен Шаян, Көкбас өлкелері Қаратаудың өзге талай қымбат қасиеттерін білмей тұрып-ақ көз қуантып, көңіл сүйсіндіреді. Сонысына сүйінген елі Ақпамбетпен айтысқандағы Мәделі қожаның мына сөзін бүгін де айтады:

Жаужұмыры құмғандай,
Жесең көңілің тынғандай,
Осындай жерді жамандап,
Неден болдың қу маңдай.
Жуасы бар таяқтай,
Әр бұтаның түбінде
Еті жатыр табақтай... —

деп қоянына шейін бәйгеге қосқан.

Қаратау елі көне тауын көптен сүйеді. Құлмамбетпен айтысқанда Дулат Майкөт ақын да Қаратауға аузы тола сөйлейді.

Көкшеқұм деген жерім бар,
Жуасы бар таяқтай,
Қаратау деген жерім бар,
Алмасы бар аяқтай.
Осындай жерді жамандап,
Атаңа нәлет Құлмамбет,
Ақылын сенің қаяқта-ай, —

деген.

Бірақ сол жақсы Қаратаудың ішіне ымырт жабыла кіре бере, біз жаман адастық. Екі машина толы жеті-сегіз кісі түнде жолдан адасқанда қандай қауқөрік келеді. Анда-санда тоқтасып алып, екі машина бір араға бас қосып, шуласа кеңесеміз. Көбінше дауласамыз. Біреуіміз оң жаққа жүру керек десек, біреуіміз оған қарсы, сол жақты көрсетеміз. Менің көрмеген жерім. Ал менің қасымдағы ұдайы

сапарда айрылыспай тізе қосып жүрген жолдас достарым – “Оңтүстік Қазақстан” газетінің редакторы Әділбай Омаров, оңтүстіктің белгілі ақыны Омарбай Малқаров, әншейінде облыстың жай-жапсарын ақ тас пен көк тастай саралап айырып айтып бере алады. Өз облысын сондай жақсы білетін әзірліктеріне мен әрқашан сүйсіне таңғалатынымын. Бірақ, дегенмен, олар түн жүретін жылқышы, не машина жүргізетін шоферлар емес, қанша айтқанмен қаланың адамдары. Бұл күнге дейінгі ең білгіш достарым енді ең адасқақ достарым болып шықты. Ал адасқан адамға ашық аспанда “мен мұндалап” тұрған Темірқазықтың да түк септігі болмайды екен. Ол түнгі Темірқазық бір тарап емес, төрт тарапта бірдей тұрды. Біресе біздің маңдайымызда тұра тұрып, енді бір шақта он иығымызға шығады. Тағы бірде соған қарсы сол иығымызда отырып алады, тағы бір шақ болады, онда тіпті қыр желкемізге шықты. Бірақ бар адасуда әйтеуір толып жатқан шиыр жолдардың бірі болмаса біріне түсіп қаңғығанымыздан ақыр дегенде жарым түн адаса жүріп, түн ортасында ғана ел таптық. Бұл шақта біз Созақ ауданының шегіне ілінген екенбіз. Сұрастыра жүре кеп, көне Құмкент қаласының жанына, тарихтық ескі атпен орнаған “Құмкент” совхозына келген едік. Осыдан кейінгі бірнеше күнді біз Созақ ауданымен танысуға арнадық.

Жалпы, ауданның жайын аудандық партия комитетінің бірінші секретары Шәріп Құсманбетов, аудандық атқару комитеті председателінің орынбасары Елбергеновтен күндер бойы ұдайы естіп білуден басқа, өзге де әр сала шаруада, мәдениет орындарында еңбек еткен адамдардағы көп жайларды аңғардық.

“Құмкент” совхозының директоры, мамандық нағыз білімі бар Уәйда өз совхозының жайында әлденеше есте қалар жайлар баяндады. Бұл совхоздың өзге де Созақ совхоздарындай жас қана тарихы бар. Осы Құмкентке орнағанына үш-ақ жыл болса да, орталық усадьбада қазір екі жарым мыңдаған жан тұрады. Қой саны 66 мыңға жеткен. Тұқымы іріктеліп, таза қаракөлге айналған шаруа. Орталықта жұмысшы, малшы көпшілігіне арналып өңшең жаңа, жақсы үйлер салынған да, салынып та жатыр.

Ауданның атақ алған тәжірибелі, қымбат бағалы қарт шопандары бар. Бұл қатарда жасы 63-ке келген Сәрсенбай

Ерғазиевті, Тәжібай Күшікбаевты, жастардан Сәрсенбайдың баласы Атан Сәрсенбаев, Бақатаев, 100 сиырдан 100 бұзау алып, Одақтық көрмеге барып қайтқан Ысқақов сияқты мал шаруасына бейіл берген жақсы жастар көп.

Сәрсенбай шопан өзінің Атан дейтін баласына өз таяғын тапсырған. Сол Атан 100 саулықтан 123 қозы алған. “Күмкент” совхозында онжылдық мектеп бар. Кітап саны ойдағыдай болмаса да, Шаяндағыдай емес. Онда 1650 кітап бар. Алдағы уақытта, биылдың өзінде 2 мыңдай кітап аламыз десіп отыр.

Қойларын көбінше жайып бағатын бұл ауданның совхоздары ертеден бергі жер-суды пайдалану тәжірибелерін молынан ескеріп, барлық аудан жерін төрт маусымға бөліп, жайылыс қоныс етеді. Жайлауы – Қаратаудың жоны, Көсегенің көк жоны болғанда, қыс Мойынқұмда, көктемде тау бауырында, суық пен жылының арасында, күзеуі – құмның шеті кемержиек жағада болады. Мұндағы мал өсіруші оқыған мамандар мен өскелең тәжірибелі шопандар жақындағы құмдарының көбіне көп сенім артып, әрдайым жылы сөйлейді. Олардың айтуында құм құйқалы, жақын атырапта Қаракөл дейтін сан бөлек, тіпті жүздеген көл жатыр. Талас, Аса сулары солай құяды. Созақ шаруалары Сарысуды да пайдаланады. Құм ішіндегі шоқат, шабыр тәжірибелі шопандардың, зоотехниктердің бәріне дағдылы қыстауындай мәлім. Сырттан, алыстан қараған көзге тұлдыр көрінетін құмда шопандар санаса толып жатқан мал құты шөптер бар. Оларды шетінен шұбырта санағанда: еркек, жусан, жүзген, қандым, ебелек, көде, түйеқарын, изен, құртқашаш, жаужұмыр деп молайта береді. Арада баялыш, сексеуіл өзі бір алуан.

Тек Созақтың кейбір совхоздары мен Шаянның мал шаруашылығына өсім жағынан қатты батып жүрген бір орасан шығын бар. Ол әзірге емі табылмай жатқан секіртпе ауру – жыбырлақ. Ветеринарияда мұның атын – интротоксомия деп мамандар атын атағанмен, себебін де, емін де әлі күнге таппай жүр. Маман жағы мұны топырақтың ерекшелігінен десе, мал ішіндегі адамдар шөптен дейді. Әр өрісте осы індет жайы жиі-жиі сөз болады. Сонда біреуі қазақша осы “ылаң” емес пе десе, ол емес, ылаңда мал қалмайды деседі. “Топалаңнан көшкен құтылады” дегенмен, кей отарлар жиі-

жиі көшіп те көрген. Бірақ індет арылмай жүр. Бір тәуірі, Созақтың құм ішіне жақын отырған “Жуантөбе”, “Тасты” сияқты совхоздарында бұл індет жоқ.

Ол совхоздардың жайлауы да Арқаға қарай, Қарағанды облысына шейін шырқай барады. Бетпақты басып, Жетіқоңырға барып жайлау етеді. Шаруаның осындай иен өлкені, тау мен дала, қалың құм ішін еркінше пайдаланып жүргенін айта келе, бұл ауданның барлық шаруа мұңын өзгеше біліп, тыңдаушының құлағына есте қалдыра құя отыратын тәжірибелі секретарь, жолдас Құсманбетов Шәріп жалпы бір ой түйеді.

“Соңғы үш жылдың ішінде аудан көлеміндегі қой саны 170 мың болғанда, біз биыл ет тапсыруды ада қылғаннан соң, таза саны 333 мың қой өсіріп отырмыз. Жетіжылдықта қой санын 635 мыңға жеткізу міндетіміз. Осымен қатар ауданның мүмкіндігін алсақ, бірнеше қосымша жағдайларға жәрдем болса, мал басын бір миллионға жеткізер мүмкіндігіміз де бар”, – дейді. Сонда керектің керегі – су да су!.. Созақтың ұзақ жолдарында, суы азғана шөл далаларында Шәріптің қайта-қайта ауызға алатыны артезиан құдықтары. Бұл шаққа шейін аудан жұртшылығы сол үшін қатты зер салып алысуда. Құм ішінде 13 артезиан құдығын, жайша 5 құдық қазған. Дәл жақын шақтың өзінде 18 артезиан құдығы керек. Шу мен Бетпақ, Созақтың мал кіндігі боларлық иен ұзақ өлкелерін өнерлі, берекелі меңгеру үшін тереңнің сараң суын соза тарту шарт. Бұл жөнде аудан шаруашылығы бірнеше жерден плотина салып та жатыр. Құмкент плотинасы бар.

Тастақта құритын Қарабұлақтың суы бар. Шәріптің деректі қиялында: соған плотина жасап, ауданға қарай тартсақ, үш-төрт мың гектар жайылым даласы да болар еді. Ескі Құмкенттен Шолаққорғанға қарай көсіліп жатқан Мырзабай даласында бұрын түгел, мол егіндік болған екен деседі.

Құмкент пен Созақтың даласында, ескі лақап бойынша, бұрын қалың тоғайлы “түлей” болған екен деседі. Жабайы аңнан, орман сулы меңіреу өлкеден неше алуан аң атаулы өріп шығады екен. Жолбарысқа шейін болған дейді. Ауданды көгалдандыру арманы көкейін кескен Шәріп, осы аңыздардың бәрін де ертең Созақ далаларын көгертетін шаралар жасаудың есебіндей санайды.

Созақтың агрономы Балтабай, бас дәрігері Жақай Құсанбаев пен алдағы айлар, жылдарға өз совхозының көп құрылыс мүдделерін атап санайтын Уәйде — бәрі де Созақ жайын айтқанда бір қиындықты баса сөйлейді. Ол — қатынас, қатынас жайы. Мұнда қыста Қаратау асуларын қалың қар алып қалған шақта, бүкіл Созақ ауданы барлық дүниеден қатынасын үзіп, шарасыз болады. Алыстағы облыс орталығы Шымкент қана емес, тіпті Қаратаудың арғы бөктеріндегі Кентау, Ащысайларға да қатынасуы мүшкіл.

Созақ жолдарымен жүргенде жалпы бұл ауданда, керек десе, бір километр бойында мәдениетті жолдың иісін де білмейсің. Біраз жерде жол түземек боп бұрынғы өз жолдарын бұзып, дағдылы жол бойындағы сылбырлыққа салып, бастап тұрып тастап кеткен, жол түзерлік емес, “жол бұзарлық” жайлар көресің. Созақтың су жағынан, жол қатынасы жағынан облыс орталығына жырақтық, шетшалғай жайына қарағанда, облыс басшыларының, тіпті республика орталығының да аса көңіл бөлерлік, қиындығы көп аудан.

Бірақ соған қарамай, аудан орталығы Шолаққорғанда көз сүйсіндіріп, көңіл жұбатарлық әлденеше жақсы күйлер көресің. Мысалы, мұндағы аурухана қай аудан болса да мақтан етерлік. Осы ауданның өзінен шығып, өзіне қайтқан бас дәрігер Жақан Құсанбаев бастаған тоғыз дәрігер бар. Аурулардың жататын орны елу төсек. Аурухананың рентген кабинеті, жақсы емханасы, жұқпалы аурулар корпусы бөлек-бөлек орнаған. Аурухана жайын айта келе аудан азаматтары осы аурухананы Нұртас Ондасынов өзі келіп-кеткеннен кейін, осындай қып салғызуды жәрдем етіп еді деп, оның атын алғыспен еске алады. Өте түсінікті хал. Мысалы, өзге басшы азаматтар да, айталық Оқу, Мәдениет министрлері, әсіресе Денсаулық сақтау министрі, жолдас Шәріпов Әди, Қанапин Әмір, Қарынбаев Сibaғат өздері көздерімен Созақтың, Шаянның, Келестің, Шәуілдірдің мектептерін, мәдениет орындарын, ауруханаларын көріп қайтса, жаңағы Нұртастың келіп-кетісіндей игілікті іс қылса, халықтан қандай алғыс алысар еді.

Созақтың мектебін көргенде де көңіл көншігендей боласың. Мұнда 850 бала оқығанда, биыл 98 қазақ жастары

бітірген. Соның жиырмасы биылдың өзінде жоғары оқу орындарына орналасқан. Шолаққорғанда аудандық кітапхана тіпті жақсы. Оның қоры –11-12 мың кітап болады. Мектептің өзінде де 5 мыңға жуық кітап бар. Аудан орталығы – Шолаққорғанда арнаулы асхана, бапты боп салынған нанхана, жастар үшін арнаулы футбол, би майданшасы және қалалық парк бар.

Ауданның жұмысшы қайраткерлерінің көпшілігі мал басындағы шопандар болғандықтан, облыстық профсовет көмегімен аудандық партия комитеті, атқару комитеті зер салып жүріп, өткен жазда Қаратаудың қалың ортасындағы мол тоғайлы, жемісті “Балықшы әулие” атанған мөлдір бұлақ басына шопандардың демалыс үйін құрған. Ол да әлі көбінше киіз үйлі демалыс жайы болғандықтан, Созақтың жолдарындай, ауыр қатынасындай, артезиан құдықтар қамындай көмек, тілек етеді.

Бірақ кейбір істі қалай аяқтағанынан ғана емес, қалайша бастағанынан да бағалау керек деген Абай айтқан бір нақыл бар еді. Соған бағып біз жағдайы ауыр Созақта қиынды, қиынсызды жеңе бастаған қажырлы, табанды талай жақсы бастамалар көрдік.

Көп жағынан көңілдегідей көгеріп қалған Қаратаудың бұл беттері, көне өңірі жақын шақта мемлекеттік көп көңілді аударатын жарқын шаққа жетеріне күмән жоқ.

III. Қаратау тәжі – Кентау

Біз Кентауға Балықшыдағы шопандар демалыс үйінен шығып, Қаратаудың қалың қатпарын аралай отырып жеткен едік. Қаратаудың біздің бұл жолымыздағы асуы жолшыбай өлденеше бұлақ-бастау, тау өзендерін, көп қоныс қойнау, жеке биік жоталар, қырқаларын басып өтеді.

Қаратаудың іші-тысын, бар жерін жақсы білетін “Созақ” совхозының агрономы Балтабайға осы өңірдегі Қаратаудың Кентауға шейін кездесетін көріністерін айтқызып ек. Ол санаған жер аттары өзі бір шежіредей. Бұл жолда кезігетіндер: Көктөбе, Ақтөбе, Ақназар, Сананың сазы, Қызтөккен (бұл бір қыз, бір жігіттің өлімін баяндайтын аңызбен байланысты жер), содан әрі Балықшы әулие, Бөкенбай әулие, Күлметей әулие (аттарына қарағанда,

бір дәуірде Қаратауды кернеген ишан-пірлердің, қожамолданың қарапайым қазақтан да қас әулиелер жасап жүргендерін танытады), тағы да жолдағы жерлер аттарын атасақ, Бөжінің белі, Жамантас, Мүзбел, Қоғашық өзені, Көксарай (Қойтас) боп саналады да, содан әрі қарай Түркістан ауданына кететін еңіс, бөктер басталады.

Бұл аталған жерлердің көбінде өзен мен бұлақты бойлаған ағаш кездесіп отырады. Ертерек кездерде қалың-қалың тоғайлар болғанын танытатын нелер зәулім биік, кең саялы түп-түп ағаштар кездеседі.

“Қызтөккен” сияқты ерте күндерде ел жастарының бастарынан кешкен қазалы күйлерді аңғартатын өзгеше аттар да ұшырап отырады. Сол жөнде Қаратаудың теріскей жақ бетінде шұбатылған қырқа тас бар. Ол ұзақ салқар түйелі кешті бейнелейтін “Келіншек” аталған тау-тас. Аңыз бойынша, көп түйелі отауын, жасау-жабдығын ұзын керуен етіп, артып-тартып көшін өзі бастап келе жатқан жас келін ата қарғысымен тылсым буып, тас боп қалған деседі. Қаратаудың бұл тұсы “Келіншек” аталатын себебін Созақтың жазылмаған шежіресі солай баяндайды.

Таудан шығып, күнгеі жақ бөктерді әрі жайсыз, қалың шанды, қиын жолмен көп кезе отырып, түс ауған шақта біз Кентауға кеп кіріп едік.

Қаланың біз кірген шетінен бастап-ақ, асфальт көше кездесті де, қалай бұрылсақ та, бар көшесі біркелкі тек асфальт қана жайылған шаң-тозаңсыз боп шықты. Қалың жас ағашты, сылдыраған таза сулы, өңшең тастан салынған екі-үш қабат әсем қатарлы жақсы кварталдар тізіле берді. Барлық үйлердің терезе алды оюлы, жақсы өрнекті бояулы шарбақтар. Қала үлкен. Көшелердің оқтай түзу қатарлары ұзақ-ұзақ.

Біз қалалық партия комитетінің үйін іздеумен көп көшелерді, сан кварталдарды аралап шықтық. Ұзақ жолдан шаң басып келген машинада үстері ұйпаланған, шаңданған жолаушылар әрдайым мәдениетті, жақсы көшелі қалаға кеп кіргенде, өз-өзінен қысылу, қымсыну болады.

Бүгін біз Кентау көшелерінде көп жүрген шақтың өзінде сол адасу үстінде мына қала көрінісіне, көркіне сүйсінгеннен еріксіз мақтай бастадық. Бар тарихы он-ақ жыл болса да, Ащысайды қосқанда 48 мың халқы болып,

ертегідей екпіндеп өскен осы қала екенін еститұғынбыз. Бірақ ең алғашқы жолай көрудің өзінде көріктене оралған қала паркі, ішіндегі фонтаны, бассейні, кинотеатр, лекторий, әдемі мектептер, архитектуралық әп-әсем стильмен салынған үйлері, ұқыпты, тап-таза тұрғын үйлер, жас ағаш саясында жайғасқан жаңа жайлар. Жас қала болса да, балғын, жақсы көрікпен жайғасқан жұрттың қадірлі, мол мекенін айқын танытады.

Өзіміз ыстық күннен шөліркеп, шалдығып, өз-өзімізден, басы-көзімізден тітіркене жүрсек те, мына қалаға қуана қызыққанымыз соншалық, ырзалық әзілмен: “қолың жетсе қорғасын тап”, – десеміз. “Кені байдың – елі бай” Ащысай, Мырғалымсай, тағы талай қазыналы сай мен таулар осындай әсем Кентауды тудырған.

Қаратау дәл Кентаудың тұсында мәңгі-бақи заманнан қойны-бауырына іріккен қан қазынасын қызықтыра ашып жайып, сарапқа салып: “мен мына осындай сыр-сипатта да бола аламын!” деп тұрғандай.

Сонда арғы-бергі замандарда болып өтті деген Саудакент, Құмкент, тағы әлденеше “кенттердің” бәрінің дәуірін өткен-кеткен аңызға айналдырған қиялдың біздің социалистік алтын дәуірімізде ақталған арманы – осы өскелең қаланың өзіндей.

Қаратау мұнда өзінің бар мүмкіндігін, бұрын түсіне кірмеген болашағын бүгін жарқын жарастығымен жасара тапқандай. Қаратаудың қойын-қойнауында, Кентаудың басқа да сай-сала сілемінде Ащысай, Байжансай сияқты шынайы бай кенттер бар. Және де Қаратаудың Жамбыл облысына қараған бір жамбасында, о да өзгеше жайнаған жас қала – Шолақтау бар. Кентау сол аталған мол қазыналы кендер үстіне орнағаннан кейін туса да, кемеліне келген қызықты қала.

Біз бет-басымызды шаң-тозаңнан арылтып ала сала, тыным алмай қаланы аралауға кірістік. Қызықты қала сағат сайын сән-сырымен ыстық тарта берді.

Мезгіл кешкірсе де, біз бар көшесі жарқырап тұрған қаланың көз тартар бірнеше қызықты орындарын аралап кеттік. Ең алдымен Пионерлер үйіне келген едік. Бұл анық, толық “сарай” деп айтуға келетін көркем жай. Өзінің ішінде балаларға музыка үйрететін класс, залы да бар.

Көптен атын естігенмен, анық жақсы жайғасқан калпын көре қоймаған, біздің Отан кейінгі дәуірде зор көңіл бөліп, жыл санап көбейте жасап келе жатқан мектеп-интернат та Кентауда кең жайғасқан екен. Қазақ балаларына арналған интернат алдымен ашылған. Биыл орыс балаларына арналған бөлегі жаңадан ашылып жатыр. Қазақ балаларының интернатына маңайдағы мал өсірген аудандардың колхоз, совхоздарында жырақ тауда, құмда, қырда жүрген шопандардың балалары бәрінен көп алынған.

Біз сол жас балалардың жатар алдында жуынып, үй ішілік жұпыны ғана киімдер киіп жүрген кезінде келіп ек. Олар, тегі, қонақты таңертеңдер, өздерінің формаларын киіп қабылдайды екен. Әр класта екі-екі тәрбиеші-апалар бізді, балалардың қонақ құтпеген жайларын айта отырып қабылдаған еді.

Өңдері күйлі, жүздері көңілді, томпаңдаған кішкене ұл мен қыздар көктемде айқын ажарлары көз тартатын қозы-лақтай ыстық тартады. Интернаттың да жоғары класс ересек балалары мақта теруге кеткен. Бізге кездескен директор Бапиев бастап интернаттың барлық оқытушы-тәрбиешілері сырт-ажар, ішкі білім-нәр, үлгі-өнеге жағынан өз міндеттеріне аса жауапты қарайтын адамдар тәрізденді. Әрине, мектеп-интернат тәрбиешісі деген – аса зор жауапты проффессия. Ол балабақшасының “апайы” да емес, оқытушы да емес, өзіне мүлде бөлек міндет артылатын пансион-ана, пансион-ата болмақ шарт. Жалғыз Кентау емес, әлі бар Қазақстан, тіпті бір Одақ ұлы Отанда да біз сол интернат тәрбиешілерінің жолы, жөні бөлек-ерек мамандығын өсіріп болғамыз жоқ. Бұл жөнінде Кентау интернатын бағушы, баптаушы адамдар, орындар көп-көп зер сала жүру шарт. Мектеп интернат тәрбиешісі, ең алдымен, мейірлі ана да ата, зор үлгілі ұстаз. Сондай ұлы адамгершілік шартқа жауап ұғарлық тәрбиешіні тәрбиелеп өсіруіміз міндет.

Сол күні кешке біз биыл ғана бітіп, енді оқушыларын күтіп тұрған, ең жаңа үлгіде салынған орта мектеп үйін көрдік. Орыс тіліндегі бұл мектеп бар ұлттар балаларын тәрбиелейді. Мектеп қорасының іші, арнаулы газоннан басқа алаңдарында, түгел асфальтталған. Мектеп ауласының айналасы түгел темір бетоннан балғын етіп оюлап салын-

ған, биікше көркем қоршаулар. Ал мектептің өз ішінде жас балалар кластарына аналарының ұқыпты қамқор қолымен әкеліп қойылған үлкен құмыралардағы гүлдер. Реңі жаңаша тап-таза парталардың үстіне сол аналар жұп-жұқа, жеңіл клеенкалар жайған. Әр кластың ішінде аспаптар қоятын жаппалы шкафтар. Класс бас сайын кранды қол жуғыш. Бұл мектептің астыңғы қатарында механикалық мастерской, қол еңбегі кластары жайғасқан. Үсте өзгеше биік, кең, бапты етіп салынған спорт залы. Оқушылар ыстық тамақ ішетін асхана, бөлекше тап-таза буфет жайы да келісті.

Ал оқу кабинеттерінен физика кабинеті, биология, химия кабинеттері, кітапхана жайлары тегіс барынша, керегінше мол жабдықталған, қаланың қандай орта мектеп оқытушысы болса да қуана қиялдайтын, қызғана сүйсінетін анық армансыз жақсы жайғасқан мектеп.

Кентаудың мектеп мәдениет құрылысы партиялық, үлкен қамқорлық ойлардан туған үлкен программаны танытады. Қала аталары интернационалдық тәрбиенің шарттарын айқын әділ негізділікпен ойлап бастаған, бағыттаған. Дәл жаңағы біз суреттеген мектептей ең бірінші жаңа үлгілі мектеп үйі былтырғы жылы салынған екен. Онда Алтынсарин атындағы қазақ орта мектебі ашылған.

Облыс орталығы Шымкент қана емес, Қазақстанның өнерлі үлкен астанасы Алматының өзінде де дәл осындай, Алтынсарин атындағы мектептей қазақ мектебін көрген емеспіз.

Мектептер жөнінде көңіл ойынды тағы бір қатты сүйсіндіретін жай аңдадық. Кентаудағы орысша орта мектептің біреуі Абай атында болғанда, қазақша екі орта мектеп Пушкин мен Горький атында. Алтынсарин атындағы мектептің директоры Бақтияров Аппақша мен аудандық оқу бөлімінің бастығы Райымқұлов Төлеген елдің бар оқытушы – тәрбиеші топтарымен Ташкентте, Алматыда жоғары дәрежелі оқу бітірген, шын мәдениетті тәрбиешілер, бақытты балалар, жеткіншектер атаулының анық міндетіне сай, үлгілі оқытушылар екені байқалады.

Келген күні кеш бойы, ертеңіне күн бойы аралағанда біз Кентаудың әрі балғын, әрі көрікті, үлгілі құрылыс қалпына тоя алмадық. Осының бәрі он-ақ жыл ішінде өнерлі, қажырлы қолдармен жасалғаны әсіресе өзгеше.

Өндірісті Кентауды біз қалалық партия комитетінің бірінші секретары Зенков Александр Ильичтің бастауымен араладық. Жалпы қала қалпын, көшелер аралағанда екінші секретарь Тілеубердиев Ыдырыспен жүрген едік.

Біз Кентаудың өзіндегі үлкен құрылысты байыту фабрикасынан бастап, компрессорлық және экскаватор заво-дын аралап шықтық. Кентаудың мол бөліктері саналатын Байылдыр және әсіресе Хантағы тәрізді қосымша қала дерлік үлкен бөлімдерін көрдік.

Хантағыда су электр станциясы, киім тігу фабрикасы, Мәдениет үйі, Пушкин атындағы қазақ мектебі бар.

Кентаудың жас қала қалпын Зенков: “Бұл бүгінгі көрінісі ғана! Шынымен мол жоспарға қарасақ, қаланың өсуі әлі алда, жақын жылдарда болады”, – деп, бізді қаланың күнбатыс жақ шетіндегі 49-шы, 50-ші кварталдар деп аталатын күрделі үлкен құрылыстарға алып келді. Осы жақтарда жоспарлы ретпен қатар-қатар салынып болған, салынып жатқан жеке үйлер де өте көп. Бұл Кентаудағы жұмысшылардың, қызметкерлердің, мамандардың өз үйлері.

Ол үйлердің барлығы шатырлы, терезе алдарына тегіс шарбақты ағаш өсірген, қораларына үзім тіккен. Шынылы террасаларында қазақтың алаша, кілем, шағын дүние көрпелері жайылып, жаңа үй иелері кімдер екенін аңдатып тұрған көріністер жиі ұшырайды. Әдетте, өздері мен малдарын қоса жайғастыра жүретін қазақ колхозшы, жұмысшыларының үйлерінде бау-бақша аз болатыны белгілі десек те, Кентаудағы қазақ жұмысшыларының үй-жайлары көңіл ашар, қалың көкке бөленген.

Кентаушылар әлі қаланы салып болдық демейді. Қала халқының жақын шақтағы мықты мүддесі Қаратаудың сусыз бөктеріне орнаған көлемді Кентауға енді ойдағыдай үлкен де терең, мөлдір сулы көл салмақшы.

Хантағы сияқты, Кентаудың ертерек орнаған бөлімінің бір мол жағында туысқан көп ұлттар кварталдары аралас тұр. Мұнда қазақ тұрғындары салған көп темір шатырлы үйлер кварталдарымен жалғас шиферлі азербайжан, түріктер, чечендердің де көп үйлерінің топтары бар.

Зенков Кентауда жиырма жеті ұлт бар дейді. Бірақ бар тірлігі айнымас қажырлы еңбек, өнерлі, тауанды еңбек

ырғағына мағыналы күйде бағынған бұл дөңгелек қаланың бар халқының арасында ынтымақты татулық, тәртіпті, ұстамды тәрбиелік бар.

Күндізгі, кешкі шақтардың қайсысында болса да тәртіп бұзып ұрысып, қағысқан, ішкен, ләйліген, шырық бұзар жандар көзге түспейді. Тап-таза қалада сау сергек өмір тынысы танылады. Көшелерде, әрбір үлкен өнерлі қалалардың орталық көшелеріндегідей, жақсы, сыпайы киінген еркек, әйел, жас-кәрі, бала атаулының беті-жүзі байқалады.

Әр үй алдында бойлап орнаған әсем шарбақтар ішінде гүл газондары, арнаулы гүл алаңдары, гүл бағы бар. Бұл қалада “Дружба” атты, еңсесі биік сұлу салтанатпен салынған кинотеатр – қандайлық үлкен қаланың болса да орталық алаңын көркейтуге тұрарлық сән сарайы. Осындайлық шартарабы түгелдей сәтті жайғасқан жас қаланың көшесіндегі, күле қараған гүл бағының көркіндей, қала халқы қауымының да жас нәсіл қауымындай ажары бар.

Осы қаладағы өз жағдайларына мейлінше ырза инженер, партия, совет қызметкерлері, оқытушылар, үлкенді-кішілі оқушылар, үй шаруасының иелері, ата-ана – бәрі тегіс Кентаудағы қазіргі тіршіліктеріне анық қалтқысыз ырзалық айтысады.

Өзі Ташкентте оқу бітірген мұғалім, немесе күйеуі Мырғалымсайда инженерлік ететін, жасынан Ташкентте өскен жас ана, биыл ғана Алматының мемлекеттік университетін бітіріпті, оқу-тәрбие орнының табалдырығынан енді өзі тәрбиеші болатын өмірге қарай аттанған жас оқытушы қыз – бәрі-бәрі де Кентауға сүйсіне сөйледі.

– Мен Алматыда өстім, бірақ Кентауға келгеніме соншалық ырзамын!

– Мен Ташкентте өстім, бірақ Кентау маған Ташкенттен де артық ұнайды! – деседі.

Бұл алуандас жас қайраткерлердің, жар-жолдас жастардың ән-сауығы да сезімді сұлу, сыршыл ырғақты әндерді талғап тыңдайды.

Кентаудың болашағы, Қаратау кенінің көпшілігіндей, алдағы көп көрікті өнерлі күйлерге жете беретініне, ерлей беретініне күмән жоқ. Соншалық сүйсіндірген Кентауды біз бар қазыналы Қаратаудың тағы десек, Созақ, Шаян,

Түркістан орталықтары қызғана қоймас. Ұлы Отанның әкелік өнерлі қамқорлығы шөл белдерге он-ақ жыл ішінде өкеп орнатқан Кентауға ой-қиялың көп-көп оралады.

Сондықтан мен болашақ күндерде Оңтүстік жайынан роман жазар болсам, ең қымбат жас геройларым бірін-бірі ең алғаш сүйгенде осы Кентауда сүйсін дер едім.

IV. Баға жетпес қасиеттер жайында

Басқа көп еңбек майдандарындай, мал айналасындағы еңбектің де анық үлкен геройлықты, қажымас қажыр қайратты, қала берсе, отаншыл зор азаматтық сананы талап ететін талай қысталаң қиын шақтары болады. Осындай ойдың өте айқын бір мысалдарын біз Шәуілдір ауданында еске көбірек алдық. Оның себебі Шәуілдірдегі барлық шаруа тірлігінің ең маңызды салмағы малға арналған. Оның үстіне, Шәуілдір өлкесінде күз бен қыс маусымында, кейде тіпті жазда да мал басындағы адамдарды қатты қиын бейнетке салатын құтырған дауыл, қатты қырсық жел болады.

Мұны Арыстанды Қарабастың желі, біресе Қаратаудың арғы-бергі алыс жон-жоталарын қыдырыстай, үзілмей орай соғатын қара дауыл, қайсар жел дейді.

Шәуілдір үстінде бұл нақты дауыл кей кездерде күндер бойы, тіпті апталар бойы азынай соғатыны болады. Осындай адам мен мал пәлесі жайын, дүлей соққынынан туған талай ерлік, табандылық, қайраттар жайын Шәуілдірде бір кезек арнай әңгіме етіп ек. Сонда атағы баяғының батырындай ауыздан ауызға тараған ер шопандар қимылы біздің бүгінгі күннің анық аңызына айналған. Шәуілдір шопандарының ішінен барлық аудан кәрі-жасы бұл жөнде ең алдымен Социалистік Еңбек Ері Бойтанов Төлегеннің атын ұдайы ауызға алады. Мұның басынан кешкен ауыр бейнет шағы өзі бір дастан дерлік. Үздіксіз қатты суық боран астында Төлеген 100 қоймен ығып кетеді. Сол кеткеннен ел-жұрттан, өз аудан, облысынан үзіліп ұзап кете барады. 100 километр, 175, ақыры 200 километрге дейін үздіксіз қара боран, қара дауыл астында 18 күндей ығады. Артынан түйеге мініп іздеген жұрт талай күн көшпелі құм ішінде арлы-берлі көп шарлағанмен, таппай қояды. Ол дауылды құмда Төлегенді қуып жету үшін жүрісі шапшаң ат мінсе керек еді. Бірақ

Шәуілдірдің құм дауылында көзі-мұрны құмға толып, жылқы баласы жүре алмайды. Сондықтан жоғалған жанды іздегенде тек түйемен іздесе де, жетпей-таппай, арттағы ел Төлегеннен түгел күдер үзеді.

Іздеушілердің барып жеткен жырақ шегі 70 километр шамасы болады да қала береді. Өзі жаяу күйінде 100 қоймен ыққан Төлеген ол қойдың да екі атасы болғаннан айрықша бейнет шегеді. 100 қойдың жарымы қазақ қойы болғанда, екінші жарымы қаракөл қойы екен. Қазақ қойы ықса да боран астында жай қозғалғанда, өзі сергек, өзі жүрдек қаракөл қойы бөліне жырылып, озғындап жоси береді. 100 қойға әрі жаяу, әрі құм кешуде жаңағыдай қиюсыз күйде ие болу тек Төлегеннің ғана қажырлы, қайратты жанының күдіреті деуге болады.

Ол құм шоқат ішіне оқта-текте қойды паналатып, иіріп тұрып, сәл тыным ала жүреді. Ашыққан соң жолшыбай бір қойды сойып, 18 күніне азық-талшық етеді. Сөйтіп, дамылсыз дауыл астында ыға береді.

Сол Төлеген кейін аман-есен 100 қойымен түгел табысып, қайта өз шаруасына, өз жеріне оралады. Осындай жүрек пен жігер, қажыр-қайрат үшін Бойтанов Төлеген Отанынан Социалистік Еңбек Ері деген жоғары атақ алады. Төлегенді ауызға ала отыра, Шәуілдір шаруалары мал баққан Қазақстан, Қырғызстан шопан ерлерінің атақтарын ауызға алып аңыз етіседі.

Оңтүстік Қазақстандай малы көп облыстың бірі – Қазақстанның батыс шетіндегі Гурьев облысы. Сонда, қысқы боранда бір шопан әйел өзі екіқабат күйінде, алты күн, алты түндей қоймен бірге ығып, ақыры күн ашылғанда малын аман айдап қайтқан.

Қырғызда да төрт күн, төрт түн бойында бір қора қойды ыға жүріп аман алып қалған, үш күн бойында нәр татпаған атақты бір қойшыны Шәуілдір аңыз етеді. Ол қойшы да Социалистік Еңбек Ері атағын алған.

“Момын ғана қойдың мимырт қана аяңымен елсіз, ессіз тыныш далаларда, тау мен құмда кешіп жүрген шопандар еңбегінде бейнет көп болса да, ерлік болмас”, – деп ойлайтын салғырт ойлар болуға мүмкін де және ол түсінікті де. Бірақ жаңағыдай қажырлы, қайсар, қамқор еңбек батыр

көңілден шықпай, жай ғана жасық, қорғаншақ, аяқкес жаннан шыға ма?

Шәуілдірдің шопан ері Төлегендер жайы қандай қалың, оқиғалы, қызық тартысты романдар болса да, олардың талай беттерінде оқушыны толқыта толтырар мәні-нәрі бар дерсің! Кейде тіпті Хемингуэйдің бүгінгі бар әлем оқушысы таңырқай даңқтандырып жүрген “Шал мен теңіз” романына барабар тартыс жаңағы аталған адамдар жайынан да танылып тұрған жоқ па!

Бұл жандардың еңбегіндегі, ер қайратындағы тағы өзгеше ерекшелік – олар өздері иеленіп жүрген малдарын сүйеді. Алдындағы малына шопан жұрты әрдайым жаны ашып, қамқорлық, достық бейілмен қарайды.

Кейбір мал тегі мен түрін сөз қылғанда шопандардың өздері ғана емес, совхоздың, ауданның үлкенді-кішілі шаруаларын басқарып жүрген аудандық партия комитетінің Әшір Момынов сияқты секретары, “Темір” қой совхозының 102 мың қаракөл қойын және екі мың түйесін өсіріп, басқарып отырған совхоз директоры Ерманов Шери, сондағы партия ұйымының секретары Амантұр Мұсаев немесе осы аудандағы азамат соғысының ветераны, аудандық партархив бастығы Ерімбетов Дүйсен сияқты азаматтардың әңгімелерінен де мал басы туралы, малда жүрген шопандар туралы нелер терең ойлы қамқор сөздер, әңгімелер есітесіз.

“Темір” совхозында түйенің басы аса мол. Бұрын Шәуілдірде арнаулы түйе совхозы да болған. Соның екі мыңдай түйесі қазір осы совхозда. Біз бір күнгі жолда сол түйелер арасын аралап өттік. Мұнда нар, біртуған, қоспақ, мая, үлек атанатын түйе тегінің өркештері баладай ғана емес, жөпшенді семіз кісідей болған мал көркін көрдік.

Түйе шаруасының бар жайын жақсы білетін директор Ерманов бар түйе тегін үшке бөліп сөйлейді. Бірінші тегі түрікпен тұқымды нар – қылқи. Ол ерен сүтті мал. 10 литрден 25 литрге дейін сүт беретіні болады... Екінші тегі, Астрахань айыры, бұл да қазақтың жай айыр өркешінен ірі келеді. Айыры кең, мұның тегі Моңғолстаннан келген. Үшінші тегін таза моңғол дейді екен. Бұл өте жүндес. Көбі 7-8 килограмм жүн мен шуда бергенде, кейбіреулері 18 килограмға дейін жүн беретіні болады.

Түйе сүті көп елдерге мәлім емес. Ал оның ішіндегі май проценті сегізге дейін жетеді екен. Сиыр сүтінің майы бұның жарымындай-ақ. Сүті майлы буйвол сиыр болса, оның да проценті жетіден артық емес. Осы сипаты себеп шығар, түйенің сүтінен ашытылған қымыз (оңтүстікте – қымыран) бие қымызынан әлдеқайда артық сапалы және асыл ем екенін түйенің қадірін, жөнін білетін жұрттан сұрау керек.

Жері жайлы, шөбі түйе баласы үшін сонша шүйгін “Темір” совхозында көп түйелерге қарап, мұндай да түйелер болады екен-ау деп таңырқайсың. Үлкендігі, бітімі, бар келбеті – бәріне қарай, түйенің “жампозы” дейтін осылар дерсің. Бүгінгі социалистік мал шаруасында қай түлігін алсаң да, баяғы бақташы қазақтың ғасырлар бойы қиял еткен, арманды асыл малдары Қазақстанның социалистік сахарасына келгені анық.

Бұрынғы бақташы қазақ көшпелі тірлігінде арман еткен: түйеде – “жампоз”, жылқыда – “тұлпар”, сиырда – “тынжы”, қойда – “құтпан”, “келепан” десе, итте – “құмай”, адамда – “алып”, ал мал дұшпаны қасқырда – “сырттан” дейтін. Сондай-сондай ерен-ерек жан иелерін атаушы еді.

Қиял-ғажайып ертегілік, батырлық дастан шеңберіне апарып әсірелеп сипаттайтын қиял малдары мен жандары сондай болушы еді.

“Шәуілдір” совхозының кейбір болмыстары осындай ойлар оралтады. Мал адамның бейіліне бағынышты болғанда, адам өзі де малға бейімді, малды күткен шопан атаулысына қамқор жауаптылықпен қарауға қарыздар.

“Шәуілдір” шаруаларының көзге күйкі, өкінішті бір қиын жайы не десек, сол мал баққан шаруалар тұратын үй-жайлар әлі көбінше ескі, жаман жер кепеге жуық, жыртық-тесік қора-жай, жарты лашықтар көп. Бұл ретте “Темір” совхозының орталығында салынып жатқан едәуір мол, жаңа үйлерге сүйсінесің. Көктемде Сырдың суы алып кеткен көп қора-жайларды енді қыратқа шығарып, шопандар мен совхоз жұмысшыларына жүздеген жаңа үйлер салыныпты. Бұл да жақсы бастаманың бірі. Бірақ Шәуілдірдің жалпы ауыр шындығын атасақ, мұнда жаман да жаман – жол, жол жаман! Және әлі қалың көпшілік – еңбек елінің тұрғын жайлары жаман.

Бұл күйлер “Темір” совхозында байқалған жақсы бір белгілерге қарағанда оңай оңалар деген үміт бар. Осы совхоздың партия ұйымының секретары өте іскер, қамқор, ашық саналы Амантүр Мұсаев малдағы шопандарға білім тәрбие ретінде газет, журналдар, топтап кітаптар жөнелтіп, жеткізіп тұрады екен. Оны біз совхоз орталығындағы кітапханаға кіргенде аңдадық. Төменгі еденнен... кітапхана төбесіне дейін бөлек-бөлек, буда-буда болып буылған жаңа кітаптар топтары көп екен. Сол кітаптардың бәрі де совхоздың малда жүрген көп шопандарына аттары жазылып, арналып жіберілгелі тұрған кітап бумалары екен. Бұл алуандас қамқорлық, шопан жайын ойлайтын бір Амантүр емес, өзге азаматтар санының да аз еместігін аңғартты. Сол жұртшылық, шопандардың балаларын оқытуда және өздерінің тұрмысын өнерлендіріп, тазалығын, денсаулығын сақтау салтына баулуда, үй-жайларын түзеуде жақын шақта үлкен шаралар қолдануға жұмылар деген сеніммен жеттік.

Қайта бір оралған сапарда Шаян, Созақ, Шәуілдір, Келес те, өзге өнерлірек аудандардан өздерінің үзіліп қалғандай артта қалған, күйкі күйлерін сейілтер деген үміттеміз.

Жоғарыда біз бүгінгі біздің адам басындағы кей қасиет сипатты айттық. Сол адам өсіріп, өзгеше сапа таптырған мал баласындағы баға жетпес қасиет сипатты да еске алдық.

Осыған жалғас енді бір басқа сапалы және бір қасиеттер енді жерден шығып жатқан қазына дейміз. Оны біз Оңтүстіктің Ташкент жанындағы келісті ауданы Сарыағашқа барғанда көзбе-көз таныдық. Бұл жерде ең алдымен айтарымыз – Сарыағаштың ыстық суы.

Қазақстан жері көп болса да, жетіскен курорты көп республика емес. Табиғаты мен жері беріп отырған әзір байлығын өзінен-өзі аяңғандай боп сараң-сырдаң ұстайтын біздің республика. Кейбір “Аяққалқан”, “Сарыағаш” сияқты шипалық сапасы аса зор байлықтарды еске алып, соны әлі күнге жұрт пайдасына жақсы жарата алмаған. Қазақстанның курорты – денсаулық орындарының мінездерін қандай тоғышарлық деп атасаң да болғандай. Ішінде алтыны бар сандықты жауып алып, ешбір керекке жаратпай, үстінде міз бақпай отырып алған қаперсіздік жайларға көп күйінесің.

Бүгінгі Сарыағаштың радиоактивтік ем суын тек қана сусын су етіп пайдаланса, бар Қазақстанның қай түпкірінде болса да, тамшысы жерге тамбай, қадірлі ішімдік боп халық атаулыны қарық қылар еді. Бұл күнде әлсіз ғана бір артель шығарып отырған, саны азғана бөтелкелердің суына ыстық күндерде ұшырасқан шағында суды сүйсініп, су иесін ұрсып ішесің.

Бүкіл Одақ көлемінде жерден шыққан минералды сулар саны көп болғанымен, боржомға жетер, тайталасар тең су жоқ. Ол Сарыағаштың суы сол боржомнан дәмге де, емге де бар сипатымен артық болмаса, кем емес. Орта Азия көлемінде Сарыағаш суына барабар су ешбір өзге республикада жоқ. Бүгінгі көптеп сатылып жүрген боржом тәрізді сулар сол ауданға, республика шаруасына қаншалық қалың сома қазына қосар еді. Оны аңдаудан оңай нәрсе жоқ. Тек аты завод дерлік бірер өндіріс орнын Сарыағаш ауданына орнату керек те, миллиондаған бөтелкелерді шығара беріп, арзан ақшаны күреп ала беру керек.

Мен бұл тұста Сарыағаш суының әлденеше ауруға іздеп таппас ем екенін айтуды қажет деп білмеймін. Бұл жөнде “Сарыағаш” курорты Одақтық үлкен курорттың бірі болып өсуі шарт та және солай болар да. Биылғы жыл “Сарыағаш” курортының қажымас қамқор иесі – бас дәрігер Қасымбековтің талабымен келесі жылға санаторий құрылысына республика 14 миллион сом қаржы шығарып отыр екен. Жоспар бойынша салынбақ төрт корпусың жаңағы сомаға екеуі салынса, бірнеше жүз адам емделуге мүмкіндік жасалмақшы. Бірақ “Сарыағаштың” курорты тұрған жер кең болғанмен, әлі көгі, көлеңкесі жоқ алаң ашық. Жай суға да тапшы! Сондықтан үлкен санаторийлар салынып, кемеліне келіп болғанша, күз демей, көктем демей бүкіл, курорт өлкесіне бақ атаулыны мол етіп еге, тіге беру керек!

Мен Сарыағаш ауданын айтқанда, әсіресе Сарыағаштың сусын суын өндіріп, бүкіл ауыл шаруасын бүгінгіден он есе оңдырып әкетерлік шаруа есебін айтамын. Бұл ауданның көптен келе жатқан тәжірибелі, сергек ойлы, іскер және шын жауапты адамы – аудандық партия комитетінің бірінші секретары Ұлтубай Бейсенбаев. Ол Сарыағаш суы аудан болашағына не беретінін аса жақсы түсінеді де, көп жайды арман ете сөйлейді. Дәрменсіздік сазы білінеді.

Себебі мұнда завод салу ісі облыстық немесе республикалық орталықтардың байлауы, қатынасымен істеледі.

Сарыағаш ауданының бір шетінде сол Сарыағаштың суы болса, екінші бір бүйірінде тағы да өзгеше қызықты қазынадай бір совхоз бар, ол үзім мен үзім шарабының совхозы – атақты “Қапланбек”. Бұл совхоздың көпжылдық тәжірибесімен жасалып шыққан шараптарының кейбір сорттары бүкіл әлемдік көрмелерде бірнеше рет алтын медальдар мен күміс медаль бөйгелер алды. Тек былтырғы өткен 1958 жылдың бір жылғы таза кірісі 8 миллион сом болған.

Сарыағаштың суы мен “Қапланбектің” үзім бақтары сақтап отырған қасиетті қазыналықтарды еске ала отырып, біз Ұлтубайға: “екі жақ бүйірінде ертегі қиялы тудырған кәдімгі екі бөлек “ат басындай алтының жатыр!” дейміз.

Үлкен мәдениетті Ташкент қаласының іргесіндегі Сарыағаш ауданы Қазақстанның үлгісін көрсететін, “Мынау Қазақстан” дегізерлік, абырой, беделін бағалы сапада танытарлық анық көрікті аудан болу шарт. Бұл аудан басшылары өздерінің қолынан келген, аудан шамасы жеткен істерінің бәрін сол аңғарда, сондай жауапты сапада ұстауға қатты тырысады. Республика намысын да, социалистік мәдениет санасын да анық, жақсы мағынадағы социалистік жарыс, бәсекедей бағалап, сол сананы өз еңбектеріне ту қып ұстағысы келеді.

Мысалы, “Қапланбек” совхозының директоры Тищенко мен шарап сапасының білгір маманы Қатаева жолдастар өз майданындағы істерін Ташкент маңындағы ғана емес, бүкіл Одақ көлеміндегі шарап шығарар заводтардың бірде-бірінен кем соғады демейді. Сол сияқты аудандық партия комитеті мен атқару комитетінің аудан ортасы Сарыағашты көркейту жолындағы істері да анық мәдениетті аудан орталығының сапа, сипатын танытады.

Сарыағаш қыстағының көп көшесіне асфальт жайылған. Мұнда Оңтүстіктің ешбір ауданында біз көрмеген анық жақсы гостиница бар. Қазір аудан орталығында өзгеше үлкен, келісті Мәдениет сарайы салынып жатыр. Аурухана, кітапхана, әсіресе мектептер мұнда көңілдегідей. Орыс, қазақ балалары оқитын бір орталық мектепте кітап саны төрт мың. Сарыағаш ауданында совхоздар директорларының

мектебі бар. Онда бір мың студент оқиды. “Қаптанбекте” жайғасқан мал дәрігерлік оқу комбинаты бар. Бұлар осы ауданда көптен орын тепкен үлгілі оқу орындары деп саналады. Шаруашылығы мақта, мал, бау-бақша, жеміс табыстарына құралған Сарыағаш ауданы облыс көлеміндегі, қатардағы орта кеуде ауданның бірі боп та қала бере алады. Бірақ Сарыағаштың суындай барлық Одаққа, қала берсе, дүниежүзіне де ертең мәлім бола аларлық табиғат байлығы, қасиетті қазынасы тұрған аудан өз мүмкіндігін өрісіне жеткізе өсіру шарт.

Сөйтіп, осы жолғы сөзде Шәуілдірдегі мал соңындағы ардақты адам жанының кей сипаттарын қасиетті қазына деп санағанда, мал сапасын өзгерте өсіргенді социалистік шаруамыздағы және де қасиетті сипат деп атадық.

Сарыағашқа келгенде сол қазыналық қасиеттер жер байлығы ретінде бар сипатымен толық болып тұрса да, соны барарына толық барғыза алмай жатқан шабан-шардақ күйлерді өкінішпен еске аламыз.

Бір жерде, бір салада мүмкіндіктер бар да, сол мүмкіндіктердің тірлікте шаруаға жүзеге асқаны бар. Енді бір жерде мүмкіндік сондай сипатта, қасиетте болса да, тек мүмкіндік қана дәрежесінде іске аса алмай, асырылмай жатқаны бар. Мұндай қасиеттер алдағы аз айлар, жылдар ішінде өмірден өзінің бағалы орнын, өрісін табатын, ақталатын қасиеттер деп еске аламыз.

ШАЯНДАҒЫ ШЕШЕН КЕРЕКЕҢ

...Оған сөз берілді дегенде қалың жиын ду қол соқты. Қол шапалақтау қызу да ұзақ болды. Себебі ол орнынан тұрып, мінбеге жеткенше бірталай уақыт керек еді. Адамлық толы, аса үлкен зал облыстың бар белгілі азамат-активін жиған құрметті жиналыс болатын. Қол соғудың қызуы мол болғаны адамның көптігінен. Шешеннің мінбеге кешігіп шығуы, қатарлардан сытылуы, мінбеге жетуі оңай болмағандығынан. Бұл жайлардың үстіне, оның киген бешпеті ұзындау да қалың болғандықтан жолда ілініп, қысылып-кымтырылып жүруі де еріксіз шұбалаң болған. Ақыры ол мінбеге жетті. Үстінде сарғыш күрең реңді ши барқыт бешпет, басында жаңа сырма қара тақия. Шашын жаңада алғызғандықтан, аққұйқа басына қара тақиясы зал көпшілігіне оқшаулау да болса өзінше жарастық береді.

Шешен өте ақырын дауыспен миңгірлеп сөйлей бастады. Зал жым-жырт отырса да, жөнді сөз естіп жарымады. Естігені сөз мәнісін де ұғынып қана алмады. Шешен өзінің зал жүйкесін оншалық босатып, аузына қаратып, ұйытып бара жатпағанын сезген бе қалай! Қара тақиясын оң қолымен қозғалақтатып, біресе маңдайына түсіріп, біресе желкесіне қарай жылжытып, тағы бір қолымен бешпетінің иығын да сипалақтай берді.

Зал жым-жырт болған қалпында құлаққа жеткені:

— Бірінші мәрте... сексен кило еді, енді ояқ-бұяқ аңлағасын... өкіметіміз, басшылығымыз айтқасын неғып, екінші мәрте... — деп, біраз үнсіз тоқтап қалды. Зал үндемей тынған күйде, көпшілік басын төмен салды. Кейбіреулер жымияды, тағы бір тұстар томсарады. Өзге совхоздан келген сөйлеуік Шақабаев Әзімхан сияқты өзі шешен, өзі озат шопандар шешеннің жүзіне ажырая қарап, ақсия күліп, қадалып отыр.

Залда жым-жырттық біраз созылған соң шешен сөзін ілгері жалғап:

– Екінші мәрте елді неғып... ояқ-бұяқты ойлап кеп, биыл тоқсан килоны атап отырмыз!.. – деп тағы тоқтап, бірталайға шейін үнсіз күйде қара тақияны тақыр басында ілгерілі-кейінді жортақтата түсіп, аяғында келелі сөзін аяқтағаны:

– Анау-мынау әңгімеге қызықпайым! Малды ерінбей бағам. Қой он сегіз сағат жайылат! – деп біраз тұрды да, ши барқыт бешпетінің екі жағын сипалақтай түсіп, ақыры сөзінің аяғын айтпастан мінбеден түсті де, тарта берді.

Зал қысылғаннан болса да қол соққанның мезіретісін жасады. Осы кезде облыстың құрметті үлкен жиналысын басқарып отырған басшы азамат орнынан тұрды да, өзі орыс болса да, жаңағы шешеннің сөзін қазақша түсінбейтін жолдастарға: “мен аударамын” деп алып, орысша шешен тілде айта жөнелді.

– “Мың қойдан биылғы жыл жағалай тоқсан килограмдық салмақ беремін. Қой басы алты-жеті килограмнан жүн беремін. Мал шығыны болмайды. Менің шаруамнан жалқауды таппайсыз! Күн жақсы, көңіл шат, уәдеге берікпін. Алған міндетті артығымен орындап шығамын деп облыстың осы қадірлі жиналысының құрметті мүшелерін барынша сендіремін”, – деді Шаяннан келген “Шалдар” совхозының қадірлі шопаны – біздің құрметті Маманов Керекен!.. – деп анық, айқын қатты дауыспен, суырылған шешендікпен саңқ-саңқ етіп айтып шықты. Жұрт ду қол соға бергенде, айғайлап тұрып: – Побольше бы таких, – деген сөзді ұрандай қызумен тастады мәжіліс бастығы.

Баяу басып келе жатқан Керімқұл алыстағы орнына жетіп барып отырғанша, зал тыным алмай қол соқты.

Әрине, шопанның бәрі Керекендей емес. Біреулері Керекендей болса, біреулері одан сәл шешенірек болса, тағы біреулері Шымқорғанның атақты шопаны Шақабаев Әзімхандай болады. Ол 1959 жылы 100 саулықтан 176 қозы берген. 1960 жылы 183, ал қазіргі алған міндеттемесінде 205 қозыдан беруді өзіне шарт еткен. Ол қойды жиі қоздату шарасын сондай жақсы, жетік біледі. Ұзын бойлы, қызыл сары, ашық жүзді Әзімхан үлкен жиында ақсия күле тұрып, еркін кемел сөйлейді. Ашаңдау ұзын қолдарын кең

жая, сілтей-сермей түсіп, СЖК-лардың жайын айтқанда, барыс жалғау, жатыс жалғауларыңыздың бәрін дөңгелек айналдырады. Бірақ әңгіме әзірше Әзімхан жайында емес, Керекең жайында.

Майдың ортасында самал соққан бұлыңғырлау бір күні біз “Шалдар” совхозындағы атақты Желтиместе жатқан Керімқұл Мамановтың отарына келе жаттық. Шаян ауданының бірінші секретары, ашық жүзді, әңгімеші Мұртаза Ысмайылов Керекеңнің шаруасы жайын өзі де сүйсіне, тыңдаушыны да сүйсіндіре әңгіме етіп келе жатқан еді.

Біз Керімқұлдың мінбеге шыққанын еске алдық. Сонда Нұртаза барынша сақылдап қуана күлгендей жарқырай жадырап алып, былтырғы бір болған жайды айтты.

– 1959 жылдың жазында шопандар тойы болды. Көп үйлер тігіліп, көп жан жиылып, мәз-мереке боп жатыр. Керекеңдер өз үйлерін де әкеп тігіп тастаған. Тағы да отары күйлі, жақсы көрсеткішінің бәрі мығым болғандықтан, қой басы сексен кило салмақ бергендіктен, Керекеңді бас етіп, көп шопанға сый беретін болды. Сол орайда Керекең ертең мына жиын алдында бір-екі ауыз сөз сөйлеңіз деген едім. Ертеңінде жұрт бас қосар алдында Керекең ауырып қалыпты. “Өттегене-ай... апыр-ай, бұл қалай болды екен, неғып, не ауру екен?” деп мен барып, көңілін сұрауға шықтым. Үйіне барып кірсем, естігендей рас, Керекең науқас, төсек салғызып, басын көрпемен қымтап алып, бүктүсіп жатыр. Кейін дәрігер жібермек боп, жайын сұрап, аз сөйлесіп отырып шығып кеттім. Келер күндері Керекең тәуір болды деді. Шопандар тойы өтіп кетті. Ал кейін бір кісі әңгіме айтады. Сол шопандар тойында Керекең науқас емес, сау екен. “Өзіміздің әңгімелесіп, жайрандап, жақсы отырғанда, сіз келе жатыр дегенді біреу тыстан айтып келе қойып еді, төсекке жантая кетіп, арқа-басын қымтап, ауру бола қойды. О кісі мүлдем қызық етпеді ме солай!” – деп маған айтушы. Керекеңнің сондай бір “шешендік пәлесінен” ауру да болған жайын айтқан! – деп, Нұртаза тағы да сақ-сақ күледі.

...Мыңға тартқан саны бар Керекеңнің ісек қойлары Желтиместің алкүрең бір қырқасынан бері қарай асып келеді екен. Қойды көрсең сонда көр! Әрбір қойы көзіңе сонадайдан бадырайып, баданадан басылады. Сәл оқыс

машина жүре қап, жүргінші шыға қап, бөгде адам ұшырай қалса, қойлары сергек-үркек. Шаянның желіндей шалқи береді. Оты, суын жетістірген өңшең аттай кесек ісектер май айының өзінде-ақ сексенді алқындыратындай семіз-күйлі. Бұл Керекеңнің малының жайы.

Үйіне келдік. Керекеңнің кең үйі өте әдемі жасаулы. Жалтыр жұкаяқтарға орнаған үлкен-үлкен сәнді жалтыр сандықтар үстіне үйілген текемет, сырмақ, көрпе-жастық биік үйдің сонау уығының қарына барып тірелген. Үй айнала кілем ұсталған. Отыздың ішіне кірген әйелі Керекеңнің өзге ұсақ балаларына тағы бір жаңа жас нәресте қосқан екен. Ол бөбегін ораған күйде, үйден өзі шықпай, қонақты күту жайын меймандос көңіл-қабақпен басқарып отырды.

Керекең өзі болса, үй тола қонақты үнсіз ғана жылы жүзбен, бір ауыз сөз қатпастан, бар бабын таба қалтқысыз күтеді. Бұл үйде шай да дәмді, бар ас та бапты. Керекең тіпті киіз үйге сырт үйлесімі аз сияқты көрінетін коньяк, шампанский бөтелкелерінің мойындарынан толғай тартып, дастарқанға ұсынған шағында да бір ауыз асыл сөзін шығын еткен жоқ.

Бірақ сөз-сөздің ішіндегі ең шешені, ең бағалысы оның мәні ғой, мазмұны ғой. Керекең сөзі қорғасындай салмақты сөз. Ол оның бүкіл Қазақстан көлеміне үлгі берердей мыңға тарта қой санын жағалай тоқсан килодан тапсырамын деген серті мен ісінде. Жақында Шаян ауданынан алған хабарымыз бойынша, қырку аяқталғанда, Керімқұл отары қой басына 6,5 килодан жүн беріпті. Серт те, сөз де, бар шешендік те осында. Бұл шешендік болғанда, өзінше бір стиль десе болғандай! Сөзіңнің мәні – көптігінде емес, сомдығында. Сөз сұлулығы – көркінде емес, сырында. Шопандар ішіндегі бір алуаны Шаянның Керімқұлы өзге – өзге емес, кейде ойласақ, жазушылық шеберлік стильге де сөз үлгісін берсе не етер! Аз сөзде көп мағына болсашы! Сол ретте, бір есептен, шешендер шешені Шаяндағы Керекең дерсің!..

АМЕРИКА ӘСЕРЛЕРІ

Биылғы жылы февраль ортасынан марттың ортасына дейін мен Америка сапарында болып қайттым. Айға жуық аралаған Америкадай мемлекет жөнінде көрген мен білгенді, аңдаған мен алған әсерді, жалпы басқа келген кейбір ауық-ауық ойларды да өзіміздің оқушыға өзімше айтып беруді міндет санаймын.

Тек осы жайға кірісуден бұрын үш түрлі жайдан өзіміздің ардақты оқушылар алдынан өтініп алу мақұл деп білдім.

Мен өзім жазатын сөздерімде өзіміздің оқушының білгендеріне, сезіп-танып жүргендеріне аз да болса қосымша боларлық жөн-жосықтар баяндай түспекпін. Америкаға барып-көріп білген оқушы сол өз көргеніне менің көрген-сезгендерімді қоса түссін. Америка жайын оқып білген кей достар оқыған мен танығанына менің де тоқып-танығанымды жалғай түссін, Американы ғылымдық жолмен зерттеп біліп жүрген кейбір мемлекеттік, қоғамдық, шаруашылық жайларды, өнер, мәдениет күйлерін ғылым жолымен зерттеп біліп жүрсе, біздің кейбір көзбен көрген, құлақпен естіген күйлерімізді, көріністерімізді өз деректеріне тіркей түссін. Міне, Америка әсерлерін жазудағы ең бірінші еске салар, оқушыдан өтініп өтер жайымның бірі осы.

Екінші жай: менің бұл жазатыным тек көргеннен, көзбен көргеннен алған тікелей әсерлер ғана. Ең әуелі мен саяхатшы емеспін. Жазатыным саяхатнама да емес. Ол аса жауапты талаптар қоятын жайлар болар еді. Себебі саяхатшы (путешественник) деп аталатын қауым бір өлке, не бір мемлекет, не бір халық ішіне ұзақ заманға барып, жан-жақты барлық болмыс жайларды сан саладан көп ғылымдар құралымен, баппен ізерлеп танып шығушылар болар еді. Олар жазатын еңбек те саяхатнама болғанда,

оқушының білімін байытатын көп сала ғылымдардан көп тың жаңа табыстар тауып, жалпы мәдениет тарихын кеңейте, байыта түсетін еңбек болар еді. Саяхат деп сондай жүрісті, саяхатнама деп сондай жүрістен туған еңбекті айтса керек еді. Ал менің жазарым ол емес деп оқушыдан өтінетін үшінші тағы бір себебім бар: ол – Америка Құрама Штаттарының өз ерекшелігінен туатын жай.

Ең әуелі бұл аса зор ұлы мемлекет. Оның мәдениеті кем қойғанда, тек бергі америкалық дәуірін санағанда, екі жүз жылдан астам тарихы бар мәдениет. Ондағы тарихтық, мемлекеттік, қоғамдық аса шебер техникалық өндірісті мәдениет, ғылым, көркемөнер – бәр-бәрінің ұзақ өскелең алуан-алуан ерекшеліктері, қайшылықтары, даму-өрлеу заңдары қым-қуыт қиын дүниелер. Американың қалалары мен көп штат өлкелерінің бүгінгі құрылыс барыс-қалыптарының өзін алғанда да аз аралаған жолаушыға оңай таныла қоймайтын қат-қабаттар, қатпар-қатпар бар.

Сол себепті жиыны бір ай ғана жүріп, біраз ғана көріп өткен күрделі, көбеген дүниені білгір кісі болып сөйлемек те емеспін. Бұл жөнінде қысқа айтатын зерттеуші ғалым боп та, Америка тіршілігінің белгілі саласының маманы боп та жазбаймын. Қолдан келгенше соның бәрінің орнына көзбен көргенді, құлақпен естігенді, тікелей сезіп, төтелей ойлаған ойларды (көргеннен, естігеннен туған, төтелей туған ойларды) жай жанды, жұпыны ғана әңгіме етіп бермекпін.

Бұл әңгімелерден оқушы нақтылы дерекпен мен сезгендей сезім, әсер аларлық дәрежеде жаза алсам, әзірге мақсат та сол дер ем. Енді осымен, құрметті оқушы, қадамымызды Америка жағасына қарай басайық.

Вашингтон

Атлантика мұхитынан ұшып өтіп, Америка жағасына жеткен соң біздің ең алғаш қонған жеріміз Нью-Йорктің халықаралық қатынастар аэропорты Айдл-Уайл болды. Нью-Йорк қаласынан бір сағаттық жолда жырақтау орналасқан аэропорт бар мемлекеттердегі аэропорттардан көп өзгешелігі бар өзінше бөлек, ерек бір көрініс аңғартты.

Америка Құрама Штаттарын еске алып, ондағы Нью-Йорк қаласын атағанда, жырақтан көп жайы оқшау,

өзгеше сезілетін кесек бір келісім осы аэропорттың өзінен аңғарылғандай. Шын-ақ Нью-Йорктің халықаралық қатынастай мекен-жайының өзі дерлік. Мұнда бір емес, жиырмаға жуық аэропорттар бар. Әрқайсысы әрбір үлкен компанияға тиісті. Сол көп компанияның бірі – бізді Америкаға апарған Скандинавия компаниясы – “САС” компаниясы. Сол сияқты Француз компаниясы, Голландия, тағы басқалардың халықаралық қатынастар түзеген әуе жолдарының ірі компаниялары осы Айдл-Уайлда өз аэропорттарын салған. Американың өз ішіндегі әлденеше компанияларының аэропорттары, әрине, және осында. Сөйтіп, әр бөлек қоғамдар салдырған көп аэропорттар кең-байтақ бір өлкеге орналасқанда жалпысына ортақ өзінше архитектуралық бірыңғайлау дерлік ұқсастық бар. Әр аэропортта екі-үш этаждың бәрінің қатарында автомобильдер жүріп жатады. Әрқайсысында шынылы, жарығы мол ұзын-ұзын залдар, холлдар, әр тарапта, көп мүйістерде мол-мол магазиндер, көп кісілік ресторандар және өсем, көркем жиналған кабинеттер көп.

Автомобиль жолдары терезелер алдынан, бірінші этаждағы тәрізді, екінші-үшінші этаждағы залдардың терезелері алдынан да жүйткіп өтіп, жосып жүр. Кейін осы аэропорттан Калифорнияға қарай ұшқанымызда байқаған тағы бір өзгеше жайды атай кетейін.

Бізді шығарып салған жұртпен жақсы сәнді бір кабинетте ұшар мезгілді тосып отырғанымызда, бізге келіп, енді жүруге болады деген хабар айтысты. Біз отырған кабинеттің едені қызғылт түсті кілемдер еді. Сол кілемдерді басқан бойда ауыз бөлмеге шығып, сондай кілемдер үстімен коридормен жүре беріп, енді бір сәтте бізді Калифорнияға алып ұшатын лайнердің ішіне кіріп, соның кілемін басып келе жатқанымызды бір-ақ аңдадық. Оны да алдымызда киімдерімізді алғалы тұрған екі стюардесса қыздың үстіндегі формасына қарап қана таныдық. Байқасақ, кейбір қымбат самолеттерге мінетін пассажирлерді аяғын жерге тигізбей, далаға шығармай, көркем зал, кабинеттерден самолет орнына бір-ақ апарып кіргізетін жағдайлар болады екен. Оны осы Айдл-Уайлдың екінші бір аэропортынан көрген едік.

Біз, тегі, бұл жолы Нью-Йоркке соқпақ емеспіз, тек құр ғана самолет ауыстырып, Вашингтоннан шықпақпыз-ды.

Сондықтан сол аэропорттың өзінде екінші бір компанияның аэропортына бардық та, Вашингтонға баратын самолетке міндік. Осы самолеттің ұшуға әзірленген, ұшып көтерілген шағына шейін Айдл-Уайлдың жалпы кең қондыру, ұшыру майданын көрдік. Байқасақ, сан самолеттер келіп қонып жатып, сол минуттардың, секундтардың ішінде әлденеше самолеттер көтеріліп ұшып жатады екен. Тек бізбен бірге сол біз ғана ұшатын аэропорттың өзінің алаңдарында он шақты самолет іркес-тіркес ұшып жатты.

Самолеттердің бірі үлкен, бірі кіші. Араларында жетпістен аса адам алып ұшатын біздің ТУ, ИЛ-18 тәрізді лайнердің өзі аз емес. Самолеттер ұшатын жолдарымен біреуі баяулап, біреуі ағызып жүріп жатады. Кейбіреулер қалықтап, жаяулап барып-барып біраз шаққа қалтиып, қозғалыссыз тұрып қалады. Содан кейін ағыза-зырлай, оқтай зулай жөнеледі. Бейне бір үлкен теңіз түбіндегі әр алуан, әр атаның ұлы балықтар, жайындар теңіз түбінің өзгеше айуанаттары тәрізді. Біріне-бірі жылжи тақай келіп тұрысып, бір кішілеуі жүйткіп өтіп, кейбір үлкендері қалғығандай мелшиіп, бір сәт тұрып қалып, енді бірде үнсіз ағыза жөнелетін тәрізді, сондайлық теңіз жүзіндей, не теңіз түбіндей ұшып-қонысқан, сүңгіп шүйген мол әлемнің көп өзгеше жәндігі өз қимыл-қозғалысын, барлық болмысын аңдатады.

Осындай ұшу-қонулар жоғары атаған бір Айдл-Уайлдың жиырма шамалы аэропортының бәр-бәрінің тұстарында айқыш-ұйқыш, ерсілі-қарсылы өтіп жатыр.

Айдл-Уайлдың аты да қазақ құлағына өзінше ойда жоқта қызық естіледі. Сөз мәнісі үйлеспесе де, сыртқы дыбыс бойынша естілу қалпында Айдл-Уайл – айдын ауыл тәрізді естіледі. Ал сөздің мәніне қарағанда, бұл бір есіз алаң деген ғана жер аты екен. Ал халықаралық қатынастың үлкен елінің бірі Америка Құрама Штаты болып, оның ең үлкен қаласы, әлем жүзіндегі ең үлкен қала – атырабымен санағанда 14 миллион халқы бар Нью-Йорк болғанда, солардың осы жағаға жаңа келген, өзге материктерден келетін жолаушы атаулыны алғаш қабылдайтын бір майданы – Айдл-Уайл болғанда, “айтарлықтай”, “өзгеше дерліктей” мынау Америка атына лайық қатынас жайы екен демеске болмайды.

XX ғасыр ортасындағы өнерленген адамзаттың машиналы-техникалы цивилизациясы осындайды жасаған десе дерліктей. Айдл-Уайлдан ұшқан соң келесі сағатта біз Вашингтонға жеттік. Вашингтонның алғашқы кештері мен ең алғашқы бірлі-жарым күні ресми ұшырасулармен өтті. Алғашқы кеште біз өзімізден бұрын Американы аралап, енді қайтуға айналған жолдас Полянский бастаған советтік үкімет өкілдерін шақырған қонақта бірге болыстық. Ол (қонақ қабылдаған үй. – *ред.*) Вашингтонның жұртшылығына мәлім ескі едәуір естегілермен байланысты қадірлі үй саналады екен. Оның үстіне, біздің делегацияның бастығы Одақ көлеміндегі атақты ақынымыз Степан Петрович Щипачев – сезімді сыршыл ақын, осы кештен, осы үйден өзіне бөлек қымбат бір жайды әсіресе біліп бағалап шықты.

Америка ақындарының ішінде Щипачевтің ең қадірлеп сүйетіні ұлы ақын Уолт Уитмен болатын. Сол Уитмен жас шағында осы үйде санитар боп қызмет істеген шақтары болған екен. Сөйтіп кеп, қонақтар арасында біз жүрген бөлмелер, залдар, неше алуан кіріс-шығыс жолдар – бәрі де бүгінгі қонақ ақынға бұрын болып өткен ұлы ұстаз ақынның жылы ізін сездіргендей болды.

Келер күні біздің Вашингтондағы елшілік Америка қонақтарын сол елшілік сарайында қабылдап, жолдас Полянский тобы енді Америка қонақтарын өздері қабылдап қарсы алысты. Америка адамдарымен біздің алғашқы ұшырасуымыз осы кештерден басталған-ды. Күндіз біз өз еркімізге тиген бір айды қай қалаларда, қандай кездесу, танысу, арнаулы ұшырасулар түрінде өткізбекпіз, соның дағдылы календары, сапар кезеңі нақтылы анықталып, бекілетін болды. Бізді жазушылар делегациясы етіп шақырған америкалық ағарту советі қоғамы болатын. Ол қоғам өзінің барлық істерін Госдепартамент басшылығымен келісіп, сүйенісіп істейді екен. Төрт жазушы біздің өз аударушымыз болса да, ағарту советі бізге үш адам қосып беретін болды. Бұлардың бәрі де орысша білетін, Совет Одағы жөнінде жалпы мәліметтері мол адамдар еді.

Бір ай бойында біз аралайтын қалалар мен штаттар жөнінде біз едәуір ойланып, ақылдаса отырып талғау-таңдау жасадық. Бізге ұсынған жол жоспарында, Чикаго қаласына бару сияқты, кейбір үлкен өндіріс орындарын аралау межесі

бар екен. Біз ақылдасқанда Чикаго, Детройт сияқты үлкен, атақты зәулім өндірістер орталығын араламасақ та болар дестік. Ондағы бір ой – тілсіз цехтар, станоктар, агрегаттар жанындағы үнсіз жұмыскерлерді құр көзбен қарап, көріп өткен болмаса, олармен сөйлесу, мәмілеге келісу мүмкін болмайды. Одан да әрбір кездесу үстінде әңгімелесуге, ерсілік-қарсылық ой-пікір алмасуға, таныс-біліс аңдасуға боларлық қоғамдар, шаруалар, орталар атаулыны аралай түсейік дедік. Және Құрама Штаттың Нью-Йорк, Вашингтон, Бостон сияқты қалаларын, өлкелерін тану-білуден басқа, жағрафиялық көлемі кең мемлекеттің екінші бір жырақ жағалауы – Тынық мұхит жағасы, Калифорния өлкесі сияқты бір шетін көрсек дестік. Содан кейін бұрын шөлістан болып саналған штаттардың бірі және өзінде Американың баяғы, байырғы тұрғындары – индеецтердің резервация аталатын байлаулы мекен-жайлары болғандықтан, соларды да көрейік дестік. Осымен біздің ай бойында көргендерімізді қала, өлке бойында санасақ, Вашингтон (мұнда екі рет болдык), Нью-Йорк (онда да жиыны тоғыз күндей, екі рет болдык), содан кейін Калифорнияда, Лос-Анджелес және сол штатта Фреско графство, одан әрі кезегімен штат Аризона, оның орталығы Феникс қаласы. Осыдан қайта оралғанда Вашингтонға кеп, содан Бостан шаһарында бірнеше күн болып, аяғы қайтысқа бет алғанда Нью-Йоркке келіп, тағы күн тұрып, жаңағы аталған Айдл-Уайлдың аэропортынан Америка жағасын артта қалдырып, Европа жағасына қарай қайта сапар тарттық.

Әзірше мен қайда болғанды ғана қысқа желі тартып, үстірт атап өттім. Ал енді қайда, не көрдік, неге, кімге кездестік, нелер есіттік, нелер айтыстық және сол көрген, естіген, айтысқан жайлардан не аңғарып, не түйдік, соның жайын баяндауға әуелі Вашингтонда көргеннің, естігеннің, сезгеннің өзінен бастауға ауысайық.

1/VII – 1960 ж.

Вашингтондағы арнаулы ұшырасудың бір түрі дағдылы пресс-конференциядан басталды. Бізбен сөйлескелі Вашингтон газеттерінен он бес шамалы журналист келген еді. Кейін газетте басылған хабар қорытындыларына қарағанда және жалпы сұрақ-жауаптар мән-мазмұндарын еске алғанда, бұл пресс-конференция әдебиеттік күрделі, не кең,

не терең жайларға соққан жоқ. Сонымен қатар сұрақтарда кейбір ерекше, жекеше мәселе болмаса, совет әдебиеті өкілдеріне арналған қырыс-теріс қабақты қас-қияс көңіл де біліне қойған жоқ деуге болады.

Мұндағы совет әдебиеті ретінен Америка жұртшылығы соңғы жылдары ауызға көп алып жүрген бірер адамның ғана жай-жөнін сұрасты.

Біздің делегацияда бас-аяғы төрт жазушы болғанымызда, соның екеуі орыс совет әдебиетінің ірі өкілдері Леонид Леонов және өзі ақын, өзі делегация басшысы Степан Щипачев болатын. Делегацияның ендігі бір мүшесі Украина жазушылар ұйымының бастығы, белгілі роман жазушы Олесь Гончар және мен болатынмын.

Әдебиет жөніндегі нақтылы сұрақ орыс совет әдебиетінің фактілері туралы болғандықтан, жауапты Леонов пен Щипачев берісті. Осы ұшырасуда американ жазушыларының қайсылары Совет Одағында көбірек оқылып, көбірек мәлім екенін сұрасқан еді. Оған біздің тараптан айтар, келтірер дәл деректер мол еді. Бір ғана орыс тілі емес, Одақтағы көп туысқан елдеріміздің көптен көбінің тілдеріне Американың Марк Твендер бастаған классиктерінен бері қарай бүгінгі Хемингуэй, Митчел Уилсон, бүгінгі қарт ақындар Роберт Форст, Карл Сэндберг, негр ақын Ленгстон Хьюз, бүгінгі Америка драматургтері Лилиан Хельман, Артур Миллер сияқты көп адамдарды советтің елдері, оқушылары бір орыс тілі емес, өздерінің ана тілдерінде де оқи білетіндері айтылды.

Бізбен әңгімелескен бүгінгі журналистер аңғартқан бір жай болды. Ол — Америка оқушы көпшілігі совет әдебиеті дейтін көп ұлтты, көп тілді туыстас әдебиеттер қатары мол екенін біле қоймайтын тәрізді. Сонымен қатар және орыс совет әдебиетінің де бірен-саран өкілі болмаса, көпшілік жазушыны, көп ірі шығармаларды білмейтіні байқалды.

Біз оның себебін де кейін көре-жүре, кездесе, кеңесе жүре анықтап білгендей болдық. Кейбір журналистер біздің әдебиеттің тарихындағы ең соңғы жылдарда болған бірлі-жарым жеке жазушы жөніндегі оқшау, оқыс күй болса, сол жөніндегі сұрақты қайталап тықпалай береді. Осы бір жай бүгін кездескен журналистер ғана сұрауы емес, өзге алдағы талай әңгіме, кездесу, ұшырасу, дискуссиялар тұстарында да

қайталай берген еді. Бұл жөнінде жолдас Полянскийдің бір топ американ адамдарына берген бір жауабында әр кезде көңіл ашар, тапқыр жайлар еске түсе жүрді. Оның тобына, өзіне де Америкада жүргенде Венгрия мәселесін, оқиғасын қайта-қайта атап, тың сұрау етіп алдарына көлденең тарта беріпті. Соған бірнеше жауап бере жүріп, ақыры бір кезекте жолдас Полянский:

— Сіздер Венгрия оқиғасы турасындағы сұрақты біздің Отаннан келген адамдарға жылдар бойында қайта-қайта бере бересіздер. Кімдерден неше рет сұрамадыңыздар осыны? Ал енді осы сұрақтың тозатын кезі жетпеді ме? Жоқ әлде бұл сіздердің шайнап жүретін резинка сағыздарыңыз ба? Шайнай-шайнай жүргенде не жұтып та қоймайсыздар, не түкіріп тастауға мұршаларыңыз болмайды. Венгрия мәселесі де сіздер үшін соған айналған деп білемін, — деген екен.

Біздің жоғарыда атаған әдебиеттік бірер фактіміз жөнінде соны айтуға мейлінше боларлық. Бұл конференция соңынан Американың үлкен газеттерінің бірі “Вашингтон пост” ұстамды, қысқалау ғана тұжырымды ақпар берді. Осыдан соң Вашингтонда біз көбінше астана қаланың өзгеше орындарын аралаумен болдық.

Сол қатарда Америка Құрама Штаттарының үкімет үйі Капитолийде болдық. Мұнда Американың конгресі — сенаты мекен етеді. Сенаттың мәжіліс залында болған шағымызда Құрама Штаттардың оңтүстік штаттары атынан бір сенатор сөйлеп тұр екен. Соңғы кезде терістік штаттар мен үкімет басшылығы оңтүстік штаттары негрлердің праволарын кеңейтуді мақұлдайтын жаңа заң жобасын — “Билль” енгізген. Негрлердің теңсіздігі әлі де орасан күйде Құрама Штаттардың оңтүстік штаттарында мол орын алады. Сол заңға сөйлеп тұрған сенатор оңтүстік штаттары атынан қарсы сөйлеп тұр.

Мәселеде, тартыста сырт көзге елеулі, оқшау көрінгенмен, залда отырған сенаторлар қатары өте сирек. Спикер (бастық) болса іші пысып, қажыған адам қалпында зорға төзіп отырғандай. Бірақ тыңдаушы ажарына қарап тұрған сенатор жоқ, ол өзінің қарсы пікір жобасын мол қағазға жазып алған қалпында саспай, баппен баяулап оқып, мәлімдеп тұр.

Сенат залының қонақтар отыратын жоғарғы орындарында әр тұста, әр топ адам байқалады. Ол – жай халық. Бұлардың арасында негрлер, индеецтер бары байқалады. Солармен қатар католик дінінің ресми қара киімдерін, ақ астарлы қара жаулықтарын жамылған екі сопы әйел де отыр. Капитолийдің ішінде конгресс залын да көрдік. Ол алдыңғы сенат залынан сонағұрлым көркем дерлік. Жалпы Капитолий сұлу үйдің бірі деуге болады. Қазір оның төбесіне жаңғырта түзету әрекеті істеліп жатыр екен.

Бір кезек біз Вашингтон қаласын араладық. Вашингтонда толып жатқан министрліктер үйлері бірінен-бірі басымдай түскен әр алуан архитектурамен жасалған. Бір көшелер тегіс, тұтас шетелдер елшіліктерінің ғана көшесі. Америка президенті тұратын “Ақ үй” айналасындағы паркпен оқшауланып тұр. Бұл үй-имараттардың бәрінен биік шаншыла біткен ақ обелиск – президент, ертеде болған, осы астана соның атымен аталған. Американың атақты президенті Вашингтонға арналған ескерткіш. Вашингтонда үйлер көбінше төрт-бес этаждан артық емес. Үйлер арасында дуал, бөлік, жік жоқ. Бір үйге бір үй өзіне бөлек қайталамайтын қызық іздену бойынша қалыптасқан стилі, архитектура өрнегімен қатарласа, жалғаса тұра беріседі.

Вашингтонда ағаш та, көк те мол. Ағашының дені зәулім биік, мол бұтақты, тармақты, алып платан ағаштары тәрізді. Сырт шолып, қаланы аралап танысуда біз Вашингтон Нью-Йорктен мүлде бөлек екенін аңғардық. Бұл және өзінше өте сұлу қаланың бірі. Ал Нью-Йорк екеуін ешбір жағынан салғастырып, қатарластыруға келмейді. Және екеуі де мүлде екі бөлек-бөлек, басқаша мемлекеттердің бірінен-бірі аулақ, алабөтен екі астанасы тәрізді.

Вашингтонда мұсылман елдерінің елшіліктері көп болғандықтан, мұсылман мешіті де бар екен. Жұма намазына 17-18 мемлекет елшілері, елшілік қызметкерлері осы мешітке келеді екен. Вашингтонның өзінде де шамасы 500-дей ұдайы тұрғын мұсылмандар бар десті. Мешіттің имамы Мысырдың арабы екен. Мен мұнаралы мешіт болғандықтан, мұның мәзіні азанды қалай шақырады екен деп сұрағанымда, мешіт адамы күлді де: ол жөнінде қазіргі радиотехниканы пайдаланамыз, – деді. Азанды запасқа

шақыртып, пластинкаға түсіріп алады екен де, бес уақыт намаздың азанын Вашингтон мешітінің мұнарасынан радиорепродуктор арқылы қышқыртып шақыртып алады екен.

Вашингтонды аралау үстінде мұндағы мәдениет ескерткішінің ең зоры дерлік екі жайда болды. Біреуі – Конгресс кітапханасы, екіншісі – Шекспир кітапханасы. Конгресс кітапханасының аты болмаса, іс-заты жағынан Америка конгресіне байланысы жоқ кәдімгі мемлекеттік кітапхана. Бірақ дүниедегі ең бай кітапхананың бірі деседі. Мұнда он бір миллион кітап бар екен. Ішінде 21 оқу залы бар. Жалпы құрылыс жағынан Англиядағы атақты Британский музей үлгісінше қалыптасқан. Сұраған кітапты ең ұзағанда 20 минут ішінде өзiр етеді.

Мұнда славян бөлімі деген бөлім бар. Ол өзіне бөлек мол ымарат. Кітапхананың үлкен үйінен славян бөліміне жер асты көркем туннельмен қатысады. Бұл бөлімдегі орысша кітаптың саны екі жүз мың десті. Осы күндерде жылына сегіз мыңдай кітапты Совет Одағынан алдырып тұрады екен. Сол қатарда Украинадан жылына бес жүздей, Қазақстаннан, қазақ кітабынан жылына елу шамасын алдырып тұрады екен. Кезектескен кітап ауысу әрекетінде Тбилисiмен байланысымыз айрықша мол деседі.

Осы кітапхана ішінде төрт жазушы біздің төртеуімізге де өз кітаптарымыздың Конгресс кітапханасындағы бар тізімнен каталог жинап берісті. Менің кітабым орыс, ағылшын тілінде болумен қатар, сол менің еңбегім туралы жазылған Кедрина, Айқын Нұрқатов еңбектері де бар.

Вашингтондағы екінші бір ерекше мәдениет орны дегеніміз – Шекспир кітапханасы, Шекспир заманы мен еңбектеріне арналған кітапханалар ішіндегі дүниежүзіндегі ең бай кітапхана осы десті. Бұған дүниежүзінің шартарабынан Шекспирді зерттеушілер көп келеді екен. Көбінше сол келгендердің жол қаражаттарын да бұл кітапхана өзі төлейтін дәстүр бар екен. Мұнда жалпы Британия тарихының XVI–XVII ғасырларынан да көп деректер бар. Кітапхананың ішінде тап ортада атақты Шекспир театрының өзін де қаз-қалпында орнатып, музей етіп қойған. Бұл театрда сахна екі этажды. Шымылдығы да екеу. Әрине, мұндағы айырмасы – Шекспирдің өз театрында төбесі ашық, шатыр болмаған болса, мұнда төбесі жабық, шатырлы.

Осы кітапхана мен театр да түгел бір ғана адамның — Фоулджер деген кісінің жеке бас өз қаражатына салынған. Қазіргі салт дәстүрі бойынша Шекспир кітапханасы баяғы Шекспирдің өзі заманынан бастап бүгінге дейін қай жерде Шекспир спектакльдері қойылса, қай тілге аударылып, қай мемлекетте ойналса, соның бәрінен суреттер, документтер, деректер жинап отыруға құмар екен.

Мен “Асауға тұсауды” қазақ сахнасында қою үстінде Шәкен Аймановтай СССР халық артисінің, Хадиша Бөкеевадай Қазақ ССР халық артисткасының үлкен даңққа ие болғанын айтып ем, кітапхана директоры “Асауға тұсау” туралы менің көп мәлімет суреттер жіберуімді талап етіп қалды.

Бұл кітапханада Шекспирдің өз мұраларынан басқа Шекспир заманында белгілі болған атақты жазушы, ғалымдар еңбектері мол. Шекспир оқыған кітаптар тобы бір бөлек болса, оның оқуына мүмкін деген кітаптар да бөлек жиналған. Және Шекспир трагедияларына, комедияларына себеп, сілтеу саналатын тарихтық, архивтік, әдебиеттік көптен-көп деректері мол жиналған.

Сол қатарда Англияның Елизавета королевасының, король Яковтың дәуір документтері, Мария Стюарт уақытының документтері, философ Бэконның еңбектері, Макиавелли аудармасы немесе 1616 жылғы карталар бар.

Тағы бір ерекше жай — Шекспир театрында болған сүфлер пайдаланған пьесалар нұсқалары және де көп жиналған.

Вашингтондағы мақтаулы өнер орны — ұлттық галерея. Біз онда тек жаңа сурет-живопись бөлімін толық қараған едік. Америка мүмкіншілігі бұл галерея қолына ескінің де, жаңаның да көп қызықты, елеулі үлгілерін мол жиған. Сондықтан жаңа сурет өнерінің шеберлері деп саналатын Сезанн, Ренуар, Моне, Яманэ, Поль Гоген бәрі бар. Мұнда өзгеше бір үлгіні танытады деп санашылдық жолдағы Мексиканың күшті шебер суретшісі Сальвадор Дали салған “Тайная вечеря” діншілдік нанымның бір сәтін баяндайды. Мұнда Ғайсаның екінші тірілуінің символы буалдыр-бұлдыр қалыпта бейнеленген, Америка буржуаздық эстетикасы ұнататын суреттің тағы бір алуаны осындай мистикалық ізденгіштік болса керек. Бай галереяда, әрине, Пикассо

да бар. Атақты француз шебері Жан Люрса кездеседі. Сол қатарда Матисс, Марке, Андре Дерен тәрізді көп, бір арадан қатарымен сирек ұшырайтын көп суретшілер еңбектерін көрдік.

Вашингтонда кешкі бір шақта үлкен орталық көшесінің біріндегі киноға барып ек, онда “Джек-Потрошитель” – “Қырғын Жак” суретін көрдік. Қырғын десе дегендей, бұл тек қана қантөгістің сұмдық бір сорақы қылықтары. Бір адам бір әйелден соң бір әйелді пышақтап өлтіреді. Әрқайсысын бейуақ шақтарда қараңғы, қалтарыс, адам жоқ шолақ орамдарда кездестіреді. Әр құрбандығын белгілі бір пышақпен жүрекке сұққан жалғыз жарамен құртып, жойып отырады. Суретте терең, қиын оқиға, өзгеше мән-мағына да жоқ. Бірақ барлық “қызығы” дерлігі қанжар, қан, өлтіру, жою, өлу-өшу жөнінде болуында.

Америка өнері дейтін өнердің қалың ел, мол қауымға, кәрі-жасқа түгел тарайтын бір саласы кино мен телевизор болғанда, олардың ең мол ақша табар тартымды үлгілері осындай қантөгіс сұмдықтарға толы оқиғаларда, суреттерде, кино әңгімелерде болады екен. Соның басын осы суретпен бастап, біз Вашингтонның орталық көшесіндегі жақсы жайғасқан кинотеатрының біреуінен көре бастадық. Мұндай көркемөнер, болмыстар – бүгінгі Американың әрі шындығы, әрі соры. Мол соры, сұмдығы. Бұл жайларды келесі қалаларда және де еске ала отырармыз.

Вашингтонда көрген, естіген, түйген жайларды әзірше осымен аяқтай отырып, енді Нью-Йоркке аттанайық.

Нью-Йорк

Нью-Йоркке біз поездбен келдік. Бұдан соң да бірнеше қалалар арасында Америка Құрама Штаттарының әр жолдағы поездары мен әр алуан вагондарына мініп жүрген кездеріміз болды. Сондықтан жалпы поездбен жүретін жүрістер туралы кейінірек қорыта сөйлерміз. Әзір біз Нью-Йорк қаласында сегізінші авенюдегі үлкен гостиницаның бірі – “Барбизон плаза” отельге кеп түстік.

Нью-Йорк, көпшіліктің естуіндегі, дүниежүзінің бар қаласынан бар үлгісі бөлек қала. Бұл көлемі тарлау тас арал Манхэттенге орналасқан, көп заманнан бері қала өсіп,

халық көбейіп, аралдың жері таршылық ететін себепті, бірінің үстіне бірі салынатын көп қабат тас үйлер мезгілден-мезгіл өткен сайын биіктей берген.

Сонымен, біздің ғасырдың алғашқы он жылдардың шамасында Нью-Йоркте жиырма этажды үй бар деген ертегідей көрінген шақ болып еді. Одан бертінде отыз этажды үй, кейін қырық этажды үй де зәулім ғаламаттар саналды. Одан бері келе елу этажды үй ең биік үй саналды. Тағы бір кезекте жетпіс этажды үй тұрыпты деген аңыздай анықтан туған лақап кетті. Ал міне, біздің ғасырдың қазіргі орта шенінде Нью-Йоркте жүз екі этажды Эмпайер Стэйт Билдинг әлемге әйгілі ең зор небоскребтың өзі боп тұр.

Нью-Йоркте, дәл саны есімде болмаса да, сегіз миллион халық бар дегелі көп болды. Ал мұның айналасына топталған әлденеше қала және бар. Осылардың тобын алғанда 14 миллион халқы бар деп саналады екен. Американың, тегінде, мәдениетті үлкен қаласының көбінің айналасында әлденеше топ-топ кіші қалалар қоршап, тұтасып кетеді екен. Мысалы, кейін біз барған Массачусетс штатының үлкен қаласы Бостонда сегіз жүз мың тұрғын бар. Ал айналасындағы қырық қаланы қосып санағанда, екі жарым миллионнан артық тұрғын жұрты бар боп шығады. Ал әлемдегі ең үлкен қала саналатын Нью-Йорктің көше пландауы өте ұқыпты, бір есеппен тұрғын, келгін адамға оңай ұғылып аңғарылатын қалыпта жасалған. Мысалы, терістіктен оңтүстікке қарай қаланың ұзақ бойында он екі ғана авеню бар да, көлденең шығыстан батысқа қарай жүз елу алты стрит аталатын көшелер бар. Барлығы номермен аталатын болғандықтан, есте қалу да оңай және қаланы білмеген адамның адаспай жүруі де өте оңай. Соған қарап Маяковский Нью-Йорктің планына сүйсіне тамашалағандықтан: “Тулада адасу оңай болса да, Нью-Йорк көшелерінен адасу мүмкін емес”, – деген.

Қаланың ортасында аса үлкен парк бар. Содан басқа, өзге көрікті үлкен қалалардай, Американың өзінің де өзге қалаларындай емес, Нью-Йорктің көшелерінде көк жоқ. Жалпы Нью-Йорк жайлы ойлағанда, озғын адамзат цивилизациясы жиырмасыншы ғасырдың орта кезінде осылайша қалыптап келген анық мәдениеті зор, анық зәулім алып қала осы дейсің.

Мұндағы бір көпір – аспалы Бруклин көпірі жөнінде Маяковский айтқан еді: “Бруклинский мост? Да, это вещь!” – деген. Ол дүниежүзіндегі төменгі тірексіз істелген аспалы көпірлердің ең үлкенінің бірі екен.

Он екі авенюдің біреуі атақты Бродвей, оның қала бойындағы ұзындығы отыз үш-отыз төрт километрдей саналады. Жүз елу алты стриттің біреуі атақты Уоллстрит – Нью-Йорк биржаларының, банктерінің тар ұясы. Жүз екі этажды Эмпайер Стэйт Билдингті алғашқы салдырған иесі бір жылдың ішінде жиырма алты миллион долларға түсірген екен. Қазіргі екінші иесі елу миллион долларға сатып алыпты.

Біз осының басына шыққанда сексен бес этажда бір жарым минутта көтерілдік. Қалған он бес этажына да сондайлық шапшаңдықпен көтереді. Зәулім биік мұнарасынан бар айнала атырапты толық көрсетеді екен. Ең жоғарғы екі этажда Нью-Йорктегі телевизиялық он компания өздерінің теле биіктерін орнатыпты.

Түнгі Нью-Йорк әсіресе толып жатқан мол бояулы өте жарық сансыз көп машиналарға толық қайнаған қызу тіршілік белгісін білдіреді. Жүз бояу десе болғандай, реклама, вывеска, жаңалық хабарлар, кинолар мен театрлардың, ресторандардың үлкен жарықтары, магазиндердің әр бояулы жарықпен бұландап шақырып тұрған витриналары, көп қабатты үйлердің терезелерден төгілген жарықтары, көшелерде жүрген машиналардың фарлары, әртүрлі сигналдар – бәр-бәрі қосылғанда, мың бояудың той-тоғысы дерсің.

Бродвейдің отыз километрден асқан ұзын бойы дәл осындай қайнай жайнаған қан базар, бояулы жарықтар атойларын салады. Осындай Нью-Йоркті бүгінгі бар байлық, барлық ірілік-молдығымен еске алумен бірге, көңілге қатар өзге де заңды ой келеді. Рас, капиталистік мәдениет жиырмасыншы ғасыр ортасында бүгінгі ең бай мемлекет, ұлы мемлекет Америка Құрама Штаттарында өзіне осындай ескерткіш тұрғызған екен. Жә, бұл Американың мұндай мәдениет жасауындағы жағдайы қандай еді десек, ол екі жүз жыл бойында өз жөніндегі соғыс атаулыны көрмеген екен. Баяғы шақта Терістік пен Түстік соғысы, азаттық үшін соғыс дегендердің бәрі шын мәніндегі үлкен соғыс боп

көрген емес. Сөткесіне жүздеп қана саналатын винтовка оғын шығарған соғыс бүгінгі адамға қандайлық баланың аударысындай болымсыз әлек. Және сол екі жүз жылдан бұрынғы Америка мәдениетіне ірге негіз болған мәдениеттерді еске алсақ, ол да бір алуан нық ойландыратын жай.

Ол замандағы мәдениетті Европаның ең алдыңғы қатар өнері бар англо-саксон, роман, герман және басқа да солар шендес елдердің өз заманындағы білімі, техникасы, мәдениеті, қару-құралы – бәр-бәрі де Америкаға әр саладан өз сайының өнер суларын құйған. Америкаға мұхитты басып озып баруға жараған кеме қандай мығым еді. Барған соң кемінде жүз жыл бойы соғыса жүріп, тұқымын құртқан, Америка байырғы жұрттары индеецтерді қырып-жойған отты-оқты соғыс құралдары қандай тигіш, қандай қырғын, өртегіш еді. Жердің тереңін қазса, түбіне дейін бойлай алатын, бетін жыртса, нелер дәмді өсімдіктер шығара алатын, дәрмені мен пәрмені бірдей, ықпалы қатал көбеген мәдениеті өзі барып сол екі жүз жыл бұрын-ақ көптен орнаған өлке кейін осы бүгінгі Нью-Йорктей мәдениет ескерткішін туғызатын тарихтың төркіні зор мәдениет болатын.

Осыны ойлап, Нью-Йоркке барған әрбір біздің Отан адамындай, мен өзім де өзіміздің системаның бүгінгі капиталистік мәдениетпен бүгіннің өзінде-ақ жарысқа салар, жарқырап шығар талай жайларын ойға алдым.

Ең әуелі Ұлы Октябрь туғаннан бері биыл қырық үшінші-ақ жыл. Жалғыз адамның толық өмір жолы да емес болғанда, әуелі біз үш үлкен соғыс бейнетін көріппіз. Үш соғыстың жарасын, жарақатын көтере жүре, сонда біз бүгіннің өзінде-ақ нелер істеп үлгіргеміз деп ойласам, көз алдымнан біздің Ұлы Отан тудырған, жаңа жасаған тың теңіздер шалқиды. Батпақты сор өлкелерді ырысы мол өлке ету, сан шөлстанды нелер мырзастан етуде, сахараларды дәндендіру, үлкен аймақ өлкелерді қайта жарату (өзгерту), жүздеген халықтар тағдыры мен тарихын бақытты етіп жаңғырту – осылардай кереметтерді тудыра білген құдіретті күш тек спутниктер ғана жасап отыр ма, тек баллистикалық ракеталар беріп қана қоймақ па екен, – деп салғастыра ойлай бастасаң, өз ішінде өзгелердің де кейбір жақсылығын, жалпы адамзат қорына олжа боп қосыларлық техникалық

цивилизациялық табыс жаңалықтарын кең көңілмен де әділ сынап алуға, талғап-таңдауға боларлықтай.

Қазіргі әлемде дүниежүзілік екі ұлы мемлекет бетпепет тұрған шақта, сол бәсекедегі мемлекетке барғаныңда іліп алары немене екен? Біздің кезінде керегімізге жаратарлықтай, жалпы адам баласының күнделік тірлігіне жарарлық жаңалықтар бар ма екен, қандай екен деген тұрғыдан қарау біздің де Нью-Йорктегі жүргендегі мақсатымыз болды. Әрине, бұлай толғап қарағанда Нью-Йорктегі бардың бәрі ауыздың суын құртып тамсандыра берген жоқ. Жоғарыда біз атаған бізден бұрынғыны да, біздің замандастарды да сүйсіндіретін кейбір ірі жайлармен қатар, Нью-Йоркте капиталистік системаның нелер өрескел сорақысы, ойсырап жатқан олқылық аз емес.

Американың бізге дос бейілі бар орта адамы көпшілігі десек, сонымен қатар Америкада ірі капиталистер, неше алуан империалист, милитаристер жайлаған дүние мол. Сондықтан өз еңбегімен күн көретін Америка адамын орталық американец, анық халық өкілі дейтін орташа көпшілік солар дедік. Біз осылардың көбімен ұшырасу, кездесу қалпында істес болдық. Бірақ осы топтың өзі де тіпті бізге деген көңіл, бейілдің өзінде де бірқалыпты емес, капиталистерге қызмет етіп жүрген, өз еңбегімен күн көретін орта буын адамдардың ішінде де доспен қатар біздің Отанымызға қастық ойлары жойылмаған жандар да көп. Бізге көп ұшыраған орта буын американец дегендер кім десек, олар – журналистер, жазушылар, оқымыстылар және әр алуан мамандықтағы дәрігер, оқытушы, университет профессорлары және сол университеттердегі қалың қауым, жас қауым – американ студенттері.

Нью-Йорк – бар Америкадан іздейтін адамдардың, әр алуан ерсілі-қарсылы жайлардың, ерекшелік болмыстардың бар қайшылықпен қиын-қияс және оқшау, өзгеше қызық, тамаша жайлардың да тоғысқан ордасы. Сондықтан да біз Нью-Йоркте өзге қалалардың барлығынан көбірек болдық. Америка жаңалығы дейтін жайлардың бірталайымен осында молырақ таныстық деуге болады.

Әуелі Нью-Йоркте көргендерді санап өтсек, ең басы біз жазушы болғандықтан, жазушы, журналистер топтарына, жеке жандарына көп ұшырастық. Бірнеше ірі жазушы,

ірі журналистердің немесе сыншылардың өз тұрғын үйлерінде қонақта да болдық. Сол қатарда былтыр біздің Одаққа келіп қайтқан Альфред Кейзн сыншының үйінде қалада болдық және Америкадағы ең бір мол тарайтын даңқты журнал “Сатердэй-Ивнинг” журналының редакторы, біздің Отанға достық бейілі бар Норман Казинс шақыруы бойынша Нью-Йорктен алпыс миль жердегі тоғайдағы үйіне қонаққа барып, көп басқа шақырылған әдебиет, мәдениет қайраткерлерімен бірге тұтас бір күнді сонда өткіздік.

Бірнеше белгілі романы бар, өзі халықаралық жазушылар ұйымы мен клуб мүшесі миссис Женуэй үйінде қонақта болдық. Мұнда да едәуір мол жазушылар, сыншылар, журналистер болды. Пен-клуб жазушыларының қоғамына да қонаққа бардық. Америка жазушыларының лигасы аталатын жазушылардың авторлық правосын қорғайтын қоғамда болдық.

Сонымен қатар Американың кітап баспасы орындарының иелері — жиырма шамалы капиталист кітап басушылармен ұшырастық. Атақты жиырма бірінші клуб дейтін клубта Нью-Йорктің кейбір жазушылары мен журналистері шақырған арнаулы мәжіліс кеште болдық. Нью-Йорктегі осы сапарда бізге бұрын келіп қайтқан қадірлі қарт ақын Карл Сэндбергпен жеке арнай ұшырасып, аса бір бағалы сәттер өткіздік.

Дәл осы күндердің кештерінде мен Бродвейдегі белгілі екі театрдың биылғы сезонда аса өнімді, даңқты боп тұрған екі спектаклін көрдім. Тобымызбен жүріп, Вашингтонда бастағандай, тек Американың өзінде ғана көруге болатын, өткен жолда біз атаған Американың кейбір сорақы суреттерін де көре жүрдік. Номеріміздегі телевизор арқылы әрбір демалыс сәтінде жұртшылыққа Америка телевизиясы не беріп жататынын көріп, танумен болдық.

Келелі бір әңгімені “Сатердэй-Ивнинг” журналының редакциясында көлемді бір дискуссия ретінде өткізістік. Осы күндерде біз ООН-ның мекен-жайын түгел аралап, бір түскі асты соның ресторанында іштік. Ал Нью-Йорктің өзінің ішінен аралап көрген ірі жайларды атасак, Метрополитен музейі аталатын Құрама Штаттардың ұлы музейінің бірінде болдық. Осындағы аса даңқты университет — Колумбийский университеті аталады. Оның славян филологиясы

бөлімінде украин мәдениетінен басқа біздің Одақтың бірнеше елдерінің де тілдері оқылады екен. Сол қатарда өзбек, азербайжан, армян тілдері оқылатынын білдік. Колумбийский университетте жақын заманда “Қазақтың батыр жырлары және оның өзге эпостармен жалғасы” деген тақырыпта магистрлік диссертация қорғалыпты. Және сол бөлімде өзбек эпосы туралы да арнаулы докторлық диссертация қорғалған екен.

Осы күндерде біз атақты Нью-Йорк биржасында да болдық. Нью-Йорктің кешкі қызық сауық орындарының бірі саналатын Мюзик-холлды да көрдік, онда “таңдамалы шолу” ретінде әр алуан өнер көрсетілді. Жиыны екі жарым сағаттық уақытта мұнда әр елдің билері де, цирк ойындарының үлгілері де, ковбойлар биі де, симфония оркестріне жалғас киносурет те – бәрі де Мюзик-холл атына сый беретін аламыш қоспалар көрінді.

Мен бұл шаққа шейін мол Нью-Йоркте бірнеше күн көргендердің аттарын атап өттім. Енді осы көру, кездесу, кейбір кеңесулердің ішінен ерекше боп ойда қалған біздің оқушыға керек боларлық кейбір жайларға қайта оралайық. Рас, бұл қалада көргеніміз көп болғандықтан, аз да болса рет қатары кезектессін деп бірнеше топ тақырып атайық. Соның бірі – Нью-Йорктегі көркемөнер орындары, екінші – ғылым, тәрбие орындары. Үшіншісі – жазушылар ортасы, төртінші – журналистер топтары болсын.

Көркемөнер, сурет өнерінен зор, мол қазынасы жиылған Американың атақты Метрополитен-музей, Нью-Йорк театрлары, Нью-Йорктегі кино, телевизор өнерлерінің бізге көрінген көріністерін еске алайық.

Ең алдымен көркем сурет, живописьтің мол ортасы – Метрополитен-музейде біз тек қана жаңа суретшілер үлгілерін, туындыларын ғана көруге бекіндік. Ескі классикалық сурет, скульптура қазыналарының нелер сирек, бай үлгілері бұл музейде мол екені күмәнсіз. Себебі ол бұл дүниежүзіндегі ең бай музейдің бірі. Ал жаңа сурет өнері десек, оның да бар дүниедегі нелер ірі суретшілері өздерінің неше алуан жаңа туындыларымен, әрқилы ізденулермен сол музейдің жаңа бөлімінде мол көрсетіледі. Біз мұнда, мысалы, Роденнің көп еңбектерін – эскиздерін көрдік.

XX ғасырдағы Американың реалистік мектебі дейтін топқа қосылатын Реджинальд, Гирш, Марш сияқты суретшілер еңбектерін көрдік. Сол қатарда Ричард Липпольд жасаған “Күн” аталған бір жаңа еңбек көрдік. Ол алтын өрмектен және жалпақ жалтыраған алтын табақшаның өзінен бояусыз жасалған бір өрнек (конструкция). Бұл әдеттегі суреттер сияқты жақшаға бөленген емес, қабырғаға да ілінбеген. Аспаннан төмен қарай асулы түр. Өзінде өрмекші өрмегіндей, әлде жұлдыздай ма, әйтеуір тірі жәндік қозғалыс бар сияқты. Бұл жаңа суретшілік ішінде конструкционизм үлгісінің бір алуаны.

Осы суреттер қатарында Джим Эрнстің “Тыныштық” деген бір суреті бар. Бұл да өзінше бір алуан ізденуді аңғартады. Сенімді батыл бояумен қап-қара көк түн ажары берілген. Соның атын “Тыныштық” қойған. Сол қатарда өздерінің әртүрлі даулы ізденулерімен көңілге қонымсыз, кескін-кейіп тұрпаттарды аламыштай араластыратын жаңа бір суретшілер тобы – сюрреалист аталатын суретшілердің де еңбектері бар.

Осы жаңалықтар арасында Иван Лелорен Олбрайт салған бір алуан жұмбақ сурет бар. Ғаламат жүзді бір қарт отырады. Қолындағы қолғабына қарағанда жүк тиеуші тәрізді. Қарттың жүзі көп ой салатын мағыналы жүз. Осы суреттің аты – “Өткінші заман, мені қартаю үстінде сақтағайсың” делінеді екен. Әрине, бұл бөлімде Пикассоның бірнеше көрнекті туындылары бар.

Ван Гог, Моне, Гоген көп суреттерімен осында тоғысқан екен. Ван Гогтың “Кипарис” және “Күнбағыс” аталатын суреттері анық қызық ескерткіштей.

Жалпы алғанда, Метрополитен-музейіндегі жаңа суреттердің көпшілігін көргенде түсінейін десең – дауласа-сың, сүйсінейін десең – әсірелеген жасандылығын ойлап ызаланасың.

Жоғарыда біз атаған бірнеше көз тоқтатар нәрселер – ол көп ішіндегі төбелдей, көл ішіндегі ұсақ-ұсақ аралдай ғана көз тартып, көңіл тоқтатар сәл-сәл жайлар ғана.

Нью-Йорктің көркемөнер қатарының бірі, тағы бір молы театрлары. Әдетте кино көбейгелі театр азая түсті дейтін жалпы бір сөздер қай жақта болса да естіле жүретіні мәлім.

Ал Америкада осы күнде киноның өзіне де зәулі шыққан, ол – телевизор. Бірақ осыларды айтумен қатар, Нью-Йоркте театрлар аз емес екенін арнай, атай кету керек. Бір күнгі кешкі газеттегі жарнамаларға қарағанда, Нью-Йорктегі жалпы театр саны отыздың ішіне жететінін оқыдым.

Ал Бродвейдің бір өзінің бойында талай белгілі театр бар көрінді. Жазушылар мен сыншыларға сұрақ беріп байқағанда, биылғы жыл репертуарында талантты, көркемдік қасиетімен тартымды жаңа пьесалар жоққа тән дескен еді. Сонда да Бродвейдегі театрлардың ішінде биыл халық әсіресе көп баратын екі спектакльді екі театрдан өзім көрдім. Біреуі былтыр Совет Одағына келіп қайтқан Америка сценарист-драматургі Пади Чаевский жазған “Оныншы адам” атты пьеса. Екінші – “Ғажайып жасаушы” деп аталатын Гипсонның пьесасы.

Осы екі спектакльге де халық аса мол барады екен. Бродвейдегі өзі атақты театрлар болса да, мұнда театр үйлері үлкен емес. Залдары драма театрларының ықшам залдары. Сыртқы киімді көпшілік қолдарына ұстаған бойда орындарына ала отырысады.

Бірінші спектакль күлдіргі болғанмен, жазушылық соншалық терең табыстай боп танылмады. Күлкісі жеңіл, адам басындағы күй жайы, тартысы үстірт, жеңіл. Мұнда бір жас қызға жын қонады. Соның жынын қуып жою үшін еврейдің намаз жайы – синагогасында арнаулы намаз-дұға оқылып аластау керек. Ал синагогада намаз, қауым боп оқилу үшін, ең кемі он кісі сапта тұруды шарт етеді. Мұнда әңгіме сол оныншы кісі тұрасында, өзге тоғызы бар, бірақ оныншы жоқ. Сол оныншы кісіні синагогаға телефонмен алдаумен, айламен, әр алуан күлкі себеппен шақыру болады. Ақыры қыз дін адамдарының намазынан жазылмайды. Дінге нанбайтын көлденең бір жігіттің көлденең әсерімен жынынан жазылып шығады.

Күлкінің көбі ерсі, қайшы жайларды оқыстан тоғыстыру себебінен туады. Мысалы, діндік ескі шарт, қағида қатарына бүгінгі Нью-Йорктің дәл қазіргі болмысы, фактісі оқыс қосылып кетіп отырып, ойда жоқ болымсыздан да күлкі тудырады. Бірақ шынға келіп, ойға салғанда бұл спектакльдің күлкісі де, тартысы, бар болмысы да адамдық көркем

келісті шындықтан туған күлкі емес, көпшілікті зорлап, қытықтап күлдіргендей. Әр алуан ерсілікпен күлдіруге арналған.

Мен көрген екінші спектакль бұдан әлдеқайда мәнді, келісті де. Онда Америкада тірлік еткен Хеллен Келлер дейтін өзгеше бір әйелдің кішкене қыз, балалық шағы суреттеледі. Хеллен Келлер, тегінде, туғанда соқыр, саңырау, мылқау болып туған. Он екі жасына дейін ол сол меңіреу, есалаң қыз бала боп өседі. Мынау пьесада үш акт бойынша сондай жарым ес, мүгедек әйел баланың ең алғаш есін кіргізіп, мылқаулар ымымен сөйлетуге үйрете бастаған мықты тәрбиеші әйелдің тартысы, еңбегі, табысы танытылады. Осы спектакльде он екі жасар Хелленді ойнаған кішкентай қыз артистка және оның тәрбиешісі өзі де, кезінде жас күнінде кем-кетік боп өскен тәрбиеші әйел рольдері аса шебер орындалды. Сол тәрбиеші болған артистка шын ғажайып жасаушы жанның бейнесін ішкі-тысқы құбылыстарымен, мың сан әрекетімен көңілге аса қонымды етіп бейнеледі. Біз Америкада жүргенде осы әйел актрисаның суреті сан газет-журналдарда, киножурналда, телевизор экрандарында аса көп көрсетіліп, алғыспен аталып жүрді. Оның күйініш, үміт, іздену, қиналу, күлу, жылау, оңаша күңірену, қайнай жігерлену, ғаріп жан үшін тұтанып жану сияқты ішкі көңіл күйлері қырлаған алмас құбылыстарындай көңілге оттай басылды.

Мен өз байқауымша, Американың сахнасы мен экрандарында бұл жолы да осы актрисадай үлкен шебер өнері артқан суретші қуатын көрмесем керек.

Нью-Йорктегі көркемөнерден енді бір мол көргеніміз, әрине, кино мен телевизор экрандары. Америка киносында, әрине, “Жағада” атты дүниежүзілік бейбітшілік үшін күресудің жолында туған атакты зор жаңа фильм бар. Осындай бірен-саран өзге де халықтар достығына демократиялық сарындағы өз идеясы әсерлерін қосатын аздаған санаулы суреттер жоқ емес. Сонымен қатар ескі дінге байланысты, әсіресе христиан дінінің аңыздарынан, яһуди дінінің аңыздарынан алып жасалған мол-мол суреттер бар.

Біз көре алғанымыз жоқ, бірақ естуімізше, “Сүлеймен пайғамбар мен патша қыз Савская” жайындағы сурет мол болып жасалған деседі. Ал біз көрген сондай суреттің

бірі – “Бенгур” Римнің Палестинаны өзіне бағындырған отаршылдық, басқыншылдық дәуір тартысын көрсетеді. Бұл суретте Ғайсаның пайғамбарлығы, кейін көрген ғажаптары, жарымжандарды жазған мұғжидалары және өзінің дарға асылуы да баяндалады. Сурет үш жарым сағат жүреді. Мұнда ескі Рим әдеті бойынша қос дөңгелекті Рим күймесіне төрт-төрттен жегілген бөйге аттардың Рим циркінің аренасында көп қатарлармен жұмыла жарысқан өте қызық бөйгесі көрсетіледі. Жиырма минуттай созылатын осы жегулі бөйге аттар жарысының үстінде кейбіреулер күйме астына түсіп, күйрей құлап қан болып жатса, суреттің бас геройлары қатты жаулық бөсекеге түсіп, жарыс үстінде қан төгіседі.

Сөйтіп, діншіл тақырып діндар көңілмен жасалған қалпында, кейбір бүгінгі заманның отаншылдық, отаршылдық сияқты бүгінгі адамға түсінікті әсерлі қалыптарында да уақиға арқауына араласады. Суреттің аса мол шығын шығарылып, қымбатқа түскен сурет екені байқалады. Осындай ескі тақырыпта діншілдік қалыпта жасалған суреттер Американың қай зор қаласының болса да үлкен экрандарын, үлкен залды кинотеатрларын ұзақ мекендейтін көрінеді.

Сонымен қатар енді, әсіресе мол және өте бір залалды ықпалы көп, Америкадағы жас буын атаулыны анық, айқын жаман аздыратын мол бір суреттер тағы бар. Олар бұзықтыққа, қан төгуге, адамды адам иттей талауға арналған және сол жайлар өзінше көрер көзге қызық, қыздырмалы оқиға болып қалыптанатынын көресіз. Бұлар нағыз Американың көп айтылатын “Комиксы” дейтін кино суреттерінің, телефильмдерінің (телевизор) мол-мол тобына жатады.

Ол суреттердің кейбірі Америка емес, европалық басқа елдердің ескі әдебиетінен, көне хроникаларынан, аңыздарынан алынған сұмдық мазмұнды қантөгіс әңгімелері болады. Ал көпшілігі Американың өз болмысынан алынып қойылып жататын сансыз көп бұзықтық жайындағы суреттер. Мысалы, сондай суреттің бірі – біз өз көзімізбен көрген “Бір шелек қан” атаулы сурет. Онда бір жолы болмай жүрген скульптор-мүсінші әуелі аңдаусызда қанжар сілтеп бір мысықты өлтіреді. Кейін сол мысықты қанжармен қоса гипспен сылап, мүсін етіп қалыптайды. Өзінің басбұзарлау, іркіштеу

тобына көрсеткенде, олар бұл мүсінді табыс деп таниды, Содан кейін жаңағы мүсінші өзіне келген бір адамды ұрып өлтіріп, соның өлген қалпында өне бойын, басы-жүзін түгел гипспен сылап-сылап, тағы үлкен мүсін жасайды. Онысы жолдастарына және де ұнайды. Кейін бұған келген бір жас әйелді мойнындағы шарпысымен буындырып өлтіріп, одан тағы да жаңағыдай мүсін жасайды.

Содан кейінгі бір мүсінді өзі алысып өлтірген негрдің басынан жасайды. Негрді өлтіріп, оның басын айналма араның астына төсеп кесіп алып, шелекке салып алады да, үйіне әкеп, жаңағы өлі бастың мүсінін қалыптаяды. Осыдан кейін жолдастары оған жасаған өнерінің көрмесін ұйыстыр дейді. Көрмеге мұны тәуір көретін және бұған тигелі жүрген бір жас қыз да келеді. Ал көркемөнердің сыншылары болса, мына мүсіндерді көріп, жаңа бір шыншыл өнердің жолы басталды десіп зор баға беріседі.

Бірақ көрмеге келген қалыңдық қыз суретші өлтірген әйелдің бір тырнағы гипспен сыланбай қалғанын байқайды. Ол тірі адамның тырнағы екенін түсінеді. Сөйте тұрып жаңағы әйелді де таниды. Шошыған, түршіккен жүрекпен айғайлап, мүсінші суретшіге: “Сіз қанішер, кісі өлтіруші!” – дейді.

Суретші бұған ұмтылады, қыз одан қашады. Жетсе – өлтірмек. Бірнеше қысталаң-қиын сәттер өтеді. Қызды өлтірмек боп қуып жүрген суретшінің соңынан өзге адамдар жүгіреді. Соларды аңдаған суретші өзінің енді әшкереленгенін біліп, өзі үйіне қашып келеді де, дереу асылып өліп қалады. Осы суретті біз жұма күні – мектеп балалары сабақтан ерте шығатын күні көп балалармен бірге көрдік.

Сахнада бір сұмдық болып жатса, залда отырған балалар мінездері мен қылықтары одан да өткен сұмдық тәрізденді. Бұл балалар толған зал әрбір өлім тұсында шулап, мәз бола күлісіп, қол соғып, аяқтарымен тақтай тепкілеп, өлтірушінің ісіне қызығып, кәдімгі қоянға тазы итін қосып айтақтатқан аншылардай болысты.

Барлық өлім оларға киносуреттің тапқызбас қызығындай қызу әсер етті. Ірку, іркілу, қорқу-жирену жоқ, қызығу да қызықтау – жас балаларға бүгінгі Американың көп кино суреттерінің беріп жатқан жан жемі осындай болды да,

оны қабылдау да жаңағыдай. Және балаларға сол кинодағы жаңағы суретке билет арзандаған бағамен сатылады.

Бұл көргеніміз, мұндағы еріксіз сезгеніміз бүгінгі Американың бүгінгі бар мәдениетінің сыртқы көркі, техникасы, барлығы, байлығы қатарында мынадай жас буынды жабайылық, қанқорлық, жыртқыштық бағытта баулығандай сұмдық аңғарылады. Солай болмасқа, ойламасқа шара да жоқ. Өйткені бұл біздің көргеніміз бір суреттің тұсында, бірер кинотеатрда ғана емес, ол Нью-Йорк, Вашингтон, Лос-Анджелес, Бостон сияқты үлкенді-кішілі қалалардың бәрінде, барлық кино мен телеэкранның бәр-бәрінде жүріп жатқан күндегі көптен-көп шығармалар. Оларды жасаушылар арасында үлкен конкуренция – бәсеке де бар. Сондай суреттерді туғызумен үлкен капиталдар құрап жатқан компаниялар да бар. Олар Америкада не жазса да болады, не туғызса да болады, қандай кино жасаса да бөгет жоқ, цензура жоқ деген сымақтарды сылтау, арқа тіреу етеді. Сөйтіп, жас буынды жаман, сұмдық, бұзықтық, жыртқыштыққа көзін үйретіп, көңілін көндіріп, әдейілеп бастай баулиды.

Міне, Америка көркемөнері аталатын әлемнің ішінен осындай да өнер болмыстың пішінін көрдік.

Ғылым-тәрбие орындарының Нью-Йорктегі тобынан біздің ерекше көңіл бөлгеніміз, арнай танысқанмыз Колумбийский университет болды. Бұл – Американың ең даңқты үлкен ғылым ордасының бірі. Бұл университет 1754 жылы Екінші король Георг заманында әуелінде колледж болып құрылған. Алғашқы ашылған жылында сегіз студент оқыған екен. Бүгінде отыз жеті мың студент бар деп саналады. Мұның негізгі тұрақты тобы жиырма мың студент көрінеді. Америкада студенттердің бір қаладан бір қалаға ауыса жүріп оқитын дағдысы бар екен. Ол студенттердің өз бетімен жеке тұрар тұрмысқа дағдылануы үшін кірген әдет көрінеді. Жалпы студенттер бұл университетте жылына оқудың өзіне 500 доллар төлейді. Жатақханаға 475 доллар төлейді екен. Бұл үлкен университет, тегінде, мемлекеттік емес, жай адамдар меншігіндегі университет саналады. Студенттердің біраз тобы ерекше жақсы оқыған үздік бағаларына қарай стипендия алатыны да бар. Университеттің кітапханасында үш миллион кітап бар деп саналады. Мұнда әр ғылым саласына арналған

факультет саны мол. Әр факультеттің үй-жайлары бөлек-бөлек болғанда, Колумбийский университет қаланың көп аумағын алады екен.

Мұндағы ғылым дәрежесі – бакалавр, магистр, доктор. Профессорлық өзі үш саты. Толық профессор кітаптар, еңбектер шығарған соң берілетін атақ көрінеді. Тегінде, профессорлық үш саты дәреженің әрбір төрт жылда ауысып отыратын өзгерістері бар.

Филология тарауын алғанда көп тілдер оқылатын көрінеді. Сонда славян бөлімінде орыс, украин тілінен басқа да біздің Одақ елдерінің бір топ тілдері оқылады. Өзбек, азербайжан, армян тілінің курстары оқылады екен. Бұл университетте моңғол тілінің, жалпы түркологияның, арабистиканың, угро-фин тілдерінің белгілі мамандары бар.

Орыс әдебиеті үш сала курстарға бөлінеді. Олар екі семестр бойында XIX ғасыр әдебиеті, содан кейін XX ғасыр әдебиеті және өзіне бөлек совет әдебиеті оқылады екен. Осы бөлімді басқаратын профессор Стильман славян тілдері мен әдебиеттерінің тобын басқарады. Ол бізге осы бөлім студенттері сіздермен ұшырасуға аса құмар, кездестір деп маза бермей жүр десе де, кейін дәл студенттермен кездесетін сағатта сол студенттер жиылмады, біздің байқауымызша, бұл бөлімдер студенттерінің біздермен ұшырасуын факультет басшылығы онша тілемеген сияқты. Ал кездескен аз ғана топ ішіндегі студенттері қияс сұрақ болмаса, совет әдебиетінің бүгінгі шындық табыс, өріс өсуін біле қойғысы келген жастарға ұқсамайды.

Жалпы, университеттен, әсіресе славян факультетінен алған аз әсерлерге қарағанда, Одақтың бүгінгі әдебиет табыстарын, түрлерін арнаулы славян бөлімдерінің өзінде де ойдағыдай деуге болмайды. Оқушылары орыс тілін жақсы білетін тәрізді. Әсіресе өткен дәуірлер әдебиеттерін және тыңғылықты танып білетіндей. Ал совет әдебиетін бірен-сарандаған адамдар жайлы болмаса, көпшілік шындықты біле қоймайды. Бұған екі түрлі себеп бар сияқты: ең әуелі Америка жоғары оқу орындарында славян мәдениетін, соның ішінде бүгінгі Одақ мәдениетін, әдебиетін оқытатындар көбінше ертелі-кеш мезгілдерде Россиядан ауып кеткен ауғын-көшкін адамдар көрінеді.

Олардың көбі ерте кеткені, кейін кеткені бар – бәрі де біздің Отан жаңалықтарына, әсіресе социалистік әдебиет,

мәдениет табыстарына қиғаш қарайтын адамдар. Олардың аузымен айтылған социалистік совет әдебиеттері жөніндегі шындықтар Америка студенттеріне оншалық қызықты, тартымды, қымбат дүние боп аталмайтын болу керек.

Сондықтан бір Колумбийский университет емес, кейін біз ұшырасқан Лос-Анджелес университеті, Бостон университеті (Гарвард университеті), Фреснодағы колледж – бәр-бәрінде де, тіпті славян бөлімінде оқып жүрген американ студенттерінің де көптен-көбі білсе орыстың ескі әдебиетін біледі, ал совет әдебиетінен, совет жазушыларынан білетіндері өте аз аңғарылды. Оларға совет жазушыларының шығармалары ұдайы біріне-бірі ұқсас және тек соғыс пен колхозды ғана айтатын сұрқай, бірыңғай іш пыстырар әдебиет деп танылатын көрінеді. Әрине, бұл жаулық тілмен баяндалатын өте қияс, теріс мінездемелер біздің әдебиет өрнектерін танытуға көмекші емес, кедергі. Кепіл емес, кесір, совет әдебиетінің Америка оқушысына жету жолындағы кедергі, кесірдің бір үлкені.

Сондай негізгі қаскөй көзқарас бір бұл жер емес, идеология жағын билейтін баспа, ғылым, зерттеу орындарының көбіне тараған әдіс-тәсіл болғандықтан, совет жазушыларының шығармалары Америка тіліне аударылып, басылып та шыға бермейді. Бұл – екінші кедергінің бір түрі. Әрі кітаптың өзі жетпейді, әрі оның жөніндегі дұрыс әділ таныту, талдау білімі жетпейді. Сондықтан Американың бүгінгі студент жастары ғана емес, көптен-көп оқушы қауымы да совет әдебиетінің табыстарын, түрлерін, жазушыларын танымайды екен.

Біздің көп атақты жазушыларымыздың аттарын алғаш қана естіген құлақпен одырая, жатырқай қарасады. Ал сонымен қатар бұрынғы әдебиеттерімізді, өткен дәуірлер жазушыларын едәуір жақсы біледі деуге болады. Сондықтан да өзге-өзге емес, сол Колумбийский университеттің өзінде, жоғарыда біз атап өткендей, өзбек әдебиеті мен қазақ әдебиетінің ауызша үлгілері, ескі эпостары туралы екі американ жастары ғылым дәрежесін ала диссертация қорғасыпты. Бұл жай бір ғана осы әдебиеттер емес, туысқан азербайжан, армян, грузин әдебиеттері туралы да болатыны күмәнсіз.

Сөйтіп, халыққа, көпшілікке біздің мәдениеттерімізді білдіру, таныту жолдарын қысаң, тараң ұстаумен қатар,

халықтың сыртында арнаулы арналар мен арнаулы, бізге қастан адамдар арқылы одақтас елдеріміздің бұрынғы мәдениеттерінің жайын сырттай шолып, ақпар жасап біліп отыру, арнаулы керектері үшін біліп отыру олқы емес, бар көрінеді.

Ол жағынан қарағанда, Американың үгіт-насихаты үшін, мемлекеттік департамент керегі үшін немесе Американың барлаушы орындарының барлаушылық деректері, әр алуан керектері үшін әр жайдан хабарланып отыру мол тәрізді.

Студенттерге кездестік те, университеттің бірнеше көрнекті жайларын көп араладық. Сол қатарда оқытушы, профессорлар демалатын клубтары бір алуан көрінді. Сонда ас ішетін залдары, демалыс жайлары көп екен. Профессорлар кей орындарда бильярд, тағы бір жерінде шахмат, енді бір бөлмелерінде карта мен бридж ойнайды екен. Ол ауыр, қиын ойынның бірі саналады. Ермек үшін аз-аздап ақша салысып та ойнайды екен.

Ендігі бір айтатын дәл деректі әңгімелеріміз Америка Құрама Штаттарының бірнеше жоғары оқу орындарында болатын кейбір қолайсыз, ерсі мінездер жайынан білгеніміз жөнінде болсын. “Нью-Йорк таймс” газетінің 26 февральда шыққан санында Солсбери Харисон жазған жоғары оқу орындары жөніндегі бір мол мақала шықты. Мақаланың аты – “Жасырын жазушылар әшкереленуі”. Мұнда Солсбери бір аудандық прокурор Френк Хоган өзі әшкерелеп тапқан бір топ жұмыстар жайын баяндайды, прокурордың анықтауы бойынша, жоғары оқу орындарында студенттер үшін емтихан беріп, жас ғалымдар үшін диссертация жазып қорғайтын бірнеше топтар болады. Олар өзі төрт агентствоға бөлінеді.

Магистрлік диссертация үшін үш мың доллар алып жазатын болады. Студент үшін емтихан тапсырған ақысына елу доллардан бес жүз долларға дейін алатын болады. Кейбір сондай жалдамалар емтиханды студенттер үшін бір емес, бірнеше университеттерде беріп жүреді. Сол қатарда Колумбийский университетте, оқытушылар колледжінде емтихан табыс еткен жалдама адамдар жайы аталады.

Бір газет тілшісі, прокурор Хоганның рұқсаты бойынша, өзі қырық долларға келісіп, студент үшін емтихан өткізіп, кейін сол ақшаны прокурор Хоганның конторына

қайырады. Солсберидің жазуында оқытушылар колледжінің президенті доктор Кэсуэлдің бұл жөнде көп қынжылып сөйлегенін келтіреді.

Сандары көп болмаса да, бұндайлардың оқытушының құлық-тәрбиеге, адамгершілікке жат мінез екенін айта кеп, өз колледжінде мұндай мінездерді жоюға серт бергенін айтады.

Сонымен қатар Чепмэн дейтін Нью-Йорк университетінің профессоры ғылым дәрежесін қорғау тұсында мұндай жалдама адамдардың болуы сенімсіз, өйткені бірнеше рет консультация болады, зерттеу материалдарын қайта жазғызу, талқылау болады, сондықтан біреудің орнына біреу жалданып өту оңай болмас дегенді айтқан еді. Бұған қарсы студенттер газетінің директоры Тони Пинта сондай жалдама жазушылардың проценті өте жоғары екенін айтқан.

Психология жөнінен үш жүз елу долларға Иешив университетінің жас ғалымына диссертация жазып бергенін Бенсон өзі мойындайды.

Түстік батыс университеттерінің біреуінің профессоры докторлық диссертацияны қайта жазып берген адамға қорғаушы бір мың екі жүз доллар төлеп және сол адамға кейін алғыс айтып хат жазғанын да келтіреді.

Колумбийский университетте Елизавета дәуіріндегі драма жайлы диссертация жазып, екі мың долларға жалданып, сол ақшаның жарымын алып, кейін қашып кеткен бір жасырын жазушыны еске алады. Иешив университетінің профессоры доктор Самуэл Белкин сол университетке докторлық диссертацияны жалданып жазып берген адам жайын айтады. Бірақ диссертацияның қорғалған, қорғалмағанын атап айтпайды деп, осындай дәл айқын, анық өрескел фактілер жайын Американың ең мол тарайтын газеті “Нью-Йорк таймстың” бетінде сол газеттің жауапты қызметкері Солсбери жазды. Әрине, бар университет тәрбиесі бұл емес те, барлық ғылым дәрежесін қорғаушылар бұл аталғандар емес, бірақ сонымен қатар Америка жоғары дәрежелі оқу орындары мен ғылым ордаларында кейде осындай да сорақы мінездер сойдия, жарыққа шыға жүретіні бар көрінеді.

Нью-Йорктегі ұшырасулардың бірқатары жазушылармен кездесу түрінде болды. Мол бір кездесу пен-клуб одағының

мол тобы – көп жазушылар жиылған бір жайда болған еді. Онда жеке-жеке әрқайсымызбен топ-топ жазушылар әр жайларды сұрастыра әңгімелесті. Мұндайда біз әрқайсымыз өзді-өз әдебиетіміздің, республикамыздың табыстарын, жазушыларын, шығармаларын айтуға арнаймыз. Пен-клубтың қатарында әр алуан, әр жасты және әр ұлтты жазушылар бар көрінеді. Сол қатарда біздің досымыз негр ақыны Ленгстон Хьюз да болды.

Мұнда үлкен газеттердің сын бөлімдерінен кейбір бастықтары ұшырасты. Сол күні кешке белгілі жазушы әйел, бірнеше романы бар Женуэй дейтін жазушы әйелдің үйінде қонақта болдық. Мұнда күндізгі жазушылардан, журналистерден, сыншылардан көп адам жиналды. Жиыны үш жарым сағаттай отырысқан ұшырасуларда көп әңгімелер сөйленді. Кейбір сұрақтарда сырты аңқаулау көрінгенмен, іштей дау, сын – бізге арналған сын – аңғары да танылмай қалған жоқ. Мысалы, “тақырып бәріңе ортақ болғандықтан, барлық әдебиеттеріңіз біріне-бірі ұқсас емес пе?” – деген тәрізді дау сұрақ болды. Оның ар жағында “барлық советтік туысқан ұлттар әдебиеті бір ғана озғын әдебиетке еліктеуші емес пе?” – деген де дау, күдік сезілуші еді.

“Сіздің әдебиетіңізде психология бола ма, терең бе?” – деген сұрақ та болды. “Журналдарыңыздың бәрі бір-ақ орталықтар тілі емес пе?” – дейтін де сұрақ болған еді.

Осы мәжілісте өзі драматург және драма сыншысы, сонымен қатар пен-клуб одағының Нью-Йорк бөлімінде бастық орынбасары боп істейтін Райс болған еді. Ол 1957 жылы Токиода болған пен-клуб одағының жиналысы жайын баяндады. Сонда жалпы Шығыс елдері жазушыларының Европа, Америка әдебиетшілеріне қойған талаптарын айтты. Токиодағы халықаралық жазушылар жиылысы тек аударма мәселесін сөз етіпті. Сонда Шығыс әдебиет үлгілерінің Европа тілдеріне аз аударылып, Европа жазушыларының, Америка жазушыларының шығармалары Шығыс тілдеріне әлдеқайда көп аударылатыны айтылыпты да, сол жөніндегі теңесу шарттары сөйленіпті. Жалпы, пен-клуб одағына дүниежүзілік елу-алпыс мемлекет жазушыларының әр алуан топтары қатысады екен. Сол жайын баяндаған еді.

Нью-Йорктегі журналистер, жазушылар топтарымен ұшырасудың молырақ бір кездері “Сатердэй-Ивнинг”

журналының басқарушысы – редакторы Норман Казинс ұйыстырған шақтарда болды. Жексенбі күні біз қала сыртында алпыс миль жердегі Норман Казинстің өз үйінде қонақта болдық.

Тоғай ішіндегі үлкен оңаша үйге жиылған қонақ көп екен. Бұлардың арасында журналдың жауапты қызметкерлері және көркемөнер қайраткерлері, әр сала мамандық адамдары, осы үйдің көршілері, достары да жиылған екен. Мұнда күні бойы болған шақта көп жайлардан алма-кезек сұрасу, білісу мол болды. Осы ұшырасуда да біздің әрқайсымыз әр бөлек топ американ адамдарының ортасында болып, өзді-өзі тұсымызда әр алуан әңгімелер жүргізген едік.

Мен өзіміздің республиканың ғылымдағы, мәдениеттегі, әдебиеттегі, жалпы социалистік дәуірдегі табыстары жайын баян еткен едім. Кейін үй иесі мен қонақтардың өтініші бойынша, көпшіліктің бірігіп отырып әңгімелескен кең мәжілісі болды. Онда жалпы совет әдебиетінің кейбір жаңалықтары туралы берілген сұрақтары болды да, соған берген жауаптарымыз қатарында Американың Хемингуэй, Митчел Уилсон сияқты жазушыларының Совет Одағында даңқты болуының себептері сұралған еді.

Бұл жөнінде біраз жауаптарды мен айтқан едім. Кейін “Сатердэй-Ивнингтің” біздің келуімізге арналған жалпы мақаласында сол менің берген жауаптарым жазылған еді. Осы Норман Казинстің шақыруы бойынша келер күндердің бірінде Нью-Йорктің өзінде, сол “Сатердэй-Ивнинг” журналының басқармасында едәуір елеулі екі жақты танысу әңгімелері болды. Бұл жиында Щипачев келелі көп әңгіме сөйледі. Ол совет әдебиетінің барлық үлкен тобы атынан сол әдебиеттің жауапты өкілі ретінде сөйлей білді.

Жалғыз орыс әдебиеті емес, жалпы туысқан одақтас әдебиеттердің бәрінің көрнекті үлкен үлгілерінен мысалдар келтіре, келелі мәжіліс бастаған еді.

Сол қатарда, біз – толған мол әдебиеті бар Отанбыз. Біздің жазушылар, одақтарымыз да көп. Талантты жазушыларымыз да, әлем жұрты білерлік әр алуан зор шығармаларымен атақты болған адамдарымыз да көп. Бірақ аңдауымызша, американ жұртшылығы сондай әдебиеттен хабарсыз. Оның орнына бір ғана оқшау мінез, еңбекпен,

шығармамен өз Отанында сынға ұшыраған мінді еңбек жазған бірлі-жарым жазушы болса, соларды ерекше білмекке тырысу, даңқтандыру Америкадағы бірталай топтардың әрекетіне айналған.

Көп әдебиет туралы бұл әділетсіз мінез. Бар совет әдебиетіне деген баспа әрекеті, қаржы-қаражаты болса, соны бір-ақ адамның еңбегіне арнау тәрізді нәрселер қандай сынаржақ, әділетсіз, теріс мінез болар еді деген сынды да орынды етіп айтты.

Норман Казинс, тегінде, біздің Отанда бұрын болып қайтқан адам. Өзі бірнеше негізгі ойлары, ізденулері, еңбектері жөнінде біздің салт-санамыздан, философиямыздан шет шалғай ойлайтын адам болса да, екі ұлы мемлекет арасындағы қарым-қатынас татулық шеңберінің ішінде қалыптасса екен деп шын тілейтін, едәуір әрекет ететін де адам көрінеді.

Ол өзінің серіктері атынан сөйлеген жауап сөзінде едәуір дұрыс пікірлер таратты. Бүгінгі күн мен болашақ туралы да біздің бәріміздің екі жақты жауаптылығымыз мол екенін, татулық үшін әрекет ету бар әрекеттің зоры екенін кең таратып айтты.

Өзінің үйінде болған мәжілісте Леонов пен менің айтқан кейбір пікірлерімді де еске алды. Жалпы “Саттердэй-Ивнинг” журналының осы екі ұшырасуда болған адамдарының аңғарында біздің екі мемлекеттің арақатынасына татулықты өткел ету мақсатын көбірек ойлайтын адамдар тәрізденді.

Осы күндерде біз және американ жазушыларының лигасы дейтін бір топ жазушылардан құралған жиынның ортасында болдық. Ас үстіндегі әңгімені кешелер Норман Казинстің үйінде бізбен ұшырасқан жазушы Рекс басқарған еді. Ол қазіргі Америкада детектив роман (қызық, шытырман оқиғалы роман) жазушы қалам қайраткерінің бірі екен. Оның түсіндіруі бойынша, бұл лига жазушы атаулының бәрін де өз қатарына талғамай ала береді. Бұлардың тобында республикашыл, демократ жазушылармен қатар анархист, консерватор, саясатсыз коммунист жазушылар да бола алады дейді.

Бір шақта біздің ортамызда фашист жазушы да болды деді. Кімнің нені, қалай жазғанына біз үкімші-сот емеспіз.

Бәрі де өз білгенінше, өз еркінше жазсын дейміз деген еді. Бұл жиында біздің тобымыздан Олесь Гончар жақсы сөйледі. Ол:

– Мен өзім соғыста болдым. Жүзбе-жүз жаумен ұшырастым. Сол жауым фашист еді. Ол майданда, қылыш жүзіндей өткір, ыстық майданда жазушы-фашист ұшырасса да, біз оны жыраққа жіберер едік. Осы жай саясат болса, біз шынымызды жасырмаймыз. Ол – біздің шындығымыз, – деп баяндады.

Нью-Йорктегі күндерде біз әрбір күндізгі сағатты, кешкі шақты не қылса да үлкен Нью-Йорктің мол жаңалықтарының, оқшау өзгешеліктерінің әр бөлегімен танысуға арнаған едік. Сол қатарда Нью-Йорктің атақты Уоллстрит көшесіндегі құмырсқадай қайнап жатқан бәсеке, жанталас, әр алуан тайталас үстіндегі доллар табу қызу базары аталатын “Нью-Йорк” биржасында да болдық.

Енді бір кезде Нью-Йорктің кітап баспасын басқаратын жиырма шақты капиталист байлардың тобында да болдық. Олармен өткізген жеке мәжіліс екі жаққа да ырза қыларлық жаңалық қосқан жоқ.

Совет әдебиетін социалистік мәдениет үгітшісі деп біледі де, олар өздерінің таптық қаскөй салт-санасы бойынша, біздің кітапты американ тіліне аударып, өз пұлдарымен бастырып, халыққа таратуды оғаштық санар еді. Сондықтан жалған, жасанды дәлелді айтқан боп, сылтаулар санайды. Американы оқушысы совет әдебиетінің ірі шығармаларын оқудан қажиды. Себебі ол әдебиетте колхоз өмірі мен соғыс жайы ұдайы бірыңғай ғана жазылады-мыс, – дейді.

Бұл жөнде олар, әрине, жалған айтады. Өз бастары шындықты бұрмалаудың үстіне, Американың көпшілік оқушысы туралы да жалған айтады. Себебі біздің салт-сананы үгіттейтін көркем шығарманың ол оқушыларға жетуіне қазан аузында отырған бұл капиталистердің, әрине, бейілі жоқ.

Ал, дәлін айтқанда, жақында Америкада Шолоховтың екі романы – “Тынық Дон”, “Көтерілген тың” – аударылып басылғалы жатыр. Американың көпшілік оқушысы бұл кітаптарды оқымақ түгіл, ынтық бола, сүйсіне, барынша биік бағалай қарсы қабыл алатынына күмәніміз жоқ.

Өйткені олар американ оқушыларының көпшілігіне біздің дәуір шындығын кең көлемде көркем де, терең де бейнелейтін шығармалар.

Адамзат көркемөнер қазынасына қымбат қасиет қоса алатын шығармаларды Американың орта көпшілігі, халқы сүйсініп оқымасқа шарасы жоқ. Ал Шолоховтың сол аталып отырған екі кітабының біреуі соғыс жайында болғанда, екіншісі колхоз турасында.

Мен 1957 жылы Жапонияда болғанымда, Осако қаласында жапон жұртшылығының бір үлкен тобымен ұшырасып, совет әдебиеті туралы әңгіме жүргізген шағымда бір энергетик-инженер жапон айтып еді: “Мен бұрын роман деген әдебиет түрін ұнатпаушы ем. Өздерін аз оқитынмын. Тек бір шақта қолыма Шолоховтың “Тынық Дон” атты романы түсіп, соны оқып алғаннан кейін романның қадірін ұғындым. Енді романды көп оқимын. Әдебиеттің бұл түрін маған сүйгізген совет жазушысы Шолоховтың романы болды”, – деген еді.

Нью-Йорктегі тағы бір еске алатын ұшырасу “Жиырма бірінші клуб” аталатын Нью-Йорк адамдарына аса мәлім қонақжай бір клубта болған еді. Онда жоғарыда аталған “Сатердэй-Ивнинг” журналының бас қызметкерлері, атақты “Нью-Йорк таймс” газетінің Солсбери сияқты ірі журналистері, әлгіде аталған пен-клуб мүшелері, жазушылардың америкалық лигасының мүшелері тәрізді көп адам жиылған еді. Сонда бір кезек Совет Одағынан келген жазушы қонақтардың сөйлеуін талап етісті. Біздің Америкадан алған әсерімізді сұрасқан еді. Мен өз кезегімде Нью-Йорк қаласы турасындағы ойға келген бір теңеуді таратып айтып шықтым. Мұны түсінікті ету үшін алдын ала бір-екі деректерді айта кетейін.

Ең әуелі Нью-Йорк қаласының Манхэттен дейтін аралда тұрғандығы есте болсын. Екінші – бүгінгі американ поэзиясындағы өлең жолы бір алуан, бір жолы ұзын, бір жолы қысқа келеді. Ол ұйқас қуаламайды, ырғақ бінғайымен жазылады.

Мен Нью-Йорк қаласын Маяковскийдің кейбір бағаларын еске ала отырып, өзімше бір, ақынша, ақын болмасам да, метафора, теңеу айтайын дедім. Сондағы айтқаным: менің көзіме тастан салынған небоскребтардан құралған

қала сипаты бейне бір Манхэттен аралының аспанына таспен жазылған поэма боп көрінеді. Ол поэманың әрбір жолы – әрбір небоскреб (зәулім тас үй). Сонда американ өлеңі бір жолы ұзын, бір жолы қысқа болғанындай, небоскребтардың да біреуі ұзын, біреуі қысқа. Және сол жолдардың ішіндегі ең ұзын, ең мазмұнды жол – жүз екі этажды Эмпайер Стэйт Билдинг. Ол поэманың бұл жолын дүниежүзі халқының бәрі білді, бәрінің де жадында деген едім.

Мәжілістің бастығы доктор Хитсиг маған әзілмен құрмет көрсетіп, алпысыншы жылы жазда болатын осы клубтың юбилейіне екі шақыру билет сыйламақ болды да, әйеліммен екеуміздің келер жолымызды Норман Казинс камтамасыз етсін деп бұйырды.

Кейін өз жолдастарымыздың арасында осы жай сөз болғанда, қадірлі дос Степан Петрович Щипачев маған бір достық серт айтты. Ол “Нью-Йорк” деген өлең жазып, сонысын маған арнамақ болды. Мұндай уәделердің өзінің ыстық шағында дегендей орындалуы қандай қымбат. Сол Нью-Йоркте жүрген күндерде жаңағы тақырыпқа жазған өлеңін, Щипачев біз Америкадан қайтқан соң “Правда” газетінің бетінде маған арнап жазғанын атап, “Нью-Йорк” деген өлеңін жариялады. Оның көп теңеулерінің қатарында Нью-Йорктің небоскребтары тасқа айналған өлеңнің жолдары деп бейнеленген еді.

Бұл жөнде менің көңілімде Маяковскийдің Нью-Йорктегі бір көпір, үлкен аспалы көпір – Бруклин көпірі туралы және Бродвей көшесі туралы өзінше бір алуан ақынша тамашалай айтқан сөздері болған еді. Оның үстіне, қазіргі әлем жүзіндегі екі зор мемлекет – біздің Отан мен Америка Құрама Штаттары болса, екі елдің де қарапайым адамы бейбітшілікті тілеген көңілмен қатар, бір-біріндегі зор мәдениет, ғылым, техника табыстарына сүйсіне де біліседі. Өзінде бар ұлы табыс, ескерткіш, қасиеттерін бағалай отыра, өзгедегі ХХ ғасыр ортасындағы өнерлі адамзат жасаған цивилизацияның жазықсыз көрнекті үлгілеріне әділ бағасын беріседі.

Бұл жөнінде біз революцияның ұлы ақыны Маяковскийше қарау, тану бүгінгі совет халқының қалың көпшілігінің күй-көңіліне лайықты, заңды жай деп білдік. Сонымен, әрине, Американың екі жүз жылдық тыныштықта

өткен мәдениеті бүгінгі шақта Нью-Йорктей үлкен өнерлі зор ескерткіш тудырса, біз өз Отанымыздың азғана жас тарихының ішінде нелер ғажайып ғаламаттар түріндегі ғылымдық, техникалық, шаруашылық, қоғамдық, тарихтық ескерткіштер тудырғанын еске алмай отыра алмаймыз.

Бүгінде әлем таныған неше алуан континентаралық ракеталарымыз, әр алуан Жердің жасанды серігі, Айдың жасанды серігі тәрізді бар өнерлі адамзаттың алдына ұзап озып түскен дәуірлік табыстарымызды атау ғана жетпейді, соларға барабар Ұлы Отанымызда құрғақ дала, шөлстандарға біздің Отан тудырған теңіздер, батпақ-сорды құрғатып, көгерту, ұлан-ұзақ шөлдерді иелену, ұшы-қиыры жоқ дала-сахараларды дәндендіру, ұлы өлкелерді өзгерту, жүздеген халықтар тарихтарын, тағдырларын қайта жаңғыртып, жасарту – осының бәрі сан Нью-Йорктей ұлан-ғайыр, әрқайсысы әрбір заманның ұлы ескерткішіндей ғаламаттар.

Нью-Йорктей қаланы сыпаттағанда, біз өзіміздегі осындай сыпаттарымыздың да баршасын еске ала, бұлар да ХХ ғасыр ортасындағы адамзат цивилизациясының сан алуан сенгірлері деп танимыз.

Нью-Йорктегі ұшырасулардың тағы бір өзгеше есте қалған сәті Американың атақты қарт ақыны Карл Сэндбергке ұшырасу болды. Жасы сексен екіге келген, әлі қапсағай бойы тік, сергек келген қызыл жүз, ақ шаш, ақ мұртты қарт сырт пішіні жағынан өз Отанымызда ұшырасатын кейбір әдебиет, ғылым адамдарына ұқсайды. Бұл кісі өткен жылы біздің Отанымызға келіп қайтқан. Москвада болған, Ауыл шаруашылық көрмесінен қазақ, өзбек павильондарын жақсылап аралағандарын да айтады. Бұған Щипачев орыс тіліне аударылып, басылып шыққан қарт ақынның кітабын бәріміздің атымыздан тарту етті. Аға ақын үлкен ырзалықпен қабыл алған еді. Ол өзіне сүйікті кейбір өлеңдерін орыс тілінде сыртқы дыбыс жағынан қалай шығатынын аңдамақ боп, Щипачевқа әдейілеп оқып беруді тапсырған еді.

Щипачев оқып шыққан соң, ол орыстың тілінің естілуі үнге сұлу тіл боп шығатынын айтты. Дыбыс үйлестері күйлі тілдің бірі, өзім мағынасын білмесем де, орысша сөйлеген сөздерді үйлесімді дыбыстар келісіміндей тыңдаймын дей отырып, Москвадағы бір сәл жайды еске алды. “Мен

“Москва” гостиницасында этаждағы кезекші әйелдің қасына кеп отырғанда, кейбір қызметкер күтуші әйелдер соның қасына кеп сөйлеседі. Сонда бір жиі естілетін “ага-ага-ага” дейтін демеу, леп дыбыстарының өзі де сол әйелдер сөздерін әнге айналдырғандай болады”, – деді...

Өз өмірбаянын айтқанда ауыл шаруасының ортасынан шыққан балалық, жастық, тіпті жігіттік күндерінің көпшілігі жоқшылықта, қиыншылық кезбе жайда өткенін айтады. Темір жолдарда билетсіз жүру, аштық күндерін кешу, еңбек етер, күшін сатар орын таппай, мұқтаждық, күйзеулікте көп айлар кешу – бәрі де өз басынан атқарып өткен ауыр өмір естегілері екен. Соның бәрі қазіргі қарт көңілінде тасқа басқан бедердей көз алдында айқын тұрғанын аңғартты. Барлық әңгіме үстінде бұл дос қарттың пішінінде мен көз алдымда осындай кәрілікке жеткен, жас шағында, осы кісі айтқандай, ауыр өмір, у зәрін ішіп-кешіп өткен Америка жазушысы, біздің халықтарға аса мәлім Джек Лондонды көріп отырғандай болдым.

Ол кісі Джек Лондонды еске ала кеп, оның қырық екі жаста өлгенін, көп жасағысы келмей, ішкілікке жеңгізіп, кейінгі өмірін уланып өткізгенін айтты.

Біздің Отанымыздың американ халқы арасындағы тұрақты, сенімді досы қарт ақын Карл Сэндбергтің қасында болып, дос-жар ұзақ әңгімелерін тындап өту бізге Америкадағы ұшырасулардың ішіндегі ең бір қымбат сағаттардың бірі болды.

Осындай танысу, кездесу, білісу, ұшырасулар үстінде біз Нью-Йоркті бір жұмадай аралаған едік. Ендігі біздің сапарымыз Құрама Штаттың екінші шет жақ шегі – Тынық мұхит жағасына қарай беттейтін болды. Біз қарлы, жауын-шашынды, әлі қысы аяқталмаған Вашингтон, Нью-Йорк тұрған Атлантик теңізі жағасынан бұл мемлекеттің маужыраған жылы жағы – Тынық мұхит жағасындағы Калифорния штатына ұшуға беттедік. Алдымыздағы ендігі біздің көңіл қиялымызды тартқан үлкен қала – Лос-Анджелес.

АМЕРИКА САПАРЫ (Жолжазбалар)

Мұхтар Әуезов. 1960.

Копенгаген, отель “Европа”, 1008-комн.

Вашингтон, отель “Шорм” (16).

Нью-Йорк, отель “Барбизон плаза”, 1803-комн.

16/II–27/II (11 күн).

16/II.

Бүгін таңертең, сағат тоғызда “Москва” гостиницасынан мені жолға шығарып салуға достар келді. Зоя, Абель, Ахмет, Жұмағали және түннен қасымда қонып шыққан Мұратым.

Аэропорт. Жүруші, ұзатып салушылар. 11 сағатта “ТУ”-мен ұштық. Екі сағаттан соң Копенгагенге кеп түстік. Аэропортта сағаттан аса отырып, қалаға келдік. SAS компаниясының қарамағына, күтіміне ауыстық.

Қаланың тап ортасындағы 17-этажда “Европа” гостиницасына жеке-жеке бөлмеге түсірді. Сағат 4-те лянш іштік.

Содан кейін, алдағы ұшу сапары ұзақ болғандықтан, мен нөмерге кеп, төсек түзеп жатып қалдым. Бұнда екі сағат (Москвадан) айырмасы бар. Соны ұмытып ерте тұрыппын. Үй ішінде бір жарым сағат жүрдім. Ойлану, алдағының бәрі бұлдыр, бірақ сапар көңіл тартады.

Лянш үстінде Леонов Хаитов туралы анекдот айтты. Тудерманның Москва жанында көрген бейнеттері әңгіме болды. Неманға шегіну жайындағы өтінішін күлкі қып айтты.

Енді сағат 7-де ужин (дипер) ішіп, 9-да аэропортқа аттанамыз. 12 сағат ұшудан соң Америка жағасына жетсек керек.

Түнге окуға бір қырғыз әңгімесін алдым. Ең алғаш шыққан проза жазушы қырғыз әйелі Айым болғандықтан, соның әңгімесін оқуды мақсұт еттім.

Біз бүгін Москвадан, өз Отанымыздан сырт сапарға аттандық. Әр кездегі сырт сапардың алғашқы сағаттары, сөткелері өз дағдылы мерзімін, өзгешелігін ұсынады. Көңіл, жүрек, ой үйде, артта, ал сапар алға тартады. Сәт босын!!.

17/II. Түн.

Копенгагенде сағатты Америкаша қойдық. Москвадан 7 сағат кейін. Түн бойы ұшып, таңертең сағат 7-де жетпекпіз. Кеште ас берді – ішкілігі бар, дәмі өзгеше. Кейін шамдар сөніп, ұйқыға кірістік. Ұйқы оңай емес. Әйткенмен аяқ астына үзеңгі берді, өте жайлы (шамасынша) жағдай жасады. Мен айналып кезек-кезек аунай түсіп, жиыны 6 сағаттай ұйықтадым. Бұл жол үшін көп ұйқы – мәз ұйқы. Таңертең самолет әуесі (кондицированный) өте жайлы, таза қоңыр салқын. Үсте жұқа көрпе. Самолет астында көбінше су – көк теңіз. Аспан мен төмен екеуі де бірдей. Ояну сағат 4-ке тақау болды. Алғашқы таңғы кофе асын берді. Өзі бір көп дәмді жұқа нандар. Май, сыр, джем бар. Екі рет жуст қосқан. Бар астан бұрын жуст – аспен бірге және де қызметкер – түндегі бір қыз, бір жігіт. Бұлар еңбегі зор. Самолет бұл жолы толы емес, бос орындар көп. Біздің орын I класс, бөлімде 8-ақ орын, артта екі диван, қол, бет жуатын ыстық орамал, қаттаулы, сулы қағаз – бәрі бұл жәйдің бар күтімін “құданың” күтіміндей етеді.

Әлі ұшып келеміз. Сағат 5 1/2-да таң білінбейді. Жол картасын әкеп беріп еді. Көбімізге сол әзіргі ермек. Копенгагеннен екі жол бар – біреуі көбінше құрғақты ала ұшады, 6300-ды асады. Екіншісі 6200-ден аз асады – бұл соңғы су үстін көбірек басып өтеді.

Сағат 7.15. Бір сағаттан бері Америка жағасындамыз. Ай жарық еді. Жер жақсы көрініп отырды. Самолет қанаты астында селдір-селдір, топ-топ оттар – бәрінде аз да болса әр бояулы көрік, рең бар. Дәл қазір бір жағымыз су – асты бұлт, бірақ бұлт астынан ел-ел көрінеді. Таң сызып атып келіп, қазір көк сәуле молайды. Бірақ шығыс ғаламат қызық боп көп уақыт өз реңімен өзгеше боп тұрды. Дәл көкжиек қан-күрең – ұзын тура сызық... Содан үстіңгі қабат қоңыр қошқыл бұлт. Ал одан

жоғары әппақ ақ тандақ – кәдімгі таң... Ал ең асты, көкжиек орны қызыл күрең, қан күрең боп тұрып алды.

18/II.

Вашингтон. Гостиница “Шорм”, жақсы бөлме... 4-этаж (415).

19/II.

Таңертең. Пресс-конференция. 15 журналист, үшеуі әйел, біреуі ғалым. Орта Азия мәдениетін зерттейді. Бізді өз кісісі таныс етті. Ең алдымен Щипачев бізді таныстырды.

1-сұрақ: Саяси жағдай соғыстан кейін жазушы үшін қанша өзгерді? (Леоновқа сұрақ)

Жауап: Өз мысалым – екіге бөлем жазушыны.

2-сұрақ: Ваши книги печатаются государством или Вами?

Жауап: Собанников (Әуелі).

3-сұрақ: Какие американ. совр. больше читаются, ценятся сов. читателями?

Жауап: Басылған тізімдерді басынан оқыдық.

4-сұрақ: Неге? Фактының аты жоқ. Көп оқиды деушем.

5-сұрақ: Пастернакты шығарғанға бастық есепті, Щипачев, сіз қалай қарайсыз?

Жауап: Мен жаңа бастық. Ұнай ма сізге сол кітап? Леонов кітабындай сүйемін. Қате сөйледі, оқымаған. Тілші сұрақ беріпті менің бір досыма (өзі де оқымаған-ды).

Леонов: Недоразумение болды. Аударушы жақсы еді.

Адамзат үлкен экзамен алдында, біз жарылып кете жаздадық қой. Сол болмасын, көмек етіңіздер. Біз жас елміз, страстымыз күшті – сіздер 300-ге келдіңіздер, толығы-рақсыздар... Біз нервныйректіміз. Менімен қатар тұрады... Оның атынан сәлем айтам, алғыс айтам.

Щипачев: Кешегі сұрақтар Пушкин, Маяковский, Есенин туралы сұрақ еді.

Кешегі болған үйдеміз. Уитменнің санитар болған үйі екен. Мен қатты сезініп, толқып қайттым.

6-сұрақ: Пастернак кітабы басылмады ғой?

Леонов: “Золотая карета” 40-жылы жазылып, 54-жылға дейін шықпай қалды. Соны өз Отанымнан шығарып, басқа жаққа жіберуді корректно емес деп ойлады.

Бастық – 6-сұрақ: Ең жақсы жазушы кім?

Леонов: Ең жақсы біз десек, сіздер сенбейсіздер ғой (күлдірді).

– Тарих елемейді, біз өлген соң елейді – көңіліңіз қалады.

– Кітап біраз жерде жата тұру да керек.

Р. Профессор Лоренс Крадер. Американский университет, Вашингтон Д.С.

19/II.

Шекспир кітапханасы – дүниедегі ең үлкен кітапхана осы. Директор таныстырып тұр. Бізде программа бар. Таныстырудың, зерттей келгендердің расходын да біз өзіміз төлейміз. XVI–XII ғасырлар туралы Британия тарихының көп дерегі де бар. Ғалымдарға көмектесеміз. Мына театр – Шекспир заманының театры. Шекспир театры осы (сахна екі этаж, шымылдықтары екеу). Екі этаж сахна-балкондар, үш қатар диван орындар. Театр өзі Шекспир театрының... Бірақ бұнда бұрын шатыр болмаған, орындық болмаған. Люк-блоктар ұзын – артист төменге түсіп айғайлап сөйлеген, шымылдық түспейтін, 1932 ж. мына театр салынған.

Основано одним человеком, который положил все свои средства – Фоулджер, фото Лондона XVI века.

Клуб Шекспира, оригинал осында.

2) Кітаптар, рукопись времен Ш.

3) Ш. оқыған кітаптар.

4) Шекспир оқуға мүмкін кітаптар.

5) Елизаветаға байланысты документтер. 1572 ж. Сыйлардың тізімі. Қызыл барқыт түнгі көйлек сай да бар.

6) Шекспир уақытының кітаптары, Бэкон, история лит-ры – Лорера.

7) Музыка (XVI ғ.) коллекциясы көп (мұнда).

8) Мария Стюарт уақытының документтері.

9) Макет (тамаша). Шекспир заманының театры. Орындық жоқ. Бағаға қарай. Балконда, жерге отырған орындықтар.

10) Барқыт қап Библия Елизаветанікі.

11) Шекспир портреттері XVII ғ. авторлары белгісіз.

12) Читальная қоңыр ағаш. Елизавета залы. Жасалған сол заман үлгісі.

13) Сирек кітаптар (книгохран. мира), ғажап төрт хранилищенің бәрі алфавитпен тұр. Төмен екі этаж бар.

а) Бірінші том Ш. 1623, 1616 өлген. Осында суреті де бар. Бар 36 асқан пьеса.

б) Макиавелли аудармасы.

в) Ранние карты, ғажап сборник карт 1616 г. Бәрі қолдан басылған. Әр қала, графстволар карталары (развалины, руины), доисторич. городище (раскопки). Соғыс суреті...

Стеллаждар өртенбейді, лифтер, рукописстер әр ескі ғасырдан. Большая коллекция суфлерских экземпляров. Кейінгі дәуірлер тарихы да бар.

Аудармалар.

“Мэрует” мотельде тамақ іштік. Бұл (мотель) аса қызық жері “заезжий двор” – бірақ машинелі жолаушылар тоқтайтын жер. Көз алдында машинаң, ортада бассейн (қыста ол каток). Осында бір-екі бөлме алады да, тұра беріседі. Зал-ресторан тамаша. Дастарқандар қызыл, қызметкер тегі негр – қасыңда тамақ қуырып жатады. Ақ қалпақты шеф-поварлар. Асы қызық. Қабырға тақтай, кірпіш. Столда шам, майшам.

Бар қалада бар ең жайлы жағдай.

Сол күні кешке кино көрдік. “Джек Потрошитель” дейтін, 1888 ж. Англияда шыққан роман бойынша бүгінгі сұмдығы “Комиксылерге” қосымша (ескі заман) ерекшесі – сұмдығы көп фильм. Әйелдерді “сіз Мари Клар?” – деп алып өлтіре береді. Үнемі пышақ салып өлтіреді.

Күндіз Капитолийде болдық. Онда сенат, мәжіліс залын көрдік. Залдың өзінде адам аз – іші пысып зорға отырған спикер, сенаторлар. Ал бұнда үлкен мәні бар “биль” қаралып жатыр. Терістік штаттар мен өкімет оңтүстіктегі негрлер праволарын кеңейтуді талап етеді. Соған заң жобасын енгізген. Осы мәселе бойынша (біз барғанда) түстік штат сенаторы сөйлеп тұрды. Ол жаңағы кемшіліктердің көбіне қарсы-қайшы. Өзі орта жаста, қара киімді, қоңыр шашты, ұзын бойлы, келбеті дұрыс адам.

Сөзін сөйлеп тұрған жоқ. Оқып тұр. Алдында үлкен кітап боп басылған баяндамасы.

Жоғарыда әр тұста әр топ адам отыр. Ол жәй халық. Бұлар арасында негрлер, индеецтер бар. Екі сопы әйелдер

де отырды, бастарында қара жабынышы қатты таңылғандай, ішкі жағы ақ, маңдайларында көлденең шаршысы тартылған ақ байлауышы да бар.

Осыдан соң Капитолийдегі конгресс залына бардық. Онда палата представителей істейді. Бұл зал алдыңғыдан кең, көркемірек, дебатқа қатты ыңғайлы. Әзір жиылыс жоқ екен.

Жалпы Капитолий өте сұлу үй. Төбесін түзеп жатыр. Жоғарғы сырты Исакийге ұқсаңқырайды, бірақ қызғылт реңді.

Осыдан соң көп уақыт қаланы араладық. Бұл жолда Конгресс кітапханасы – ең үлкен жиын осында. Ұлт галереясы және толып жатқан министрліктер үйлері бірінен-бірі басым, сұлу, өзге-өзге архитектурамен жасалған. Бір көшелер тек елшіліктер көшесі. Ағылшын елшілігі өз үлгісінде.

Содан парктер аралағандағы жеке меншік үйлердің нелер көркемдерін көріп келдік.

Осы жолда мұсылман мешітін көрдік. Өте көркем стильде салынған, мұнарасы да биік, әдемі.

Кешке өзіміздің елшілік сарайында болдық. Онда кешегі американдар сыйлығын орай етіп Полянскийлер мейман қабылдаған. Қонақтарды елші, Полянский, Димаштар қатқатар тұрып қабылдап тұр. Келген қонақтар ішінде Сайрус Итон әйелімен... Әйелі сарғыш шашты, орта жастан да жасырақ, стулда отыр. Итон өзі ақ шашты, кесек орақ жал тұмсықты қарт, түрегеп тұр. Әйелінің алдында тұр... Әйелдер киімі онша көз тартарлық емес. Тек бір ғана ұзын, жіңішке сұңғақ әйел – мех шарф салған. Сәнді, әсем. Өкшелері біз... қарындаш. Бұнда бар әйел солай киеді.

Елшілік үйі төрт этаж. Залы әсіресе көркем – алтындалған зал. Бұрын үлкен байдікі болған. Қызы осында өлген, соның қапасынан бұл үйді Россия елшілігіне сатқан.

Қонақтар 200 кісі болу керек, тәуір келіп жатты. Бір үлкен денелі даманы күйеуімен сыртта көрдік. Ол шолақтау қызыл күздік жұқалау пальто киген. Бастар көбінше жалаңбас. Ең жетіскені берет сияқтыны киеді. Тек чулоктар сонша қатты тартылған болады – бұл ұқыптылық өзгеше.

Күн бойы ағыл-тегіл жауын болды. Бұның алдында қар жауған, қалың жауған. Қатты әбігер болысқан. Забастовка

болып, көп нәрсе, трамвай, сауда, көлік жайлар тоқтап қалып, зарплатаны ерекше өсіруді талап еткен.

Үш кітап магазинінде біздің кітаптар дейді. “Абай” да витринада тұр деді.

Түнде тек алма мен банан жеп, жуст немесе кока-кола мұзды су ішем. Саулық күйге аса жайлы.

19/II.

1) Библиотека Конгресса – 11 млн книг. Здание – мрамор, построено в стиле итал. Ренессанса в 1897 г., мемор. доска строит., знаки Зодиака (солнце).

2) Гл. чит. зал – всего 21 зал – построен по типу Британ. музея. Купол, зал круглый (20 минут доставка книг), 60 этажей с книгами. Русских книг 200 тысяч, ежегодно 8 тысяч поступает.

3) Каталоги. Каталоги иностр. книг. Казахских книг примерно 25–50 в год получаем. Укр. кн. – 500, активный обмен с тбилисской книгой.

Линкольн туралы кітаптар (сирек), жиып беретін кісінің өзінің жеке стенді (выставкасы), осында декларация (освобождение рабов).

Ленин кітапханасынан Островский библиясы ең ескі – алынған (достық), ескі тағы бір кітап XV ғасыр.

Книгохранилище – история культуры.

Джефферсон кітаптары. Когда прод. в 1815 г. было 7500 книг. Был пожар, часть погибла – это 3000.

Славянск. отделге барамыз. Жер асты қатынас бар. Ол туннель арқылы баратын бөлек үй. Ұзын, жақсы туннель.

а) Комната Джефферсона. Орысша кітаптар, Леонов көп.

б) Горький хаттары бар.

в) Бродская. “Киргизы”, “Каракиргизы”. Барбара Крадер об Ерзаковиче.

II. Нац. галерея, сағат 1⁴⁵.

Сезанн, Ренуар, Моне, Мане, Гоген бәрі бар. Моне – тұманды. Мексика суретшісі Дали.

1) Ең тамаша мексикан. суретші Сальвадор Дали “Тайная вечеря”. Христос ортада, әйел тәрізді жоғарыда және басы жоқ, аяғы жоқ, дене қолын жайып тұр. Символ воскресения – еркек.

2) Пикассо – натюрморт.

- 3) Жан Люрса. Знаменит. француз.
- 4) Жорж Брак.
- 5) Пикассо Пабло. “Семья акробата”.
- 6) Матисс. “Яблоки”, “Одалиска”.
- 7) Марке с поднятыми руками.
- 8) Пикассо. ...Трагедия – шал, бала, әйел.
- 9) Андре Дерен. “Старый мост”.

Сол күні Вашингтонның ішін араладық. Бұл өте жақсы қала. Бір үй бір үйіне ұқсамайды. Машиналары да сондай. Көп бола тура қайталамайтындай.

Біз қазір қаланың ескі шаһар дейтін жағын араладық. “Джорж таун” дейтін бөлімі. Бұнда барлық үй ескі – бірақ сонда да аса стильный, кіші екі этажды келісті үйлер. Осында 1762 ж. салынған үй бар, соны көрсетіседі.

Тамақ ішіп, жол жүрдік. Вокзал біреу, бірақ аса үлкен. Осыдан мініп, Нью-Йоркке жүрдік. Вагондар ұзын, еденде кілем, орындықтар өңшең кресло, айналмалы бір бағанда 30 ғана кресло. Бүкіл поезда сондай. Бұл бірінші класс, III класында кресло, бірақ қатары екіден. Ресторан, кафе-бар. Поезд кешігіп шықты. Себебі жүруші көп, күн жұма. Ертең сенбі. Бұнда сенбі, жексенбі бірдей демалыс күн. Нью-Йоркке барушы көп. 4 сағат жүріп, түнде жеттік. “Барбизон плаза” отельге кеп түстік. Бөлмелер кішкене, жәйлі, 18-этаждамыз (1803).

19/II.

Книжный магазин. Кітап алдық (бөтен адамның қолы). “Подземный город”, ..., ... “Люди умирают”. Жас жазушының романдары. Әйелі орысша аз-аз біледі, өзі жас, 33 жаста. Әйелі орыс, бірақ тәрбиесі американша. Орыс тілін шала біледі.

Подземный город – Underground city, Men die – Люди умирают.

20/II. Қала араладық.

20/II. Метрополитен-музей.

Роден – мыслитель. Райн Томас коллекциясына сыйлаған – ол Роден еңбектері.

Эскиздер: 1) Голая фигура; 2) Вечная весна (сүйіскендер).

3) Адам.

Иран. кілем XVI в. Табриз; 1) Коран, XIV в. Египет, араб.; 3) Шахнаме.

Бурдель – Геракл. Садақ тартады; 4) Бройгль – фламандец. “Жнецы” (год 1528).

5) Рембрандт.

6) Челлини – чашка (XVI в.)

7) Амер. живопись XIX в.

1) Вислер. 2) Мэри Касид. 3) Райдер. “Труженики моря”. 4) Саржент Мадам Х (Икс). Өте көркем әйел (әппак). 5) Морзе (телеграф) художник – “Муза”. 6) Бирштатт – “Скальные горы”. Знаменитая картина XX века – реалист. американск. школа Гирш, Мар-из. Реджинальд – “Слоны”. Современная живопись. Последние 10 лет.

1) “Дракон” Базиоте. 2) Исами Нукучи – мальчик (скульптураның фокусы) (анатомия). 3) Дегули – очень известный художник, “Пасхальный понедельник” ничего не значит. Қықы-жықы, айқыш-үйқыш көп бояу (көбінше ақ, көк, сары). 4) Марша Релли – сондай. 5) Джеймс Брукс. 6) Джексон Полок (“Осенние ритмы”). Бұл действие – живописец разбрасывает краски, не рисует. “Осенние ритмы” кара, күрең, ақ бояулар (шашылған), бұл өзі знаменитый импрессионист. 7) Движение – скульптура “Красные колокола” аспанда – Аэропортта көрдік. Иосиф Альберс қызық. 8) Осынікі жасыл қызғылт квадраттар (бірі-бірінің ішінде). 9) Балкон Грине, “Сидящая женщина” анығырақ. 10) Морис Граовс – Духовная пр... “Япония”. 11) Девушка художник. “Акрополис”, Лорэн Макивер. 12) Конструкция из золотой проволоки – “Солнце”, Ричард Липпольд. Музей купил за 15 тысяч долларов. Объемная. Өте қызық қозғалыс көрінеді – өрмекші өрнегіндей, жұлдыздай разновидность конструкционизма. 13) Стрем – Окада (Японнан шыққан). 14) Джим Эрнст – “Тишина”. Қараңғыда (қызық) конструкция – сенімді. Қара көк түндей тыныштық. (Сюрреалист Макс Эрнстың баласы). 15) Убегающее время, оставляющее стареющим.

Иван Лелорен Олбрайт, 1827, “Старик” – түрі, пішіні, жүзі ғаламат. Перчаткасына қарағанда грузчик суреті. Женат на миллионерше. 16) Зорах скульптор. Мать и дитя. 17) Сальвадор Дали. “Распятие” бұл онша емес. 18) Кандинский. 19) Пикассо – “Женщина в белом”. 20) Әйел суреті – Пикассо ұқсамаймын дегенде, саспаңыз, кейін

ұқсайсыз депті. 21) Ван Гог – екі сурет, екі жол. Моне көп, жақсы. Гоген, Ван Гог әуелде жақын болысқан, кейін араз. Ван Гог – “Кипарис”, “Подсолнухи” қызық.

20/II.

Кешке.

Кейзи Альфред сыншының үйінде қонақта болдық. Жиырмадан аса адам екі бөлмеде. Үлкен бөлмесінде көп жасау жоқ. Дивандар екеу, орташа. Жерде кілем. Екінші бөлме орталау, қоңырқай. Коридор екеу – екеуі де тар. Тәуірі сырттан кірер вестибюль, оның төбесі әшекейлі. Өзі жылы, едені кілем... бұнда, тегі, кілем, алаша төселмеген жай жоқ. Ас – фуршет, жеңіл бутерброд, кішкене дәмді тоқаштар. Асты негр әйел алып жүрді – қызметкері.

Бұнда Чаевский болды. Ол мақтан, менмен, кекесінге толы адам тәрізді. Біз Союзда тек ішкілік іштік. Мен впечатление, очерк жазбайым, ол өз маманының ісі дейді. Кейін де тек мас болумен өткіздік. Түк біле қойғамыз жоқ дейді. Шындарын айтудан қашады. Өздері іштей Советке дос болмай, қырын қарап келген кісілер.

Чаевский, Толстой, Достоевский, Горький – бәрі-бәрі, түгел орыс әдебиеті реализм. Реализм – соцреализм де сол – түк айырмасы жоқ. Мен Чеховша жазам. “Марти” менің сюрреализмше жазғаным – ол маған ұнамайды дейді.

Бұнда биік бойлы Индия жазушы әйелі болды. Ағылшын тілінде Индия туралы жазады. Сыншы әйел Маяковскийді зерттеуші – ұзын бойлы арық – күле сөйлейді.

Бұнда Лилиан Хельман болды. Қошқар тұмсық, жирендеу қартаң әйел. Кеудесі, екі төсі тіпті кең ашылған. Бетінде, әсіресе кеудесінде, білегінде сепкілі көп. Жақында үлкен пьесасы қойылмақ – аса жақсы дейді Чаевский де, Кейзи де. Бұл кеш жалпы қуантқан жоқ. Бәріміз де қоңырсалқын қайттық. Себебі дос жүздерін көргеміз жоқ. Тек жол атқару үшін, көңіл үшін шақырысқандай.

Карл Сэндберг қартқа ұшырасу.

Міне, бұл шын жақсы болды. 82 жастағы ақын шал Советте болып қайтқан. Ұзын бойлы қызымен, күйеуімен бірге келді. Кітабы орысша шыққан. Щипачев соны берді, пластинка сыйлады. Қазақстан, Өзбекстанды Сэндберг көп еске алды. Выставка да есінде қалыпты.

Орыс тіліне қатты тамашалайды, дыбыс үнін, “Ага” деген күтуші әйел сөзін, үнін ұнатқанын айтады. Хрущевті қатты мақтады. Ақыл да мол, күлкі, юмор да күшті. Әзіргі әлемдегі ең ірі адам дейді.

Өзінің өмір естегілерін айтты. Менің жастығым жөніндегі кітабым орысшаға қызық болар еді. Үш жасар бала күні негр әйелді мақтағанын айтады. Шойын жолда вагонның жүк қоятын жерінде тығылып жүргенін, шатырда жүргенін, одан бір көзі соқыр полицаидың шатырға қайта қуып шығарғанын айтты. Қайыршы жігіттің арық жүзді әйелден нанға май жағып беруді сұрағанын айтады. Өзі Джек Лондон сияқты – өмірі соған келеді. Менің көзіме Дж. Лондонның қартайып келген түс-қалпы көрінгендей. Дж. Лондон 42 жаста өлген. Ішкілік жеңді, көп жасағысы келмеді, әдейі уланып өтті дейді. Бұл шын дос. Нью-Йоркті кеште де көп кездік. Енді өзге ақын біреу менен бұрын айтты ма, жоқ па, онысын білмейм. Ал өзім: Бұл қала ХХ ғасырдың Манхэттен аспанына таспен жазған поэмасы дейім. Сол поэманың әрбір жолындай боп небоскребтер созылады. Америка өлеңінің жолындай (ол ұзынды-қысқалы, ұйқассыз, ақ өлеңше көбірек ұшырайды ғой). Ол үйлер бірінен-бірі биік. Әр жол болғанда, Эмпайер Стэйт Билдинг (102 этажды ең зор үй) жаңағы поэманың ең ұзын жолы тәрізденеді.

Бұндай зор әлем – жалпы адамзат тарихының техникалы, ғылымды, өнерлі іздену-жеңістерінің балғын ескерткіші, мәңгіге қалатын тозбас тастан соғылған, аспанға жазылған, іргесі тасқа қазылған жартас поэма дер едім.

Әрине, біреулерге Нью-Йорк қатты ұнаса, көп жандарға тіпті Америка өз халқының талайына қатты ұнамайтын ең даулы қала. Мен өзіме еткен әсерін айттым.

Есіме дүниелік үлкеннен, ұлыдан, адамзат қуанарлық ұлыдан ұлылар түседі. Адамда Ленин, ғылымда ракеталарымыз, сөз өнерінде “Манас”, алып қолөнерінде Нью-Йорк деуге болады.

Ой қуатын айтқанда, Э. Хэмингуэйдің “Старик и моредегі” шалы. Бізде Коненковтың өз портреті – екеуі де шал, кеудедегі жалынды жап-жалпы адамзат жаны, рухы неге құдіреті жетерлік, түп жоқ қажыр-қуат, қанатты, шабытты қуат иесі екенін танытады. Бұндай жайлар: биік

асқарлардың бастарындай — жолдағы қатпар-жоталардан қарлы мұз мәңгілерден көп-көп жолдағы әр саты орта таулар, сеңгірлерден аса-аса бір-біріне атой берісіп тұрған асқарлардай жайлар дер ем.

21/II.

Қонаққа кеттік.

“Thunder out of China” by T.H. White and Annalee Jacoby.

“By love Possessed” Jameo Goned Cozzeno. “Green Willow” Joy Chute.

Қонақтарын таныстырды. 1) Ропер. 2) Автор детектива Рекстау. Сақалды, жерде отырады. 3) М-р Прескоут — көрші. 4) Тағы көрші. 5) Главный лит. критик “Нью-Йорк таймс” Орбел Прескоут — ханым. 6) Көрші. 9) Көрші. 10) “Сатердэй” сотруднигі туралы әзіл. 11) Судьба Клуба книг. 12) Уильям Дебонс “Нью-Йорк таймста” істейді. Әйелімен, өзімен де таныстым. Самое большое лит-ное обозрение в Америке. 13) — 14) М-р Данклней — учитель. 15) Я незаметный муж знаменитой жены. Интеллектуальный ремесленник по дереву. 16) М-с Тринголсен помогает создавать страну. Лишая заботы. Интерес к Объед. нациям вызывает — нас приглас. в Объед. нации. 17) Муз. критик Джем Родрис — бизнесмен. 18) Стюрчейс — многосторон. мужчина для Америки. 19) М-р Чейс — писатель-экономист, культ познания — телефонист. Ведет войну против скуки — блестящий адвокат, которого я знаю. 20) Садовод — Россел Мисс. 21) Пресса ун-та в ... лучший дровосек, какого я знаю (күлкі). 22) М-р Хекк. 23) Отель “Жак Фульдрик”, отдел “Сатердэй”. 24) М-с в красном. — Я пишу о м-д Фуле. 25) Передовая женщина-модельер мен әйел, ана бабушканың. 26) Концерт пианистки м-с Краус... 27) М-с Фермен — о Дальнем Востоке роман — “Гроза из Китая” (Гром из Китая). Таныстым жақсы. 28) Леонов — жауап. Атақты пианист әйел ойнамақшы. Өзі венгр. Бэла Бактидің шәкіртімін. Өз өнері, оқытушысы туралы өте жақсы, сыпайы сөз сөйледі. Қара шаш әйел әдемі сұлу, ойласа өзі де сондай сұлу болар деген еді. Өзі сол еді дейді. Тамаша күй ойнады. Шашын төбесіне біздің әйелдерше түйген, бұйралау, жұқа.

“Моцартты ойнайын. Азия, Европа қосыла алса, тұрып билейік содан”.

Кейін бізге сұрақтар берісті. Көп сұрақ. Әуелі үй иесі Казинс, содан кейін детектив роман жазушысы сақалды карт, тағы басқалар сұрақ берді. Көп сұраққа жауапты мен бердім. Ленин бәйгесі жөнінде. 2) Үш түрлі топ, қайраткер, ғалым, спорт, интеллектуал топтың халыққа ең мәлімі қайсы дейді. Біз соңғысы деп мен дәлелдеп бердім. 3) Екі американин – Хемингуэй, Митчел Уилсон не себепті даңқты Россияда деп сұрады. Мен жауап бердім. 4) Шолохов “Көтерілген тыңда” Давыдовты өлтіреді дейді, рас па деді. Мен жауап бердім.

Жиын өте жақсы, адамдар да ірі. Бұл кездесу аса жақсы өтті. Бес сағаттай қонақта болып, кешке қайттық. Жол бойы ағылған машина. Айнала үнемі оралған қалың, таза, бойшаң тоғай. Орталық Россияны еске түсіреді.

Кешке қалада мюзик-холлға барып, ревью дейтін постановкасын көрдік. Бұнда бір ревью, бір кино, екеуін бірақ көрсетеді. Екеуі бір программа – ревью бір сағат, сурет – 1 1/2, жиыны 2 1/2 сағат отырады. Мюзик-холл залына 6200 кісі сыяды екен. Халық жексенбі күні толы болады. Бір күнде бес рет қойылып шығады (сеанс). Артистер екі жұма істеп, бір жұма демалады. Ал ревьюде әуелі симфония оркестрі жақсы, әсем екі күй тартты. Содан соң оркестр... платформасымен төмен түсіп, сахна ашылды. Индия әні, биі – әдемі киім бояуы, стилизация үлгісі жақсы көрінеді. Әсіресе алтын киім киген баядерка тәрізді әйел ортада ерен бөлек танылады. Биінде басты ырғақ, қолдарын жылан етуі өте шебер. Жалпы бұл біздің декадаларды еске түсіреді. Осыдан кейін әдемі костюмдерімен ковбойлар билері шықты. Және бір кезек әппақ атқа мініп, шапқылап шығып, ат ойынын көрсетті. Сол кісі және екі итпен ойнады. Біреуі төрт көз, сары бауыр қоңыр ит. Екіншісі ақ ит – овчаркалар тәрізді. Олар әртүрлі есті қимылдар жасады. Сурет нашар болды. Аяғына қарамай кетіп қалдық. Онда тек артистканың үні жақсы екен. Ол 32 жаста. Рак қанға болып өлген екен.

22/II.

Сағат онда Колумбийский университетке барамыз. Біз ун-те славян факультеті... проф. Стилман орысша ағызып таза сөйлейді. Я во главе славян. языков и лит-ры. Студенты жить не дают, хотят встретиться.

Козлов – совет студенттеринен. Их 5 человек. Американцев в отделе 45-50, есть сотни студентов, изучающих рус. яз. вообще.

История университета. Журнал “Форум” ун-та основан в 1754 г. при короле Георге II. Был вначале колледж. 8 студентов было в первый год. 37 тысяч сейчас студентов.

Летняя сессия – 6-недельная открытая сессия, все могут слушать это летом. Регулярно 2 семестра зимой, осенью, весной. В Америке и Геттингене были основаны два ун-та одним и тем же королем Георгом. Организация работы своеобразна.

Колледж – 4 года, программы – это общеобразоват. с уклонами – ведет программа к степени бакалавра.

Следующие степени – магист. – 1 1/2 года, на это с дипломной. Дальше – докторская степень – долгая разница во времени. Больше студентов на магистра и доктора, больше, чем в колледже.

В Америке студенты ездят из города в город, чтобы от родит. к самостоятельности, это после колледжа.

Есть факультеты медиц., точных знаний, философии, тут языки, иностран. лит-ра, тут же отдел философии – славянской: русской гл. образом.

Проф. Симонс Эрнест – “Введение в сов. лит-ру и идеологию”: о Федине, Леонове и Шолохове.

Экзамен длится два дня по три часа письменно, затем дипломная работа – это на магистрскую степень, 10 курсов слушают на докторскую. Занятия вечерние в общеобразовательной – тоже в конце получают степень.

1) Монголовед, Алтай Менгес Карл.

2) Халасикун Тибор – нигерец, тюрколог.

3) Джефри – арабист, умер.

4) Лодз – по угро-финскому.

5) По узбекскому фольклору защищал докторскую.

6) По казахскому фольклору. Языки изучаются: турецкий, узбекский, азербайджанский, армянский.

Русск. лит-ра. 1) XIX век, два семестра. 2) XX век.

3) Совет. лит-ра.

William L. Shirer (“Berlin diary”).

Maurice Dolbier (New York Herald-Tribune).

W. G. Rogers. “The Associated Press”.

Юджин О’Нил (О’Нейл). Long Day’s Journey into night.

“Длинное путешествие в ночь”.

Ең жақсы пьеса осы дейді. Көп дауласты. Көп әңгімелері, үшеуімен де мол әңгіме болды. М-р Райс – драматург. Зампредседатель пен-клуба. Нью-Йорк, международная лига пен-клуба өте көп, қызық әңгімелер айтты...

Көп дауласты, көп сұрақ.

Кеше күндіз үш кездесудің есте қалар ерекшеліктері:
1) Колумбия университеті. Бұл частный ун-т саналады. Бар оқушы 37 мың. Тұрақтысы 20 мыңдай. Ол мөлшер есеп. Әр факультет бөлек, мол үй. Кітапханада 3 млн кітап бар. Басқарушы администратор президенттің бірі Эйзенхауэр де бол-ған.

Студент жылына 500 доллар төлейді. Оқытқанына, жатақханаға жылына 475 доллар. Бірақ 20% студент үшін степендия бар.

Дәрежелері – әуелі преподаватель, бакалавр магистрі, доктор, профессор атақтар. Толық профессор... Төрт жыл бір ауысу бар. Үлкен толық профессор 18-20 мың доллар алады жылына. Клубтары жақсы.. онда тамақ, демалыс, бильярд қымбат. Бриджи ойнап отыр, бриджи өте ауыр, сложный ойын дейді. Ақшаны аз қойысады. Студенттермен кездесуді нашар ұйыстырады, әдейі істеді. Әңгімелесуде Леонов өзін ақылсыз, нашар ұстады. Белинскийдің Гогольге жазған хатын жамандады. Щипачев ренжіп, залды тастап кетті. Біз де реніш айттық. Ол айыбын мойынға алып, кейін кешірім сұрады. Өте бестактный мінез, осындай ұшырасу көптің ұшырасуы емес. Өзінің бір кітабы жөнінде бір ғана аумақ сұрақ бергенге елігіп қайда отырғандығын, неге бас қосқандығын ұмытып, эмпирик мылжың сөз, мінездемеге кетті. Мен пропагандист емеспін, қайта мені Одақта еретик деп біледі деп, өзін нашар түрде бар Одақтан бөлшектей сөйледі.

2) Бұл күн бір ерекше оқиғасы пен-клубтағы ұшырасу болды. Мені көп жазушылар қамап алып, көп сұрақтар берді. Көп-көп әңгімелестік. Бір үлкен қартаң жазушы менімен әңгімеден кейін 90% қанағаттандым әңгімеңізге деді. Осында негр жазушысы Ленгстон Хьюз да болды. Ол Союзда болған, жақсы әңгімелестік. Жазушылар көп, ірі сыншылар көп. Үлкен газеттердің сын бөлімдерінің ірі бастықтары болды. Бәріміз де көп, жақсы әңгімелестік.

3) Кешке белгілі жазушы әйел үйінде қонақта болдық. Ол обед еді, өте жақсы күтті. Екі этаж пәтері бар. Қызметкерлері еркек те, әйел де. Бұнда 3 1/2 сағат отырдық. Аса көп әңгімелестік. Пастернак туралы да.

Біздің әдебиетте психология бар ма деген сұрақ жөнінде тақырып біреу болғандықтан, бар әдебиет ұқсас емес пе, барлық журналдың орталығы біреу ғана емес пе? Толстой... сынап жазбап па еді. Жалғыз Пастернак сынына жаза қолдандындар, ол қалай деген тәрізді сұрақтарға көп дауластық. Осында пен-клубтың орынбасары драма сыншысы, өзі драматург м-р Райс болып, сонымен көп әңгімелестім.

Пен-клуб проблемаларды, жалпы әдебиеттің өзін екшеп алып талқылайды. Мысалы, 57 жылы Токиода тек аударма туралы сөз болысты. Шығыс көп аударады, біз Европа, Америка, олардың тілді білмей, аз аударады екеміз. Соны сөйлестік.

50-60 мемлекетте пен-клуб бар. Әр ел өз өзгешелігін түсініп отырады. Былтыр халықаралық жиылысы өтті.

23/II.

Біз “Сатердэй-Ивнинг” редакциясындамыз. Норман Казинс бұнда редактор. Сын, драма бөлімі бастығы, үлкен мақалалар бөлімі бастығы, редактор көмекшісі. Издатель қартаң. Жалпы редактор зав. продукц. из-ва.

Екі жақты таныстырулар. Бұрын қойылған сұрақтарды бермеспіз.

“Сатердэй-Ивнинг” редакциясындағы әңгімеде Щипачев жақсы сөйлеп, бар әдебиеттің иесі боп көріне білді. Әдебиет шаруасынан сөйледі. Коненковты, мені мысал етіп, еркіндікті айтты. Пастернак жөнінде ұялтты. Біз толған әлембіз, әдебиет деген өзі әртүрлі, соның бәрінің орнына тек Пастернак ұят, әділетсіз және бұнда басқа ешкімді білмейді, білгісі келмейді. Ақша шығарып басса, соны көп басып, совет әдебиетіне деген соманы Пастернакқа беріп тауысқан ба дейді (күлкі).

Норман Казинс жақсы, келелі сөйледі. Алдағы алысырақ нысанада қайшылықтарымыз, шалғайлығымыз көп болса да, бүгін біз бәріміз бүгінгі тірлік үшін жауаптымыз деді. Леонов пен менің айтқан (өзінің үйінде айтқан) сөздерімізді коллективіне айтып бермекші болды. Щипачев өлеңдерін жақсы оқыды.

Осы күні “Американская лига авторов” деген тобына барып, сонда лянш болды. Бұнда ас үстінде бесеумізді бес бөліп отырысып әңгімелесті.

Кейін Рекс (кешегі сықылды детектив роман жазушы автор) өздерінің ерекше мән-жөндерін айтты.

Бұл лигада тілеген жазушының бәрі бар. Анархист, коммунист, саясатсыз консерватор, республикашыл демократ – кім де болса бола алады. Бір уақыт бір фашист те болады.

Кімнің нені қалай жазғанына сот емеспіз. Бәрі де өз білгенінше, өз еркінше жазсын дейміз. Сіздердің сұрақтарыңыз бар ма деді. Біз өздеріңіз сұра дедік. Гончар жақсы сөйледі. Соғыста болдым, сонда фашист болса, біз оны, әрине, жыраққа жіберер едік. Біз жасырмаймыз – саясат біздің бір шындығымыз деді.

Мен, Щипачев өз шығармалық жол-жөніміз туралы аз сөйледік.

Сол күні түс ауа атақты Эмпайер Стэйт Билдинг – 101 этажды үйді көрдік. Қасымызға басшы адамы ерді. Хрущевті ертіп шыққан екен.

Әуелі 80-этажға шықтық. Бір минутта шапшаң лифт алып шықты. Осы этажда әдемі екі үлкен әсем кабинет бөлмелерді араладық. Жай кісілерді бұнда (сирек қонақ болмаса) кіргізбейді екен. Осы кабинетте үйдің қазіргі иесі мэр Грациннің портреті тұр. Осыдан кейін 90-шы этажға шығып, бір ауыстық. Ең ақырғы 101-этажға тағы лифтпен көтерілдік. Бұл үйдің ең биік үшкір төбесінен 7-8 телевизор биігі орын алған. 80-этажда айнала қоршаулы, бірақ шыны жоқ. Бар Нью-Йорк табан астында. Бұрын ең биік үй 72 этаж екен, ол баладай. 101 этаждың айналасы шыны-пиала, соған жазған, бриллиантпен жазған жазулар, кісі аттары бар.

Бұл үйдің ішінде өңшең кеңсе, шаруа, сауда орындары, 90 офис шамасы бар (90 ба, 600 бе?). Астында магазиндер, подвалын да көрсетеді екен. Ол 20 метрде тіреуге орнатылған дейді.

Осы үй алғашқы салушыға 26 миллион тұрған. 4 мың кісі бір жылда салған. Кейін осы үйді Граун 50 миллионға сатып алған.

Кешке театр – “Оныншы кісі”, Чаевский пьесасы.

Пьеса нашар – күлкі болғанмен, “Хохма одессита” күлкисымағы. Жалпы, пьеса қытықтай күлдіреді.

Артистер жақсы – режиссер атақты ірі өнерпаз дейді. Театр кішкене. Адам мол. Пальтоны шешпей отырады. Әркім өз алдына қойып шешіп отырады. Халық көп келеді. Арзан күлкіге еврейдің тілі, әзілі, синагога ішіндегі мінездерге арзан, жеңіл күлу, әзілдеріне жұрт көп күлді.

24/II.

Таңертең Нью-Йорк биржасында болдық. Ол қызық дүние, теңіз бетіндей толқып-толқып, шарасынан шыға алмай тұрады. Агенттер, акциялар, компаниялар. Екі қабырғада телефон номерлері – агенттерді шақырған номерлер. Ортада қызыл электр сағат, минуттар. Анда-санда сүйсінген кісі аспанға ұсақ құстай әртүрлі қағаз қиқымын ұшырады. 50 доллардан акция болғанда күніне үш миллиондай акция сатылып алынып, ауысып жатады. Күніне бір жарым миллиард саудасы болады. Осынан үйге хат жаздық.

Түсте капиталист издательдер мен 666-үй, 5-авенюде обед болды. Мен сөйледім. Макрай, Вениамин сияқты сегіз капиталист издатель болды. Киімдері сәл орташа.

Бір капиталист Б. Пастернакты 1 миллион тиражбен шығарыпты. Хемингуэй 500 мың еді дейді. Күлдім. А.Толстой 15 мың шыққан. Енді ғана Петр I 25 мың карманний түрде шығады.

Д-р Хикс, м-р Каминский, Норман Казинс болып, “21-клуб” дейтін ең атақты клуб ресторанда қонақ етті. Мен Нью-Йорк туралы суретті сөз сөйледім. Қатты ырза бо-лысты. Хикс – Ленин приз алатын кісі, жөні бар кісі екенін танытты деді. Маған қалжың приз айтты. Осында “Нью-Йорк таймс” өкілі болды. Ол газета 1 млн 200 мың. “Нью-Йорк Дейли Ньюс” (бульвар газетасы) 2 млн дейді. “Вашингтон пост” 300 мың екен.

Бұл кеште Вера Юльевна Вакая (болса керек) қалжыңдастым. Қызық әйел. Д-р Хикс бізді қонақ етті. Сальбери “Нью-Йорк таймстың” өкілі. Алматыда, Союзда 5 жыл болған.

Глобус – издатель. Әзілі грубый. Гончар ыза болды. Жаулықпен деп ойлап еді. Онысы теріс еді.

25/II.

Кітапхана.

Kodjombardiew Koudaibergen.

189 South 9th St.

Brooklyn 11, New York. Tel. EV. 4-0856.

Үш мың адам істейді. Демалыс бөлмесі, столовойында жақсылап тамақ іштік.

Осы күні ООН-да болдық. Ғаламат қызық үй. 7 елдің архитекторы қосылып істеген. Ортада фр. Карбюзье, орыс Басов бар. Үш бөлім үй. Совет безопасности, самоуправляющихся территорий, экономич. совет, зал заседаний, Объед. нации, соңғыда 2 мың кісілік орын бар. Қызық суреттер. Спутник, парсы кілемі, т.б.

Хэрлем – негр ауданы. Больницамыз, терапевт, хирург, глазник, роддома, все основал...

Бізді Браун ертіп келді. Браун – Лайфтың басқарушысының бірі.

Это медицинский центр. Разницы нет – больной или не больной, взносы есть. В районе 5 центров. 42 дол. 75 центов (за семью) на одного жильца 18 тысяч на один мед. центр. В городе еще 30 поликлиник. Здесь 34 врача.

Кооператив үй жаңа. В 6 домах 999 квартир. 21 этаж каждый дом. Есть 11 врачей, которые в двух домах. Получают квартиры по заявлению. Молодой кооператив отбирал семьи со средним доходом. Применяют так: заработок д.б. в 7 раз больше оплачиваемого – от 6000 до 12 тыс. В районе 9 приходов, рел. институтов. Кооператив создан, чтобы уничтожить труппы – поэтому пр-во помогало. Вносили 20 %, 80 % жильцы получали от гос-ва, 80 % должны уплатить в сорок лет.

Есть еще дома с доходами низкими, их прав-тва город построили с доходами низкими. Системы комнат нет. Каждая квартира – 6-7 комнат. Квартплата – 28 долларов, а обходятся в два раза больше, т.е. 60 % убытки и будут.

Плейхауз. Кешке мен “Плейхауз” атанған театрға бардым (Достижение чудес). “Творитель (сотворение) чудес” атты Вильям Гибсонның пьесасын көрдім. Соқыр, мылқау қыздың адам болғаны жөнінде. Бұнда осындай әйел бол-ған екен. Соның өмірі туралы қызық кітап бар. Пьеса осы жөнде.

Кішкене 12 жасар артистка Патти Дюк Хелен Келлер деген рольді ғажап ойнады. Мылқау қыз баланың образы

жанды кабады. Тәрбиеші өзі бұрын соқыр балалар арасында тәрбиеші болған жас әйел, өзі де кем болған. Сол үш акты бойында “Әке, апа, су” деген үш сөзге үйретеді. Тәрбиеші ролі де аса жақсы екен. Жылап ғажап ойнады. Анни Сулливэн ролін Анне Банкрофт ойнады. Осы тәрбиеші.

Халық аса мол, театр үлкен емес, фойе жоққа тән. Бірақ орын жетпейді. Күнде осындай тығыз. Бұл частный театр. Бір Бродвейде осындай 30-ға жуық театр бар дейді.

Режиссер Артур Ренн.

26/II.

Бүгін таңертең ерте тұрдық. Сағат 9-да Лос-Анджелеске аттанамыз. Нью-Йоркте 8 күн тұрдық.

Жолда газета оқыдым. “Нью-Йорк таймс” 26/II. Салисберн Харнсон жазды “Писатели невидимки под огнем”.

Районный прокурор Фрэнк Хоган расследует 25-го дело о четырех агентствах, поставляющих по плану диссертацию или работы на степень 3000 долларов, на экзамен 50-500. Даже некоторые сдавали экзамены за отд. студентов в отдельных университетах на первом и продолжали дальше.

“Уорлд Телеграм энд Сан” Колумб. ун-т. Учитель колледжа Алекс Бексон сдавал за студента экзамен и так корреспондент выявлял это дело. Газета сообщила, что он действовал с ведома прокурора – мистера Хогана и деньги вернул в его контору.

Лос-Анджелеске 5 сағат 22 минут ұшамыз деп жариялады. Стюардесса қыздар және жалпы бар қызметкер қыздар тазыға ұқсайды, поджарые, чуткие, подвижные – особая порода, племя.

Президент учит. колледжа д-р Кэсуэл выразил тревогу подставными экзаменами. Раньше не были раскрыты, происходит это, где выпускают будущих педагогов. Их немного. На магистерский уровень поощряет такие вещи, терпимо относиться к нему.

Факультет учительского колледжа постарается улучшить.

Проф. Чэпмен Нью-Йоркского университета сомневается, что могло это произойти на уровне степеней. Он честно сознался как студенты обсуждают материалы, переписывают.

– Трудно было бы это провести?

Тони Пинта – редактор студенческой газеты “Скуэф Журнал”, заявил о том, что 35–90% занимается по желанию. Чэпмен это называет фантазиями.

Диссертация написана фальшиво. Бенсон (пр.), что его частный психолог за 350 долл. написать диссертацию для Иешивского университета. Как сообщает один из проф. Юга-Запада, 1250 долларов за проделанную докторскую диссертацию. Далее написана благодарность его.

Кандидат в колледж ун-та 2000 долл. Зарплата за диссерт. по нему ответ дураков. Но цены являются честными. Взять половину гонорара.

Д-р Самуэл Белкин, проф. Иешив. ун-та, сообщил это докторская диссертация готовилась для Иешив. ун-та, но не говорит, что она была рассмотрена.

Аспанға көтерілгеннен кейін бұлттан асып шыққан шағымызда жариялады, Эмпайер Стэйт Билдингтің басы көрініп, бұлттан асып тұрғанын айтты.

Бүгінгі газетте Бразилияда екі самолеттің қақтығып ойран болғаны жазылған. Екеуінде 64 кісі өлген. Рио-де-Жанейро заливында үш кісі тірі қалған. Төрт моторлы военный морской, екі моторлы пассажир самолет. Халықтың көз алдында осы трагедия болды деп жатады.

Үлкен қызық бір әрекет. Англичан юрист Александр Мэкланд Шотландия нац. музейіне үлкен коллекция сурет сыйлаған. Бағасы бір миллион тұратын коллекцияда Сезанн, Пикассо, Гогендер бар. Бұл сыйды жақында қайтыс болған әйелінің әруағына арнап ұсынған. Бұ да бір ғаламат қылық мінез.

Чикагоны басып ұштық, жолда Миссисипиді басып өттік. Бар жерде қар – Россиядай. Айтпақшы, международ. книганың бұндағы өкілі мистер Смиттің толық аты, адресі: м-р Эдвин Смит, американско-русское муз. агентство.

Mr. Edwin Smith.

Am. Rus. Literary and Musical Agency.

24 West 45 St.

New York 36 N.Y. USA

Виски іштім. Қазір қарлы, мол шаруалы аудандарды

басып келеміз. Қар қалың, бірақ әр жерде аз-аз қоңырқай көкшіл ағаштар көрінеді. Онда жеке-жеке усадьба, фермалар. Ал көп алаң үнемі шахмат тақтаға бөлінгені байқалады. Фермалар егіндігі.

Жол аса қызық. Тауларға кірді. Көп-көп таулардан, елсіз таулардан өттік. Қарағайлы, қалың жыныс ағашты таулар көп. Лос-Анджелестен Фресноға тартқан жол толған мұнай. Кешке жақын Фресноға кеп жайғастық.

Мұхтар Әуезов. 1960.

**1) г. Фресно (Калифорния),
мотель (9) аты “Насиенда”.**

2) Лос-Анджелес. “Чайман парк” (532).

**3) Феникс, отель “Весвард Хо”
(на западе) (812).**

26 күні кешке ас ішіп, тынығып, мотельді аз араладық. Су ішінде пиала арқылы би көрініс жасаған сұлу әйел әрекетін көрдік. Қараңғы зал (қоңырқай), музыка, электрон ойнайды. Төрде жасыл әйнек, үлкен сахна сияқты, онда терең су. Сол суға алтындаған трико (купальный костюм) киген ұзын бойлы, сұлу денелі қыз (сары алтын сары шашты) қыз сүңгіп түсті. Содан ары айналып түсіп бұралып, оралып шалқалай айналып, басымен дөңгелене айналып сәнді грациялы пластикалық өзінше өзгеше би қимылдарын жасады. Сырғанақты би өзгеше болып созылып, тамылжып ырғалғандай су ішінде де ғажап сұлу қозғалыстар әсем-сәнмен ырғала тамылжып шығады екен. Бұл “Русалка” аталады.

Біз енді Фреснода үш-төрт күн болмақпыз. Бұл аласа бір этажды қала. Табиғаты көктем – екінші бір дүние.

27/II.

Ертеңгі ас үстінде жалпы әңгіме. Маған көп сұрақ берісті. Оқу, жазушы туралы, содан кейін осы стол басында пресс-конференция басталды. М-р Беккер алдын ала сөйлеп, достық жағдайда өтсе екен деп тілек айтты. 7-8 корреспондент, біреуі әйел. (Бөлменің жарығы төбеде. Әр жерде осындай. Бұл өте ақылды іс). Щипачев сөйледі кіріспе – быт цивилизациясы сіздерде биік, үлгі аларлық.

1) Роберт Резон – редактор газеты: Ағылшын тілінде аударылдыңыздар ма?

2) Боб Маркин – газета “Колледж”: Какую подготовку получают молодые писатели?

3) Джем Уэлсон – из радио и телевид., пресса колледжа.

4) “Фрезио Пи” (“Пчела”): Собираются ли сов. писатели на съезды, конференции? Зарабатывающие писатели, т.е. работающий писатель – кто писатель, кто нет.

Қаланы аралап келеміз. Парк – эвкалипты, инжир, пальмы (финиковые, королевские), очень большой парк. Персики цветут. Здесь графство – самый большой город между Сан-Франциско и Лос-Анджелесом. 125 тыс. км. Центр самой плодотворной долины в Америке. 100 лет назад долина была полупустыней. Қалада землетрясение болады. Бұнда канал, плотина – екі үлкен плотинадан өлке су алады.

Қаланың шеттерінен келеміз. Бұнда машинада отырып тамақ ішетін особый ресторан. Подают в машину со столиками, испан. стиль. Мотельдер көп – бірнеше. Үйлер бір этаж, жеке-жеке отель, төбелері ағаш, черепица. Ғажап көп әсем столдар (машинада отырып жазып келемін, сілкінбейді).

В “Манасе”, “Шахнаме” много совпадающих мотивов в характеристике образов и судьбе героев. Так же сходны и антагонисты героев — Конурбай и Афрасияб (оба неверные).

Необычайно долго живет Зал, пережив своего сына Рустема, который тоже успевает выступить в совместном бою со своими потомками чуть ли не четвертого колена. Если не в такой степени долговечен Манас, то его отец Бай-Джакып живет очень долго и тоже переживает сына и погибает насильственной смертью от руки внука. Долго живет враг Рустема Афрасияб. В “Манасе” долговечны Конурбай, Джолой и все его сильные враги и лучшие друзья-соратники. Всю жизнь не расстаются герои обеих поэм со своими конями. Рустем терпит вероломство близких ему людей, как например, родственника Кейкауса, обязанного ему своим тронном. Враждуют с Манасом и покушаются на его жизнь ближайшие родственники кезкаманы.

Внешняя разница в положении Рустема и Манаса заключается в том, что первый – не шах, тогда как Манас становится ханом. Зато Рустему обязаны своим тронами все жившие при нем “властители мира” (Шах Джахан), фактически ставленники его. Различны также семейные мотивы жизни героев. Рустем имеет много детей, что составляет для него одновременно и счастье, и трагедию. История его поединка с неузнанным сыном Сохрабом кладет начало получившему впоследствии почти мировое распространение странствующему мотиву “боя отца с сыном”. Манас же почти всю жизнь остается бездетным, увидев появление на свет единственного сына Семетея лишь перед смертью. На этом подчеркнутом противоречии с идеалами семейно-родового начала построена, собственно говоря, единственная трагедия жизни самого Манаса и его любимой жены Каныкей.

Таким образом, рассматривая вопрос о книжном влиянии эпоса других народностей на “Манас”, мы должны признать, что персидский эпос, в особенности “Шахнаме”, занимает здесь одно из самых видных мест.

Разберем еще вопрос об элементах комического, вообще веселого в поэме с точки зрения конструктивных особенностей, а также стилистической обработки речевого материала.

Прежде всего, надо отметить, что и комизм положения, и комизм речевой занимают в поэме, особенно в сагымбаевском варианте, значительное место. Певец подробно останавливается на всяких развлечениях, играх, состязаниях, своеобразном (тоже отмеченном печатью известного героизма) спорте*, уделяет и немало внимания всему занимательно-веселому, смешному, необычайному. Редко в каком другом эпическом произведении развлечения и увеселительные игры занимают так много места**.

* Почти все эффектные события “аш” составляют игры, состязания: стрельба из лука, борьба, саши (бой на копьях), скачки, отвязывание верблюда и др. Каждая из игр занимает целую песню, а скачки – две песни.

** Исключение составляют гомеровские поэмы.

В “Манасе” эта черта выступает как признак большой жизнерадостности народа-кочевника, азартно любящего развлечения в своем относительно изолированном историческом существовании, в окружении гор, величественных пейзажей вечных снегов, озер и альпийских лугов, с пестрыми табунами скота.

Описание игр и развлечений встречается не только в “Поминках по Кокетею”. Каждое значительное событие в жизни героев, начиная с рождения Манаса, кончая его женитьбой и рождением сына Семетая, отмечается устройством большого “тоя” (как это бывает и в действительности) в сопровождении игр. Почти каждая большая тема, каждый цикл обязательно содержат в себе одну или несколько песен, посвященных развлекательным моментам. В этом, пожалуй, самое выдающееся, высокоценное качество сагымбаевского варианта.

Большинство повествований о войнах, сопровождающихся тяжелыми испытаниями для героев, заканчивается у Сагымбая рассказом о всеобщем торжестве или каком-нибудь занимательном развлечении, либо перемежается с комическими сценами, которые хотя бы на время отвлекают от серьезных переживаний как самих героев поэмы, так и сочувствующих их судьбе слушателей.

Подобные сцены встречаются в “Чон казате”, где события протекают особенно напряженно. Например, исключительные трудности девятидневного переезда как бы облегчены вводом комической сцены с малодушным, назойливым Кыргыз-Чалом или трагикомической сценой с злополучным Таз-Байматом, который при перечислении подчиненных ему воинов упустил Манаса. Еще замечательнее в том же “Чон казате” игра ближайших соратников Манаса на привале в “ордо” (национальная киргизская игра). Между участниками игры возникают споры, которые переносятся в реальную сферу их взаимоотношений и вызывают чуть ли не раскол всей рати, идущей на Бей-джин.

Ввод подобных развлекательных сцен певец практикует в любых случаях. Все комическое в поэме всесторонне мотивировано, оправдано ее сюжетным и конструктивным заданием. Это обеспечивает (не в пример даже книжному

“Шахнаме”) художественную полноту произведения, широкий охват творческим воображением джомокчу героики будней, быта и психологических черт киргизского народа.

Комическое в поэме осуществляется различными приемами. Прежде всего обращают на себя внимание целые сцены, специально подчиненные этой теме. Особенно изобилует такими сценами “аш” Кокетея (эпизод отвязывания верблюда и др). Если исключить скачки, борьбу, саиш, вызывающие напряженное чувство соревнования между родовыми, часто враждующими группами, то все остальные состязания протекают как легкие развлечения, игры в настоящем смысле этого слова, в которых, безусловно, должен присутствовать элемент веселого и комического. Очень яркой в этом отношении является сцена отвязывания верблюда. Комическое здесь достигнуто построением необычного на необычном: голая пара появляется перед многолюдной и исключительно требовательной аудиторией ханов. Необычны также действия этой пары. Острая шуточная сцена и по своему словесному оформлению протекает в стиле натуралистического реализма с перечислением всех деталей и с описанием отношения зрителей — мусульман и “неверных”.

Единственную победу в состязаниях (враги) одерживают только в этом случае. При этом здесь допущено отступление от обычного приподнятого тона повествования о героях (даже тогда, когда они веселятся, развлекаются), что является результатом пренебрежительного отношения певца к “неверным”, которых он всегда подает в гротескном изображении. Таким образом, в этой сцене основной мотивировкой является прием контраста, противопоставления спортивных талантов героев (в предыдущих сценах стрельбы, борьбы и турнира) животной-грубым наклонностям врагов.

В этом же духе протекают и остальные картины “аша” с участием отдельных персонажей из неверных. Например, объектом постоянных насмешек служит Джолой с его жадностью, тупым упрямством, хвастовством и прочими отрицательными качествами. Это хорошо показано

в маленьком эпизоде с варкой мяса для гостей. Нетерпеливый Джолой выхватывает прямо из котла куски мяса, а поваров, пытающихся помешать ему, хватается за ноги и ударяет головами о землю. Целую песню, подобно сцене с отвязыванием верблюда, занимает “таз сузушу” – состязание паршеголовых, подражающих бою баранов. Это наиболее безобидная для обеих сторон картина просто смешного.

Кроме таких целых песен и эпизодов, в эпосе рассыпано очень много шуток, острот, веселых прибауток, шуточных прозвищ и т.д. Например, Кошой перед поединком с Джолоем острит по поводу своих шаровар. Шутливо описывает певец отказ богатырей европейских народов, например, англичан, немцев, от участия в саише (турнире). Один из них говорит, что всю жизнь ездил только на телеге, а с коня его снимает всякий, другой заявляет, что никогда не держал в руках копья:

– А, калайык, – деп айтат:
Араба болуп мингеним,
Бала эконден маш болуп,
Ат миништи билбедим.

.....
Байкуш Эбел коздоду:
– Найза деген немеңе?
Ошу кунчо найзанды
Уштап, кармап корбодум.

– О, народ! – он говорит:
Всю жизнь свою я ездил на арбе,
С самого детства
Не знаю, как садиться на коня.

.....
Бедняга Эбель распрашивал:
– Что такое копьё (найза)?
До этого самого дня
Не держал я копьё в руках.

С точки зрения киргиза-наездника, ценящего копьё больше всякого другого оружия, оба этих мотива должны казаться очень смешными.

Шутки допускаются и по адресу самого Манаса. Так, например, над ним смеется Бакай, когда герой, увлеченный красотой своей будущей жены Кара-Борук, оказывает ее отцу такое почтение, которое в качестве традиционной церемонии требуется только от жениха при виде тестя. А Манас в то время женихом еще не был.

Комическое, как прием освещения, развертывания определенных тем, встречается и в показе некоторых моментов, связанных с религией. Весьма интересно в одном эпизоде (принятие ислама жителями Ташкента) описание молитвы мусульман с точки зрения язычников. Последние совершенно упускают из виду ритуальную сторону, как будто она вовсе не существует. Они видят только, как мусульмане стоят рядами, все в одно время нагибаются, становятся на колени, поднимают руки вверх ладонями, говорят что-то непонятное. Так с точки зрения немусульман очень подробно описывается певцом вся внешняя сторона молитвы. Путем применения такого приема певец сознательно обесмысливает исполнение, показывая только внешние стороны и не касаясь внутреннего содержания. Этот мотив сам по себе аргументирован, оправдан точкой зрения язычников как недоумевающих наблюдателей. В результате получается целая картина, отстраненность которой резко ощущается мусульманами и одновременно слушателями, ибо для них недоуменные вопросы язычников должны звучать только комически:

Барын кырка турдунар,
Башка бир жумуш мунунар.
Обоктоп ооро болдунар,
Боорунарда колунар,
Болжолу жок бир жумуш,
Башынды жерге койдунар.
Катар-катар турушкан,
Кайсы турлуу ойнунар?
Элиниздин барысы
Эки жагын карады,
Ушу кылган ишинер
Эмине ишке жарады?
Биз билбеген бир созду
Кожурашып калдунар,
Нении кордун барынар?

Все вы, ставши в ряд,
Что-то делали.
Все вы стояли, нагнувшись,
Держа руки на животе (буквально: на печени).
Что же это за бесполезное дело?
Головами касались земли,
Что же это за игра такая?
Вы стояли в несколько рядов,
Смотрели попеременно по сторонам,
Что за польза от этого дела?
Стали бормотать
Непонятные нам слова,
Поглаживая свои подбородки,
Что вам за польза от этого?

В дальнейшем этот прием служит мотивировкой для ввода серьезной темы поучения, пропаганды в пользу ислама. Однако серьезное, с точки зрения верующего, дело воспринимается и здесь язычниками-слушателями в комически отстраненной форме. Когда Абу Насыр Самыш посвящает язычников-киргизов в учение ислама, Кокетей, в то время еще язычник, но уже склонившийся к новой вере, прерывает его:

Навстречу вышел Кокетей,
– Подождите! – он сказал.
Что это за слова
О том, что покарает тебя периште?
Наговорив много слов,
Вы заботитесь о судном дне.
Погодя, еще один говорит,
Что “побьет тебя периште”.
А что такое “периште*?”
Расскажите о его приметах.

Дальше из объяснений он делает вывод, что ангел – это товарищ бога и т.д. Сходный характер имеют представления мусульман о языческих обрядах, в особенности – о языческих идолах. Последние много раз описываются подробно, причем

* Периште, бериште – ангел.

имеются “чоюн кудай” (чугунный бог). В данном случае тот же прием служит сниженно комическому осмыслению изображаемого.

В том же духе шутливо-иронического отношения к чужим обаячам и представлениям переданы картины встречи Манаса с родственниками Канькей, когда он приезжает сватать невесту. Осмеивается оседлый быт горожан, которые не только не пользуются лошадьми, но даже боятся их, принимая за опасных зверей:

Много таджиков,
Ловких и известных,
Как увидят дерущихся жеребцов,
Разбегаются в страхе по домам,
Думая, что они их проглотят.
Многие из щелочки своего дома
Выглядывают потихоньку,
И когда жеребцы гонят лошадь,
Думают, что они съедят друг друга.
Никогда не видавшие,
Как лягаются на улице лошади,
Удивляются тому
И разбегаются в разные стороны,
Точно они их лягают.

Заканчивая разбор художественной формы поэмы, напомним еще раз, что здесь намечены лишь некоторые предварительные вехи для дальнейшего глубокого изучения ее. Наши наблюдения излагаются только в порядке постановки вопроса, наметок отдельных проблем исследования эпоса.

Помимо многих не затронутых мною моментов, остается совершенно неразрешенным большой вопрос, вытекающий из специфических особенностей поэмы, вопрос об авторах хотя бы даже одного разбираемого нами варианта. С одной стороны, несомненно, что в разрастании поэмы, в сюжетном построении ее участвовали многие авторы, с другой стороны, налицо и подлинно творческая, огромная работа последнего певца, как бы взявшего на себя роль редактора, подчинившего все перечисленные моменты общему замыслу и тем самым придавшего варианту харак-

тер некоторого единства. Это единство достигается, кроме того, известной, правда, не всегда выдержанной последовательностью событий.

Задачей дальнейшего исследования формы поэмы должен быть анализ словесного стиля, словаря, рифмы, звукописи (в связи с напевами) и синтаксических оборотов для выявления авторской техники как последнего исполнителя, так, может быть, и его предшественников. Решить эту задачу можно лишь путем коллективной работы специалистов-фольклористов, в основном – исследователей из среды киргизских научных работников, которым дух родного языка понятнее и ближе, чем кому бы то ни было.

**Ғылыми
түсініктемелер**



“О труде многолетнем и вдохновенном”

“Абай жолы” эпопеясының жазылуы жайындағы ой-толғаныстарын, тәжірибелерін М. Әуезов оқушыларымен ұдайы бөлісіп отырды және жыл өткен сайын онысын жетілдіріп, толықтырып, шыңдап-шымырлаумен болды. Бұл жөніндегі жинақталып қалған ой-пікірлерін біраз еңбектері мен сөйлеген сөздерінде айтқан. “Абай” романының жазылуы жайынан” деген мақаласы баспасөз беттерінде жарияланды (Әдебиет және искусство. 1955. № 3). Соңынан ол толықтырылып, “Как я работал над романом “Абай” и “Путь Абая” деген атпен басылды. Ал “О труде многолетнем и вдохновенном” алдыңғы айтылған еңбектердің мүлде жаңа бір түр-нұсқасы десе де болады. Мұндағы толғаныс, талдау, ұғындыру басқаша қалыптанған. Осы еңбек жазушы мұрағатындағы машинкада басылған данасы (205-бума, 1–71-бб.) бойынша академиялық басылымда алғаш рет жарияланып отыр.

Т. Әкім

“Народный “Бустан”

Бұл мақаланың қазақ тіліндегі алғашқы нұсқасы “Халықтық “Бустан” деген атпен “Қазақ әдебиеті” газетінің 1958 жылғы 12 желтоқсанында жарияланған. Кейін “Культура и жизнь” журналының 1959 жылғы № 2 санында (33–36-бб.) орыс тіліне дәлме-дәл аударылып басылған. Бұдан кейін жазушының көп томдықтары мен мақалалар жинақтарына енген. Мақаланың түпнұсқасы сақталмаған.

Жазушы бұл мақалада 1958 жылдың 12–23 желтоқсаны аралығында Мәскеуде өткен қазақ өнері мен әдебиетінің онкүндігінен алған әсерлерін, сондай-ақ қазақ халқының өнері мен әдебиетінің, мәдениетінің ондаған жылдар ішінде қауырт қарқынмен көктеп, гүлденуін парсы елінің ұлы ақыны Сағдидің “Бустанына” (жемісті бақ) ұқсататынын баяндаған.

Мақала елу томдық академиялық басылымға журналдағы нұсқасы бойынша берілді.

1. 54-б. “...бустаном”, – как некогда назвал поэт свой прославленный сборник стихов” – Парсы елінің ақыны Сағди өзінің асыл диванын (өлеңдер жинағын) “Бустан” (жемісті бақ) деп атаған.

А. Пірімбетова

“60-летие академика Каныша Имантаевича Сатпаева”

Мақала Қазақстан Ғылым академиясының “Вестник” журналында (1959. № 4. 58–61-бб.) жарияланған. М. Әуезов өзінің бұл ой-толғанысын сол кездегі Қазақстан Ғылым академиясының президенті, КСРО Ғылым академиясының толық мүшесі, еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Сталиндік және Лениндік сыйлықтардың лауреаты Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың 60 жасқа толған мерейтойына арнады. Бұл ретте ғалымның елу жасқа толуына орай “Қазақ халқының зор ғалымы” деген атпен арнайы жазылған мақаласы да бар. Қаламгер осы еңбектерінде Қаныштың сауатын ауыл мұғалімнен ашып, Павлодардағы орысша-қазақша училищеде, одан кейін Семей қаласындағы оқытушылар семинариясында, Томскідегі технология институтының тау-кен факультетінде оқығаны, онан соң Ақмола түсті металлургия тресін, Жезқазғандағы Қарсақпай, Спасск комбинаттарын, Одақтық Ғылым академиясының қазақстандық филиалын басқара жүріп, дүниеге белгілі Байқоңыр, Қияқ секілді бірсыпыра кен орындарын ашқаны жөнінде айтады.

Қаныш Имантайұлы Ғылым академиясын ұйымдастырушы және оның алғашқы президенті болды. Одақтық Ғылым академиясының толық мүшелігіне қазақтан тұңғыш сайланды. Автор Қ. Сәтбаевтың қазақ тарихында алатын орны, атқарған қызметі, еңбектері жөнінде сөз қозғай отырып, оның Абай мен Шоқан, Ыбырай мен Жамбыл сияқты айрықша орны бар қайраткер екенін, еңбегіне сол деңгейден қарау керектігін, Қазақстандағы Ғылым академиясын жолға қоюдағы істерінің өзі айтып жеткізгісіз табыс болғанын айтады. Бұрынғы көшпелі елдің киіз үйінде өскен жанның ғылымда жеткен нәтижелі жеңісі халқын ғана емес, өзгелерді де таңғалдырды. Ғалымның жетекшілігімен әлемге беймәлім, аса бай Байқоңыр, Қияқ секілді бірсыпыра кен көздері ашылды. Мұндағы байлықты көне замандардағы сақ, массагеттер де білген. Қордың мөлшері

қандай екенін Қ. Сәтбаев анықтап, нақтылап көрсетті. Бұл ретте М. Әуезов ғалымның көпшілікке мәлім емес қырсырларына да ой жүгірткендей болады.

Жазушының елу томдық шығармалар жинағына мақаланың осы журналдағы нұсқасы өзгеріссіз толық жіберіліп отыр.

А. Пірімбетова

“Братство наших литератур”

Мақала “Правда” газетінде 1959 жылы 8 мамырда жарияланған. Осы бойынша кейін М. Әуезовтің орыс тіліндегі 5 томдық шығармалар жинағында (М., 1973. Т. 5. С. 338–344), жиырма томдық шығармалар жинағында (Алматы: Жазушы, 1985. 295–300-бб.) басылған. Мақаланың қолжазбасы “Әуезов үйі” ФМО қолжазба қорындағы 329-бумада сақталған.

Жазушы бұл мақаласында партияның ХХІ съезі ұсынған шешімдерді жүзеге асыруға қатысты басқа мәселелермен бірге көркем әдебиет пен өнер қайраткерлері алдында тұрған жауапты міндеттерге тоқталады. Әдебиетте сол дәуірдегі маңызды тақырыптардың бірі – халықтар достығын жырлау, кеңестік өмір шындығына сай түрлі халықтар әдебиетінде ұлттық сипаттардың өзгеруі сияқты мәселелерге назар аударған. Сонымен бірге мақалада “кеңес халқы”, “коммунизм құрылысшылары”, “социалистік реализм”, “жеті жылдық жоспар”, “социалистік мазмұн”, “маркстік-лениндік эстетика”, “кеңестік шығыс”, “буржуазиялық идеологтар”, “социалистік лагерь” сияқты кеңестік саясатқа байланысты қолданылған көп тіркестер сол уақыттағы әдебиет пен көркемөнер саласындағы жүргізілген жұмыстардың партиялық ұстанымын, өзіндік ерекшеліктерін білдіреді.

1. 68-б. **Абовян Хачатур (1805–1848)** – армян жазушысы. “Армения жаралары” (1841) романы, “Тынығу кезіндегі ермек” (1864), “Бәйіттер” (1864) атты кітаптары шыққан. Ағартушы-демократ, жаңа армян әдебиеті мен тілінің негізін салушы. Этнограф, ойшыл, прогресшіл армян педагогикасының ірі қайраткері.

2. 68-б. **Ахундов Мирза Фатали (1812–1878)** – әзірбайжан жазушысы. Әзірбайжан реалистік әдебиеті мен драматургиясының негізін салушы. “Алданған жұлдыздар”, “Хаужи Кара” (1852), т.б. шығармалары басылған.

Мақала М. Әуезовтің елу томдық шығармалар жинағына газеттегі нұсқасы бойынша басқа да басылымдармен салыстыра отырып әзірленді.

К. Рахымжанов

“Әдебиетіміздің туысқандығы”

Бұл мақала ең әуелі “Братство наших литератур” деген атпен “Правда” газетінде жарияланған (1959. 8 мамыр). Ал “Қазақ әдебиетінің” 1959 жылғы 15 мамырдағы 21-санында “Әдебиетіміздің туысқандығы” атты тақырыппен аударылып басылады. Газет “Правдаға” сілтеме жасаған.

“Жазушылардың Бүкілодақтық съезі алдында” деген айдарға орайластырылып берілген мақаланың қолжазбасы сақталмаған. Бұдан кейін еш жерде жарияланбаған.

М. Әуезов шығармаларының елу томдық академиялық толық жинағына “Қазақ әдебиетіндегі” жарияланамы ешбір өзгеріссіз жіберілді.

Е. Қаныкейұлы

“Как я работал над романами “Абай” и “Путь Абая”

М. Әуезовтің көлемді мақаласы 1959 жылы “Вопросы литературы” журналының 6-санында шыққан. Кейін жазушының орыс тілінде жарияланған бес томдық жинағының бесінші томында (М.: Худож. литература, 1975. С. 439–460) жарияланған. Мақаланың қолжазбасы сақталмаған. “Жазушы еңбегі” айдарымен берілген мақалада “Абай жолы” романы, қазақ әдебиеті, қазақ әдебиетіндегі Абай Құнанбаевтың алатын орны жайында ғана емес, М. Әуезовтің өзіндік шығармашылық ерекшелігі туралы хабар беретін деректер де бар. М. Әуезовтің Абай образын терең түсініп, көркем бейнеге айналдырумен қатар, қазақ халқы тарихының бүтін бір ғасырлық суретін беру жолындағы шығармашылық еңбек барысы осы мақаладан көрінеді. Эпопеяның тууына әсер еткен алуан түрлі мәліметтер мол.

Жазушының Абайға адами, шығармашылық тұлға, халық өміріне рухани ықпал жасаған ой иесі ретінде қарауының өзіндік ерекшеліктері байқалады. Автор Абайдың адам ретіндегі, шығармашылық тұлға ретіндегі эволюциясы ақынға орасан зор тарихи міндет артып, осы міндетті терең сезіну оны трагедиялық тұлғаға айналдырғанын атап көрсетеді. Бұл мақала М. Әуезов шығармашылығын зерттеушілерге жазушы туындыларының тарихи сипаттары мен өзіндік қолтаңбасын ашуда жол сілтер еңбек болды.

1. 78-б. **Моруа Андре** – шын аты-жөні Эмиль Герцог, француз жазушысы, Француз академиясының мүшесі. Мақалада Моруаның “Байрон” романы жайында айтылып отыр. Бұл роман 1936 жылы орыс тілінде жарияланды.

2. 78-б. **“Поучительной для меня оказалась критика по адресу “Смерти Вазир-Мухтара” Тынянова”** – Мұнда М. Әуезов өзі оқыған М. Серебрянскийдің “Советский исторический роман” монографиясы (М., 1936) жайында сөз етіп отыр. Ю. Тынянов Грибоедовты декабристер ісіне сатқын-

дық жасаған адам ретінде суреттеді, шығармада пессимистік сарын бар, формализмге салынып, роман тілін күрделендіріп жіберген дейтіндей сын пікір орын алған. Бұл жайлы М. Горькийдің көзқарасы басқаша болатын. Ол Тыняновқа “Тамаша адамдар өмірі” сериясы бойынша Грибоедов жайлы кітап жаздырмақ болған (Қар.: “Наследие М. Горького и современность”. М.: Наука, 1986. С. 72). Бұл дерек Әуезовке белгісіз болатын, оны 1986 жылы С.Д. Островская жариялады.

3. 87-б. **“Одно из его замечательных стихотворений целиком посвящено охоте”** – Сөз Абайдың “Қансонарда бүркітші шығады аңға...” өлеңі жайында.

Р. Қайшыбаева

“Қазақтың халық жұмбақтары” (Кіріспе)

Бұл мақала тұңғыш рет “Жұмбақ туралы” деген атпен 1938 жылы “Әдебиет майданы” журналының 10-санында жарияланған. Тап осы басылым “Уақыт және әдебиет” (құрастырған, алғы сөзін жазған Ы. Дүйсенбаев) жинағына (Алматы: ҚМКӘБ, 1962. 294–300-бб.); он екі томдықтың 11-томына (Алматы: Жазушы, 1969. 198–205-бб.), жиырма томдықтың 17-томына (Алматы: Жазушы, 1985. 140–146-бб.), жазушы шығармаларының елу томдық толық жинағының 13-томына (Алматы: “Жібек жолы” баспа үйі, 2004. 57–64, 347-бб.) негіз болған. Бұл бес жарияланым – бір нұсқа.

1940 жылы КСРО Ғылым академиясының қазақстандық филиалы дайындаған “Жұмбақтар” (Алматы: Қаз. мем. бас., 1940. 3–10-бб.) деген кітапта “Жұмбақтар туралы” деген атпен толықтырылып қайта басылған және “Қазақ жұмбақтары” деген жинаққа (Алматы: Ана тілі, 1993. 3–9-бб.) да енген. Бұл екеуі – бір нұсқа.

Ал, бұдан соң, 1959 жылғы ең соңғы нұсқаны М. Әуезов қайта қарап, өңдеп, тағы да толықтырып, “Қазақтың халық жұмбақтары” (Алматы: ҚМКӘБ, 1959. 3–12-бб.) деген жинаққа “Кіріспе” мақала ретінде жазған. Бұл – үшінші нұсқасы. Айырмашылықтар үшеуінде де бар. Мақаланың қолжазбасы сақталмағандықтан, өзара текстологиялық салыстырулар аталған үш түрлі басылымдардың арасында жүргізілді.

Жазушы шығармаларының толық жинағына 1959 жылғы жарияланымы негіз болды. Осы соңғы нұсқаны (1959) 1938, 1940 жылғы басылымдармен салыстырғанда кездескен айырмашылықтар төмендегідей:

1959 жылғы нұсқада “Қазақ жұмбақтарын ертеде П.М. Мелиоранский... ..күнды қазына екендігі даусыз. ...Бұл жинақты...” деген үш абзац және төртінші абзацтың бірінші екі сөзі бүтіндей қайта қосылған.

Ал 1940 жылғы нұсқада бұл абзац жоқ, оның орнында болған “Міне, осымен қазақ тіліндегі бұрынғы-соңғы жұмбақтың бірталайын құрастырып, осындай бір жинақ қып беріп отырмыз.

Бұл кітапты Ғылым академиясының қазақстандық филиалы әзір өзінің қолына түскен қазақ жұмбақтарын жинастырып, олардың дұрыстарын тұтас беруге мақсат етті. Сол себепті мұнда бұрынғы жұмбақ, бүгінгі жұмбақ деп бөлген бөлектер болмады. Екінші, жұмбақ, мақал, ертегі сияқты, фольклор түрлерін жиналған ауданына қарап, аудан, өлкесі бойынша жіктейтін әдет бар еді. Мұнда ол негізді де алғамыз жоқ.

Қазіргі бірінші кітапты...” деген екі абзац және үшінші абзацтың үш сөзі 1959 жылғыда қысқарып, жоғарыда аталған жаңа толықтырулармен бір-бірінің орнын алмастырғаны белгілі болды.

“Бұрын қазақта күйеу таңдаған қыз...” деп басталатын абзацтың соңғы – “Мәселен, Әсет пен Рысжанның, Нұржан мен Сапарғалидың айтыстары жұмбақтасу түрінде жырланған” деген сөйлемі 1940 жылғы нұсқада жоқ.

Сондай-ақ “Осы жинаққа кірген жұмбақтардың ішінде трактор, аэроплан, поезд, пароход, радио, телефон сияқты жаңа техника бұйымдарының талайын атайтын жұмбақтар бар” деген (1940) абзац 1959 жылғы нұсқада қысқарған, ал 1940 жылғыда кездеспейтін “Социалистік дәуірдегі Советтік...” және соңғы “Еңбектің осы екінші басылуына...” деген қос абзац мұнда (1959) бар.

Жазушының “Қазақтың халық жұмбақтарына” (1959) дайындаған “Кіріспесі” мен “Жұмбақтар” (1940) жинағына жазған мақаласы арасындағы өзгешеліктер, айырмашылықтар, толықтырулар, міне, осындай.

“Әдебиет майданында” (1938) және әр жылдарда жарық көрген көптомдықтары (12, 20 томдық,) мен жинақтарында (“Уақыт және әдебиет”, 1962) жарияланған нұсқасын (бұлардың бәрі бір нұсқа) 1959, 1940 жылғылармен салыстыру барысында жазушы төмендегідей өңдеулер мен толықтырулар, қысқартулар мен түзетулер енгізгені байқалды.

1959 жылғы нұсқадағы “Қазақ жұмбақтары ертеде П.М. Мелионарский...” деп басталатын сөйлемнен “Енді біраз сөзбен бұрынғы ескі жұмбақ деген фольклордың қандай жайды сөз қылатынын айтып өтейік” деген сөйлемге дейінгі бір бет мәтін 1938 жылғы нұсқада кездеспеді.

“...ойының, қиялының шамасын білдіреді” – “азынаулақ шама-шарқын білдіреді”; “Осы аталған жайлар еңбекші халықтың өзіне жанасатын жақтарынан ғана алынады” – “Жұмбақтар еңбекші халықтың өміріне, тұрмысына жанасатын жақтарынан ғана алады”; “қоян тәрізді” – “қоян тәріздісі”; “паразиттер, шыбын-шіркей” – “бит, бүрге, шыбын”; “қой малына” – “қол малына” болып кездессе, “Сарқыраманың ар жағында, сылдыраманың бер жағында маңыраманы ұлыма жеп жатыр. Қынамадан жаныманы әкел”, – деген тәрізді.

Мұнда қасқырдың шаруаға келтіретін залалы көрсетілді. Сонымен қатар жұмбақ өзенді, қамысты айтады” деген сөйлемдер 1959 жылғы нұсқада қысқарған. “Жұмбақтың осылайша бір емес” – “Жұмбақтың кейде бір емес”; “Бөлім-бөлшектеріне де” – “бөлім-бөлшектеріне де (детальный)”; “Халық өзінің күнделікті жағдайындағы бар заттарды көбірек жұмбақ етеді” – “Сонда да және халық өзіне керекті жақындығы бар заттарды көбірек жұмбақ етеді”; “әбзел” – “жегу сайман”; “Мұның барлығы” – “Барлығы”; “Оны бар мүшелерін” – “Оның бар денесін, бар мүше-мүшесін” деп түзетілген.

“Барлығын шешкендегі мәнісі сол, жұмбақ топтап, жалпылап айтпайды. Жалқылап, саралап, тарам-тармағына бөліп айтады. Мал, аң деп тоқтамайды, қой, сиыр, түйе, қасқыр, түлкі деп атап айтады” деген абзац қысқарған (1959). “Заты шағын нәрселерді” – “затын жақын нәрселерді” деп түзетілген.

“Өз еліме шөп едім,
Желкідеген боз едім.
Қолға түстім қиналдым,
Он жерімнен буылдым” –

(Ши)

деген жұмбақ 1959 жылғы нұсқада кездеспеді. “Осы ерекшелік” – “аса ерекшелігі” боп түзетілсе;

“Атқа мінбейді, жаяу жүрмейді,
Күніне мың шақырым жерге барып келеді” –

(Көңіл)

деген де жұмбақ 1959 жылғы нұсқада жоқ. “...барлығын ақындық сөзбен” – “барлығын жұмбақ және де ақындық

сөзбен”; “Қоғамдық сырды” – “Қоғамдық сыр”; “ескі жұмбақтың” – “көп ескі жұмбақтың”; “еңбек иесі” – “еңбек елі”; “кәсіпшілер өздерінің күндегі айналысып жүрген заттарын сөз қылады” – “кәсіпшілер және өздерінің күндегі сайланысып жүрген заттарын сөз қылады”; “әрекет” – “харекет”; “Бұнда” – “Мұнда”; “кең ақылға байланысты түсінігінің” – “өнерленген түсінігінің”; “Көп елдің” – “Көп-көп елдердің”; “Жұмбақтарын қарасак” – “Жұмбақтарын жалғастыра қарасак”; “Бұл азан айтқан мәзінді ажуалау” – “деп азан айтқан мәзінді әжуалайды”; “ұқсас болғандықтан” – “ұқсас болған себебінен”; “трактор мен паровозды өгізге, тұлпарға” – “тракторды, паровозды ат, тұлпарға”; “Бұрын қазақта” – “Қазақта”; “ерекше орын” – “көп орын” боп өзгертілсе, “Мәселен, Әсет пен Рысжанның, Нұржан мен Сапарғалидың айтыстары жұмбақтасу түрінде жырланған” деген сөйлем 1938 жылғы нұсқада жоқ. “Жалпы жұмбақ деген сөз түрін” – “Жалпы жанның деген сөз түрін”; “жыр айтуды” – “хор айтуды”; “жұмбақтарымыз” – “жұмбағымыз”; “өлеңмен келетін жұмбақтар осы жинақтың ішінде де толып жатыр” – “өлеңмен келетіні толып жатыр”; “түрді” – “түрлі”; “олар өз мүддесі үшін, халықты алдау үшін” – “Олар өз үгітінің бетімен”; “тықпалады” – “қыстырады” болып кездеседі. “Бірақ, бұл жұмбақтар сөзі асыл, теңеуі дәл, ақындығы әсем келетін халық жұмбақтарындай емес. Тілі мақау, тегі шикі, құрғақ жамаулар” деген сөйлем 1959 жылғыда жоқ. “...тілге ұста болу мақсатымен оқиды, жаттайды” – “тілге ұстарту мақсатымен тексереді”; “Одақ көлемінде” – “совет көлемінде”; “қабырға газет” – “газет”; “Бұның” – “Мұның” болып келсе, “Еңбектің осы екінші басылуына...” деп басталатын соңғы абзац 1938 жылғы нұсқада жоқ.

1. 100-б. **Сәрсен Аманжолов** – Аманжолов Сәрсен Аманжолұлы (27.12.1903–28.01.1958) – қазақ филологиясының көрнекті қайраткері, белгілі түрколог, филология ғылымдарының докторы (1948), ҚазКСР ҒА-ның корреспондент мүшесі (1954). Бұл жерде Мұхаң 1940 жылы Қазақ мемлекеттік баспасынан жарық көрген “Жұмбақтар” жинағын айтып отыр.

2. 107-б. **Жанұзақов Телқожа** – Жанұзақов Телқожа Сейдінұлы (15.07.1927. Алматы облысы, Райымбек ауданы, Нарынқол) – көрнекті ғалым, филология ғылымдарының докторы (1976), профессор (1991). ҚР Мемлекеттік сый-

лығының, Қазақ КСР ҒА-ның Ш. Уәлиханов атындағы сыйлығының иегері.

3. 107-б. **Аманжолов Алтай** – Аманжолов Алтай Сәрсенұлы (02.06.1934. Алматы) – лингвист-ғалым, түрколог, филология ғылымдарының докторы (1976), профессор (1978).

Е. Қаныкейұлы

“Искреннее большое сорадование”

1959 жылы Мәскеуде Әдебиетшілердің орталық үйінде өткен онкүндікте өзбек жазушыларының шығармаларын талдауға қатысты жасаған бұл баяндама “Мұхтар Әуезовтің қолжазбалары” қорында сақтаулы (223-бума, “М. Әуезов. Туысқан әдебиеттер туралы мақалалар, баяндамалар”. Архив беттеуінде 107–116-бб.).

Машинкаға басылған бір данасын автор өз қолымен қысқартқан, “16/II” – деп белгілеген жерлері бар.

Баяндама кейін осы “Искреннее большое сорадование” деген атпен кітапқа (Мысли разных лет. Алма-Ата, 1961. С. 24–28) енген, “Литературная газетаның” 1959 жылғы 24 ақпандағы санына “Дискуссия окончена – работа продолжается” (“Пікірталас бітті – жұмыс жалғасуда”) деген атпен П. Қадыровтың “Три корня” – “Үш тамыр” атты романы жайында сөйлеген сөзі ретінде қысқартылып басылған.

1. 108-б. **Абдулла Кадыри** – өзбек жазушысы. Медреседі оқып, араб және парсы тілдерін меңгерген. 1915 жылдан бастап еңбектері жарық көре бастаған. Оның “Несчастный жених”, “Развратник” атты ертедегі ескі ауылдар туралы шығармалары және фельетондарында өткеннің қалдығына қарсылық білдіріледі. Гоголь мен Чеховтың шығармаларын және т.б. аударған.

2. 108-б. **“И “Сестры” Мухтарова...”** – Мұхтар Асқад – өзбек жазушысы. Орта Азиялық университеттің филология факультетін тамамдаған. “Наши предки” – “Біздің арғы бабаларымыз” атты Бұхараның тарихы туралы жазған поэмасы алғаш 1939 жылы жарық көрген. Балалар әдебиетіне де үлесін қосқан. А. Пушкин, М. Лермонтов, М. Горький, В. Маяковскийлердің және де т.б. шығармаларын тәржімелеген.

3. 109-б. **“...и Кадырова...”** – Қадыров Пірімқұл – өзбек жазушысы. 1951 жылы Ташкент университетінің шығыстану факультетін бітірген. 1950 жылдан беріде еңбектері жарық көре бастаған. Әңгімелер мен повестер жинағының авторы,

Л. Толстойды, К. Федин және т.б. шығармаларын тәржімелеген. 1958 жылы жарық көрген “Уч илдиз” (“Три корня”) романын өзбек зиялыларының жас толқынына арнап жазған.

4. 112-б. **Каравалева Анна** — орыс жазушысы. 1922 жылдан бастап еңбектері жарық көре бастады. Алғашқы шығармалары революциядан кейінгі жылдардағы ауыл өміріне арналған. 1931–1938 жылдары “Жас гвардия” журналының бас редакторы болды. “Атамекен” триологиясы үшін 1951 жылы КСРО Мемлекеттік сыйлығына ие болды.

А. Қуанышбаев

“Оңтүстік сапарынан”

Бұл Әуезовтің шығарма жазу мақсатында Оңтүстік Қазақстан облысына барған сапарынан кейін (1959 жылдың қыркүйек, қазан айлары) жазылды. Очерк алдымен “Социалистік Қазақстан” газетінің қазан айының 22, 23, 25, 27 күндеріндегі сандарында жарияланды. Келесі жылында “Алғы шептегілер” деп аталатын очерктер жинағына (Алматы: ҚМКӘБ, 1960. 3–28-бб.) енді. Осыдан кейін он екі (Алматы: Жазушы, 1967. 3-т. 79–100-бб.), жиырма томдық (Алматы: Жазушы, 1980. 67–88-бб.) шығармалар жинағының 7-томында басылды.

Негізінде очерк алдағы жазылар шығармасының кейбір тарауларының жалпы нобай-жоспары сияқты. Оны романның (“Өскен өркен”) екінші тарауының бас жағындағы “Бұл бөлімше бұрын жазылған материалды тыңайтып, романша жаңартып өсіре пайдалану қалпында қаралатын болады. Бұрын жазылған Оңтүстік жөніндегі біраз деректі жайлар осы бөлімнің негізгі мазмұны болады. Тақырыбы да сол бұрын жазылған шығармалар іргесінен тарайды” деген ойы көрсетеді. Соңынан мұны ұлғайтып, көркемдеп жетілдірмек болған. Сонда облыстың оңтүстік, солтүстігіндегі аудандарды түгелге жуық аралап, сондағы мал, ауыл шаруашылығы, егіншілігі, өндірісі, экономикасы, тарихы мен мәдениетіне қатысты дүниелердің барлығына назар аударды. Осындағы көрген-сезген, ойына тоқығандарын “Талап та, тақырып та осы мақта”, “Қадімнен мәлім Қаратауда”, “Қаратау тәжі – Кентау”, “Баға жетпес қасиеттер жайында” деген тақырыптар төңірегіне топтастырды. Осылардың өзінен-ақ қаламгердің үлкен құлшыныс, күш-қуатпен ауқымды еңбекке бет алғандығы аңғарылады.

Облысқа келісімен әңгіме ауаны мақтаға қарай ойыса беретінін көрді. Сондықтан да елмен таныстықты ең алдымен мақталы аймақтардан бастағанды жөн санады. Мұның өзі жаңа заман шындығын тарихи шығармаларындағыдай кең, мол толғасам деген алдағы бағытын мүлде бекітіп, орнықтыра түсті.

“Абай жолы” біткеннен кейінгі бүкіл ой-мақсаты осындай ұстанымдарға бағытталса, оның бастамасы осы очеркінен өзек алды. Өйткені жаңа роман жазуға ықылас-ниеті біржола ауған кездегі сапарының өзгешеліктері шығарма елесін көлденең тартты. Сондықтан да болған жерінің, ортасының барлығында да кіммен сұхбаттаспасын, көз алдында шығарма тұрды, көріп-білгендері мен сезіп-түйгендері осы тұрғыдан әсерлендірді, сондағы шығармаға жарарлығы ойынан кетпеді. Болашақ кейіпкерлерінің үй-іштік, жеке бастық, тұрмыстық, әлеуметтік жағдайлары мен хал-күйлерін, өмірдегі, еңбектегі қам-қарекеттерін жеріне жеткізе көрсетсем, көркемдеп жеткізсем деген ойларының жүзеге асуына ел адамдарының, ауыл, аудан, облыс басшыларының өлшеусіз көмегі тиді.

Алғашқы сапарындағы көрген, сезген, көз алдынан өткергендерінің барлығын очеркінде тұтас қамтуды мақсат тұтпады, түйінді-түйінді деген тұстарын ғана жазды. Бұлардың ешқайсысы кейін романынан шет қалмайтынын, қазіргі деректерінің қайсысы қай тұсқа қалануы керектігін өзінің қойған, сызған белгілері көрсетеді.

Т. Әкім

“Шаяндағы шешен Керекең”

Бұл очерк “Өскен өркен” романына деректер жинау мақсатымен 1960 жылдың көктемінде Оңтүстік өңіріне екінші рет барған сапарынан соң жазылды. Сол жолы жазушы Шаян ауданының шаруашылықтарын аралап жүріп шопан Керімбек Мамановтың үйінде болады. Керімбекті (очеркте Керімқұл) осы өңірді былтыр аралап жүрген кезінде кезіктірген (538-бума, 25-б.), одан кейін малшылардың облыстық жиынында сөйлеп тұрған сәтінде көрді. Бұл мезетті қойын дәптеріне “Шибарқыт мешбет, қара тақия, шаш алынған, шоқша сақалында сәл ғана қара бурыл бар, даусы шықпайды, қолмен жест жасайды — бытовое казак” — деп жаза отырып, оның: “Бірінші мәрта, анақ-мынақ әңгімеге қызықпайтым, малды ерінбей бағам, қой он сегіз сағат жайылат” деп жергілікті сөздерді қолданатынын айтыпты. Бұған дейін дүниеге келген “Оңтүстік сапарынан” очеркінде “Ал әзірге біздің келе жатқан жолымызда әр беткейден ассақ, төскейден аққан бұлақ, бастау, тегіс түкті өлкелер, ырысы мол өңірлер екені айқын танылады” деген жолдардың тұсын, астын сызып: “Бұларды Карпов көріп-білуі керек” дегенді жазыпты. Бұл жерде малшылар тұрмыс-тіршілігіне айрықша көңіл аударған Карповты қаламгер осы шопанның отбасында болғыздырады. Киіз үйді алғаш көрген кейіпкер “Менің сенімен алғаш ұшырасуым” дейді. Сонда үй іші көріністеріне, ондағы қатар-қатар сандықтар үстіндегі жиылған әр түсті, әртүрлі бояулы үлкенді-кішілі көрпе-жастықтар мен іргеде ілулі тұрған киім үлгілеріне қарап отырып ойға беріледі. Осындағы “Мысалы, бәріміз осында бүгін қонатын болсақ, тегі, қатар жататын боламыз ғой” деген ойы тұрмыстың әсіресе қыста қалай болатынын, жуынып-шайынудың қиындығын елестетеді. Осыларға сын көзбен, біртүрлі аянышпен қараса да, онда қамқорлық ой басым жатады, енді оны қалай жақсартып, қалай жеңілдетудің жолдары бар деген ойлар мазалайды. Кейін романында осының айналасында шопандар өмірі туралы қаншама мәселелерді

топтастырады, шешімін күткен проблемалық ситуацияларға айналдырады.

Очерк алғаш рет “Қазақ әдебиеті” газетінің 1960 жылғы 8 шілдедегі санында жарияланды. Одан кейін қаламгердің жиырма томдық шығармалар жинағында (Алматы: Жазушы, 1980. 7-т. 102–107-бб.) басылды.

Т. Әкім

“Америка әсерлері”

Мұхтар Әуезов кеңес жазушыларының сапында 1960 жылдың ақпан, наурыз айларында Америка Құрама Штаттарында болды. Делегация құрамына Алексей Щипачев, Леонид Леонов, Олесь Гончар енді. Осы елге баратындығын 1959 жылдың басында естіген. Сонда жіберген телеграммада делегацияны Константин Федин басқаратындығы көрсетілген, дәл жүрер кезде құрамының да, басқарушысының да өзгергенін білді.

Осы елге баратындығы жөніндегі хабарды алысымен, елдің өткені мен бүгінін, болашағын білмекке, ұғынбаққа күш салды. Осы ниет, мақсатпен ең алғаш оқығандарының бірі – “Үлкен Совет Энциклопедиясының” 39-томындағы көлемді мақала. Мақаланы қиып алып, оны сызып, әртүрлі белгілерін қоя отырып мұқият оқыған. Сондағы білмекке ұмтылдырғаны осы бір алып елдің шаруашылығы, өндірісі, жағрафиялық ерекшеліктері, табиғаты, адам қолымен жасалған құндылықтары, түрлі-түрлі саяси, әлеуметтік ағымдары, тарихы, мәдениеті, әдебиеті, ғылымы, өнері, философиясы еді. Осылардың ішінде әдебиетіне деген ықыласының айрықша екендігі көрінді. Бұндағы шығармашылығы XVII ғасырдан бастау алатын Дж. Смит, Дж. Уинтроп, У. Бредфорт, В. Франклин, Т. Пэн, Т. Джеффрсон, Ф. Френо, Дж. Барлод, Т. Дуайт, Ф. Купер, У. Уитмен, Ф. Брет-Гарт, М. Твен, Т. Драйзер, Э. Колдуэлл, Э. Синклер, Т. Уайлдер, Э. Хемингуэй сияқтылар әдебиеттің ірі өкілдері саналады.

Әрине, бұл өзінің осындай бағыттағы алғашқы сапары емес, сондықтан өз қалауларымен жүріс бағытын өзгертуге болатынын біледі. Мұнда да солай болды. Чикаго, Детройт секілді техникасы, завод-фабригі, түрлі-түрлі жарыс, бәсеке, компаниясы мол қалалардың үнсіз-түнсіз көрініс-келбетімен танысқаннан гөрі қайшылығы, бір-бірінен айырмашылығы алшақ өлке-аймақтарды көріп-білгенді жөн санады. Нью-Йорк, Вашингтон, Бостондай қалаларынан бөлек, жағрафиялық

аумағы кең, мемлекеттің екінші бір қиыры саналатын Калифорнияны, одан кейін Американың байырғы тұрғындары мекендейтін үндістер резервацияларын көрмекті ниет етісті. Сонда елдегі әр алуан, әртүрлі халықтардың өмірімен, тыныс-тіршілігімен, түрлі-түрлі топ өкілдерімен танысып, дидакталасты, пікір алмасты, сұхбаттасты, біраз штаттарында болып, олардың мақсат-мүдделерінен хабардар болды. Сол елдің күні мен түні, таулары мен даласы, теңізі мен өзені, көлдері, аптабы мен желінен бастап адам қолымен жасалған құндылықтарын барынша көріп-білмекке тырысты. Қорықтарындағы төрт-бес мың жылдық саквойя ағаштарына ежелгі мамонттардың, Илиада, Кейқауыс, Рүстемнің замандасы деп қарады. Американдықтардың өздерінің біріне ұнаса, біріне ұнамайтын Нью-Йоркті техникалы, ғылымды, өнерлі замандағы адамзат ізденістерінің жемісті ескерткішіне, “Манхэттен аспанына мәңгіге қалатын тозбас тастан соғылған поэмаға” теңеді. Бүкіл елге тарайтын ең ірі телекомпания өздерімен сұхбат өткізгенде “Абай жолы”, фольклор, өзі туралы айта келіп, қазақ халқында бүгінге дейін фольклордың дамып, өркендеп отырғанын әңгімелейді. Егер осында жетсе, бұндағылар жаңа Гайаваталар тапқандай, жаңа Америка ашқандай болар еді дейді. Өзі осы үшін ғана бұл елге келуге болатынын айтады.

Сапардан оралысымен өзінің ой-толғаныстарын диктовкамен жаздыруды бастайды, бірақ ажал оның аяқталуына мүмкіндік бермеді. Сонда Вашингтон, Нью-Йоркте болған кездері ғана баяндалды. Бұларды жазылар беттердің төрттен немесе бестен біріндей ғана десе де болады. Сол біткен тарауы өзі қайтыс болғаннан кейін “Қазақ әдебиеті” газетінің 1964 жылғы шілде айының 8, 10, 17, 24 күндеріндегі сандарында жарияланды. Осыдан кейін он екі (Алматы: Жазушы, 1967. 3-т. 358–391-бб.), жиырма томдық шығармалар жинағында (Алматы: Жазушы, 1981. 8-т. 273–309-бб.) басылды. Түпнұсқасының жоқтығынан бұларды бірімен-бірін салыстыруға мүмкіндік болмады да, жиырма томдықтағы басылымы өзгеріссіз берілді.

Т. Әкім

“Америка сапары” (Жолжазбалар)

Мұхтар Әуезовтің бұл жолжазбалары 1960 жылдың ақпан және наурыз айлары ішінде жазылды. Олары үш блокнот-дәптерден тұрады. Бірінші дәптердің алғашқы бетіне: “Мұхтар Әуезов. 1960. Копенгаген, отель “Европа”, 1008-комн. Вашингтон, отель “Шорм” (16). Нью-Йорк, “Барбизон плаза”, 1803-комн. 16/II–27/II (11 күн); екінші дәптерге – “1) Фресно (Калифорния), мотель (9) аты “Насиенда”. 2) Лос-Анджелес, “Чайман парк” (532), Феникс, отель “Весвард Хо” (на западе), 812; үшінші дәптерге – 1) 1960, март (9/III). Феникс, “Весвард Хо” (на западе), 812. 2) Вашингтон, “Стэтлер (847). 3) Бостон, “Шератон плаза” отель (478). 4) Нью-Йорк парк, “Шератон плаза” отель (767)” деп жазған. Бірінші дәптер архивтің беттеуінде 226–276, екінші дәптер 277–327, үшінші дәптер 328–349 беттерді қамтиды (392-бума).

Осы жолсапарлар араб, кирилл әріптерінде жазылған.

Бұл ретте жазушының бұған дейінгі Индия, Жапония сапарларының жолжазбалары түгелдей дерлік араб әрпінде болса, бұл жолы оны сиректеу қолданыпты. Сонда қаламгер елді жай ғана көруші, аралаушы ғана емес, бәрін де қалт жібермей жіті бақылайтын, дәл, дәп танитын, таңдау, талдау сүзгісінен өткізетін көреген, қырағы саралаушы, сондағы көріп, білгендерін кейінгі ұрпаққа жеткізуші, таратушы болып көрінеді. Ол алғашқы күннен бастап қашан қайтқанға дейін ондағы алуан-алуан көріністерді күн демей, түн демей, мейлі поезд, мейлі автобус, мейлі ұшақта болсын, әрбір көріністі талмай қадағалап, қойын дәптеріне түсіріп отырды. Алыс, ұзақ жолдар тұсында да ол тыныштық іздеп, демалудың орнына көргендерінің барлығын көңіл-көкейіне тоқумен болды. Сондағы көргендерін өз еліміздің кейбір өлке-аймақтарымен салыстырып, ұқсастықтар тауып отырды, оны Калифорния мен Аризона, Колорадо, Бостон штаттары төңірегінен тапқандай болды. Осындағы көрініс, табыс, жетістіктерге қарап, өз елінің жақындағы болашағы осындай болса етті дегенді үнемі ойлаудан танбады.

Т. Әкім

“Манас” – киргизская народная героическая поэма”

Қырғыздың батырлық эпосы “Манас” туралы М. Әуезов зерттеуінің алғашқы нұсқасы 1934 жылы жазылды. Осыдан бастап оның (1934–1954 жылдар аралығында) бес түрлі нұсқасы (176-бума) дүниеге келді. Ал 1959 жылы шыққан “Әр жылдар ойлары – “Мысли разных лет” (Алматы: ҚМКӘБ) деп аталатын мақалалар, зерттеулер жинағында шыққаны да бірсыпыра өңдеу-жөндеулерге ұшырады. Осы еңбектің ықшамдалған нұсқасы Зейнолла Қабдоловтың аударуында “Қырғыздың батырлық эпосы “Манас” (Алматы: ҚМКӘБ, 1962. 175–205-бб.) атты кітапта, одан кейін он екі томдық шығармалар жинағында (Алматы: Жазушы, 1969. 102–163-бб.) шықты. Жиырма томдық басылымында (Алматы: Жазушы, 1985. 66–163-бб.) орысша нұсқасы берілді. Басқа нұсқасында жоқ кіріспені (Введение, 182-бума) 1948 жылғы нұсқасына арнап өз алдына бөлек жазған екен, ол да қалпына келтірілді. Осылардың ішінде кейбіреулерінен нұсқалық деңгейге көтерілгендей сипат байқалмайды. Дегенмен жиі-жиі айналып соғып, көңіл аудара берген соң ірілі-ұсақты түзетулер, өңдеулер, жетілдірулер енгізіп отырғандығы көрінеді. Осылардың ара-арасында көптеген жиын-конференциялардағы талқылауларда баяндамалар жасап, жарысөзге қатысқандағы жазбалары бұл салаға қаншалықты еңбек сіңіргенін көрсетеді. Әсіресе елуінші жылдардың басында бұл мұраны халықтық мұра ма, мұра емес пе деген даулы, сынды кезеңде оның халықтық мұра екенін дәлелдеуде М. Әуезов айтып жеткізгісіз еңбек сіңірген. Әртүрлі келеңсіз ойлар, орынсыз кінәлаулардан аса бағалы мұраны қорғап қалғаны ерлік саналады. Бұл нұсқаның машинкада басылған жалғыз данасы сақталып қалғандықтан, оны бірімен-бірі салыстырудың мүмкіндігі болмады.

Т. Әкім

МАЗМҰНЫ

I. МАҚАЛАЛАР	3
О труде многолетнем и вдохновенном	5
Народный “Бустан”	54
60-летие академика Каныша Имантаевича Сатпаева	58
Братство наших литератур	63
Әдебиетіміздің туысқандығы	70
Как я работал над романами “Абай” и “Путь Абая”	77
Қазақтың халық жұмбақтары (Кіріспе)	100
Искреннее большое сорадование	108
II. ОЧЕРКТЕР МЕН ЖОЛЖАЗБАЛАР	115
Оңтүстік сапарынан	117
Шаяндағы шешен Керекең.....	151
Америка әсерлері.....	155
Америка сапары (Жолжазбалар)	191
III. ЗЕРТТЕУ	253
“Манас” – киргизская народная героическая поэма	255
IV. ҒЫЛЫМИ ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР	381

ӘУЕЗОВ МҰХТАР ОМАРХАНҰЛЫ

Шығармаларының елу томдық толық жинағы

38-том

Академиялық ғылыми басылым

*М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
ғылыми кеңесінде бекітіліп, баспаға ұсынылған*

Баспа жобасының жетекшілері:

С. Назарбаева, Б. Қанапиянов

Редакторлары: *Б. Хабдина, Б. Мұсахан, А. Шаихова*

Көркемдеуші редакторы *С. Оспанова*

Техникалық редакторы *Н. Ромахова*

Компьютерде беттеген *И. Селиванова*

Басуға 10.07.2014 ж. қол қойылды.
Пішімі 84x108 ¹/₃₂. Офсеттік қағаз.
Қаріп түрі “Таймс”.
Шартты баспа табағы 21,4.
Таралымы 4000 дана.
Тапсырыс № 1326.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: gpik-dauir81@mail.ru

“Жібек жолы” баспа үйі
050000, Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 50.
Тел.: 272-65-01, 261-11-09.

ISBN 978-601-294-180-7



9 786012941807